

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

“Шет тилдер ” факультеті

“Қазақ тілі мен әдебиеті” кафедрасы

**“ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ”
ПӘНІН
ИННОВАЦИОН ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАНБА

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

Қазақ тілі мен әдебиеті бағытының бакалавр басқышы
үшін

“ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ”
ПӘНІНЕН

ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

Педагогикалық жоғарғы оқу орындары бакалавр басқышында оқитын білімгерлер үшін “ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ” пәнінен оқу-әдістемелік кешені.

Науаи, 202 бет.

Оқу-әдістемелік кешені «Қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесі» пәні негізінде жаратылған болып, онда лекция-мәтіндерді үйрену бойынша бакалавр тәлім бағыты үшін мемлекеттік білім стандарты, оқу дәстүрі, оқу қолданба, тәлім технологиясы, көргезбелі слайдтар, тест сұрақтары, курс жұмысы және кәсіптік бітіру жұмысы тақырыптары көрсетілген.

Оқу-әдістемелік кешені жоғарғы оқу орындары бакалавр басқышында оқитын білімгерлер үшін ұсынылады.

Сонымен бірге оқу-әдістемелік кешенінен оқытушылар, аспиранттар, ғылыми ізденушілер пайдаланулары мүмкін.

Оқу-әдістемелік кешені Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының 2013 жыл _____ дағы мәжілісінде талқыланған және _____ -сан қаулысымен ұсынылған.

Кафедра меңгерушісі _____
(қолы)

Оқу-әдістемелік кешені _____ факультет оқу-әдістемелік комиссиясының 2013 жыл _____ дағы жиналысында талқыланып қолдануға ұсынылған.

Оқу-әдістемелік комиссия
төрағасы _____

(Аты - жөні)

Шет тілдер факультеті
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының № 1 – жиналысының
Х А Т Т А М А С Ы Н А Н
К Ө Ш І Р М Е

Төрайымы: Г.Кумакбаева.

Хатшы: Ғ.Сарманова

Қатынасқандар: жиналыс төрайымы, аға оқытушы Г.Кумакбаева, Ж.Узақбаева, оқытушылар: Е.Айменова, Ғ.Сарманова, Г.Эгамкулова.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

1. Кафедра профессор-оқытушылары жағынан дайындалған « 5111300 - Ана тілі мен әдебиеті » бакалавр басқышында оқитын білімгерлерге өтілетін пәндер бойынша тәлім технологиялар кешендерінің дайындалуы туралы.

Тыңдалды: Кафедра меңгерушісі сөзге шығып, «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасында 1-8 семестрлерде өтілетін «Қазіргі қазақ әдеби тілі», «Қазақ әдебиеті тарихы», «Қазақ тілін және әдебиетін оқыту методикасы», «Әдебиет теориясы», «Көне түркі тарихы», «Қазақ әдеби тіл тарихы», «Қазақ диалектологиясы», «Қазақ балалар әдебиеті», «Тіл білімі негіздері», «Жалпы тіл білімі», «Қазақ тілі стилистикасы», «Түркі жазулар тарихы» тағы басқа пәндер оқытылатындығын айтып өтті. Тәлім-тәрбие жұмыстары барысында жақсы нәтижеге ерісу үшін дайындалған тәлім техногиясының орны мен маңызы ерекше болып, оны шығармашылыққа жандасқан түрде істеп шығару болашақ оқытушыларды дайындауда маңызды рол атқаратынын айтты. Осы мәселе бойынша кафедра профессор-оқытушыларының өз пікірлері сұралды.

Сөзге шықты: Кафедра профессор-оқытушылары Е.Айменова, Ғ.Сарманова, Ж.Узақбаева, Г.Эгамкуловалар сөзге шығып өздеріне тиісті пәндер бойынша тәлім техногияларын өз уақытында талап дәрежесінде дайындағандықтарын айтты.

Содан соң жиналыс төрайымы Г.Кумакбаева сөзге шығып, кафедра профессор-оқытушылары оқу-әдістемелік кешендерді түгел дайындап болғандығын айтып, оны көріп шығуды факультет оқу-әдістемелік кеңесінен сұрау пікірін кіргізді.

ЖИНАЛЫС ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Кафедра профессор-оқытушылары жағынан «5111300 - Ана тілі мен әдебиеті» бакалавр басқышында оқитын білімгерлеріне өтілетін пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің дайындалу дәрежесі жоғары, талапқа жауап береді.

2. Оқу-әдістемелік кешендерді көріп шығу факультет оқу-әдістемелік кеңесінен сұралсын.

Жиналыс төрайымы: Г.Кумакбаева.

Хатшы: Ғ.Сарманова

Науаи мемлекеттік педагогика институты «Шет тілдер» факультеті
«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы Г.К.Кумакбаеваның
«Қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесі» пәнінен
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының бакалавриатура тәлім басқышы
бойынша құрастырған тәлім технологиялары кешеніне

ЭКСПЕРТ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Өзбекстан Республикасының «Тәлім туралы заңы»(1997), « Кадрлер дайындаудың ұлттық дәстүрі»(1997) да мемлекетіміздің өркендеуі жолында тәлімнің жоғары саты да тұруы көзделгендігі оқытудағы өте үлкен міндетті жүктеп отыр. Қазіргі заманалық пәндерде күрделі жағдайлар, универсал технологиялар мен байланысты жаңалықтар енгізу күннен күнге алдыңғы орынға шығуда.

Мемлекетімізде кемел ұрпақты өсіру, білімді, шығармашылықпен шұғылданатын жастарды жан-жақты қолдап-қуаттау, дарынды жастардың әлеуметті белсенділігін, мәдени-рухани құндылықтарын өркендетудегі үлгі қызметін ынталандыру мақсатында көптеген істер жүзеге асырылуда.

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушылары шәкірттердің өз тілін жақсы меңгеріп, ұлттық салт-дәстүріміздің мән-мағынасын терең түсініп, үйренуін жақсы жолға қойуы керек.

Бүгінгі білімгер – ертеңгі маман, еліміздің болашағы, зиялы қауымы. Жоғары оқу орындарында білім алған жастар өздері таңдаған мамандықтары бойынша ғана білім негіздерін игеріп қоймай, оған қосымша эстетикалық, мәдени құндылықтарын қалыптастырып дамытуы керек.

Оқу-әдістемелік кешені «Қазақ тілін оқыту методиксы » пәні негізінде жаратылған болып, онда пәнді үйрену бойынша бакалвр тәлім бағыты үшін мемлекеттік білім стандарты, оқу дәстүрі, тәлім технологиялары, көргезбелі слайдтар, тест сұрақтары, курс жұмысы және кәсіптік бітіру жұмысы тақырыптары көрсетілген.

Оқу-әдістемелік кешені жоғарғы оқу орындары бакалавр басқышында оқитын білімгерлер үшін ұсынылады.

Науаи мемлекеттік педагогика институты «Шет тілдер» факультеті
«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы Г.К.Кумакбаеваның
«Қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесі» пәнінен құрастырған тәлім
технологиялары кешеніне

ЭКСПЕРТ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Елбасымыз И.А. Каримов «Өзбекстан Республикасының топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - әр бір азаматтың парызы», - деп айтқанындай мемлекеттік тілді дамытуда, қоғамдық ортада, әлеуметтік қоладану аясын кеңейтуде біраз шаралар жүзеге асырылуда.

Ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайту - бүгінгі басты міндет.

Қазақ тілін тереңдетіп оқытуда оқушылардың икем - дағдысын қалыптастыру, яғни талдауға машықтандыру, өзіндік пікір айтуға, әдеби таласқа баулу, ауызекі, шебер де шешен сөйлеуге, бедерлі, айшықты, сұлу жазба тілінің дамуына, оқушылардың өз шығармашылығына баса көңіл бөлу керек.

Тәуелсіз еліміздің алдындағы ең басты мақсат – болашақта экономикасы мықты дамыған елге айналумен қатар, мәдениеті, ғылымы, әдебиеті, көркемөнері, тілі жоғары дәрежедегі өркениетті елдер қатарына қосылу екені түсінікті. Қазақ тілін оқытудың мазмұны мен әдіс – тәсілдерін анықтауды теориялық жағымен бірге практикалық та маңызы бар.

“Қазақ тілін оқыту методикасы” пәнінен жазылған оқу-әдістемелік кешені қазақ тілі мен әдебиеті бағытының бакалавр басқышы үшін түзілген. Студенттердің қазақ тілін меңгерген теориялық білімін мектепте тәжірибеде қолдана білудің әдіс-тәсілдеріне машықтандырып, сабақ құрылымын жетік игеруге төселдіреді. Жаңа педагогикалық технологиямен сабақ жүргізу дәстүрден тыс сабақ түрлеріне жаттықтыруды мақсат етеді

Навоний давлат педагогика институти Хорижий тиллар факултети

Илмий кенгаши йиғилиш баённомасидан

КЎЧИРМА № 1

Навоний

20 йил сентябрь

Ранс:

Илмий котиб:

ҚАТНАШДИЛАР: Факултет илмий кенгашининг барча аъзолари

КУН ТАРТИБИ:

4. Турли масалалар.

1.Кафедра профессор-укитучилари томонидан тайёрланган бакалавриатура учун «Умумий тилшунослик», «Қозоқ тили стилистикаси», «Қозоқ тилининг тарихи грамматикаси»,«Қадимги туркий тили», «Тил билими асослари», «Хозирги қозоқ адаби тили», «Туркий ёзувлар тарихи», «Қозоқ адабий тили тарихи», «Жахон адабиети», «Қозоқ диалектологияси», «Қозоқ тили ва адабиетини ўқитиш методикаси», «Қозоқ адабий тили тарихи», «Жахон адабиети», «Қозоқ адабиёти тарихи», «Қозоқ болалар адабиёти» ва бошқа фанлардан ўқув-услубий мажмуларнинг таёрланганлиги ҳақида.

Сузга чиқди: Илмий Кенгаш раиси факултет декани, доцент Қ.Д.Тўхтаева

Қозоқ тили ва адабиети кафедра профессор-укитучилари томонидан таёрланган **511300 - Қозоқ тили ва адабиети** бакалавриатура учун «Умумий тилшунослик», «Қозоқ тили стилистикаси», «Қозоқ тилининг тарихи грамматикаси», «Қадимги туркий тили», «Тил билими асослари», «Хозирги қозоқ адаби тили», «Туркий ёзувлар тарихи», «Қозоқ диалектологияси», «Қозоқ адабиёти тарихи», «Қозоқ тили ва адабиетини ўқитиш методикаси», «Қозоқ болалар адабиёти», «Қозоқ адабий тили тарихи», «Жахон адабиети» ва бошқа фанлардан ўқув-услубий мажмуаларнинг таёрланганлиги туғрисида фикр-мулохазаларингизни билдиришларингизни сурайман.

Сузга чиқди: доц. А. Х. Рахмонова сузга чиқиб,

Юқорида кўрсатилган фанларидан кафедра профессор-ўқитувчилари томонидан тайёрланган таълим технологиялари мажмуаси замон талаблари асосида, инновацион педагогик технологияларни қўллаш техникаси очиб берилганлиги ҳақида тўхталиб ўтди. Ўқув услубий мажмуада “Ақлий ҳужум”, “Кластер”, “Нима учун”, “Қандай”, “ФСМУ”, “Муаммо”, “Тушунчалар таҳлили”, “Венн диаграммаси”, “Т-органейзери”, “БББ”, “Эссе”, “Глоссари”, “Чархпалак”, “Қарама-қарши муносабат”, “Фидбэйк”, “Ассисмент”, “Агар мен...”, “Хулосалаш”, каби интерфаол таълим технологияларидан фойдаланилганлигини айтиб ўтди. «Қозоқ тили ва адабиетини ўқитиш методикаси», «Қадимги туркий тили», «Тил билими асослари», «Хозирги қозоқ адаби тили», «Умумий тилшунослик», «Қозоқ тили стилистикаси», «Қозоқ тилининг тарихи грамматикаси», «Туркий ёзувлар тарихи», «Қозоқ диалектологияси», «Қозоқ адабиёти тарихи», «Қозоқ болалар адабиёти» ва бошқа фанлардан кафедра профессор-ўқитувчилари томонидан тайёрланган таълим технологиялари мажмуаси қўйилган талабларга тўла мос келади ва таълим тизимида талабаларни ўқитишда қўллаш ўз самарадорлигини беради.

Юқорида билдирилган фикр-мулохазалардан келиб чиқиб, йиғилишда

ҚАРОР ҚИЛИНДИ:

1. Кафедра профессор-ўқитувчилари томонидан бакалавриатура учун барча фанларидан ўқув-услубий мажмуалари тайёрланган ва тугатилган деп топилсин.

2. Кафедра профессор-ўқитувчилари томонидан тайёрланган бакалавриатура учун барча фанларидан ўқув-услубий мажмуа институт ўқув-услубий Кенгашидан кўриб чиқиш сўралсин.

ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН МАЗМҰНЫ

- 1.Өзбекстан мемлекеттік тәлім стандарты
- 2.Оқу дәстүрі
- 3.Жұмыс бағдарлама
- 4.Тәлім технологиялары
- 5.Тапсырмалар және жаттығулар жинағы
- 6.Тест сұрақтары
- 7.Бақылау үшін түзілген сұрақтар
- 8.Жалпы сұрақтар
- 9.Үлестірмелі материалдар
- 10.Глоссарий
- 11.Реферат тақырыптары
- 12.Әдебиеттер тізімі
- 13.Тірек ұғым
- 14.Лекция мәтіндер жинағы
- 15.Қосымша жаңалықтар
- 16.Курс жұмысы тақырыптары
- 17.Аннотациялар
- 18.Автор туралы мәлімет
- 19.Пайдалы кеңестер
- 20.Бағалау өлшемдері

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Тіркелді

№ БД 5111300-3.03

2011 жыл 17 ноябр



**ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ**

пәнінен бағдарлама

Білім саласы: 100000 – Гуманитар
Оқыту саласы: 110000 – Педагогика
Оқыту бағыты: 5111300 - Ана тілі мен әдебиеті
(Қазақ тілі және әдебиеті)

Ташкент-2011

Пән бағдарламасының қалыбы Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі, кәсіптік білім бағыттары бойынша Үйлестіру кеңесінің 2011 жыл 1 ноябрдағы 4 - сан мәжілісінде мақұлданған.

Пән бағдарламасы Низами атындағы ТМПУ-де істеп шығарылды және басқа жоғары оқу орындарымен келісілді.

Түзушілер:

- Абдувалитов Е. - Қазақ тілі мен әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасы меңгерушісі, п.ғ.к., доцент
- Егізбаева А. - оқытушы

Пікір жазғандар:

- Кудьярова Ш. - Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент
- Нишанова Г. - Республика білім орталығы филология пәндері бөлімінің әдіскері

Пән бағдарламасы Низами атындағы ТМПУ-дің Ғылыми-әдістемелік кеңесінде ұсынылған (2011 жыл 13 октябрдағы 3 - санды хаттама).

Кіріспе

Қазақ тілі және әдебиетін оқыту теориясы мен әдістемесі - теориялық курс. Бағдарлама қазақ тілі мен әдебиеті бағытының бакалавр басқышы үшін түзілген. Студенттердің қазақ тілі мен әдебиетінен меңгерген теориялық білімін мектепте тәжірибеде қолдана білудің әдіс-тәсілдеріне машықтандырып, сабақ құрылымын жетік игеруге тәсілдіреді. Жаңа педагогикалық технологиямен сабақ жүргізу дәстүрден тыс сабақ түрлеріне жаттықтыруды көздейді.

Пәннің мақсаты мен міндеттері

Пәннің мақсаты - негізгі теориялармен қаруландыру, ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет беру, студенттерге қазақ тілі мен әдебиетін оқыту методикасының негізгі құралдарынан теориялық білім мен практикалық дағды беру, болашақ мұғалімдерді өз кәсібінің сырларын терең меңгерген, шәкірттерге білім беріп, тәрбиелеуге әзір, сөйлем мен көркем шығарманы талдау білімін терең меңгеріп, оны оқушыларға түсіндіре алатындай етіп дайындау.

Пәннің міндеті - қазақ тілі және әдебиетін оқыту теориясы мен әдістемесі осы пәндернен білім берудің технологиясын үйрету. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда мұғалім жұмысының әдістері мен тәсілдерін принциптік жолмен негіздеп беру.

Пән бойынша студенттердің біліміне, дағдысы мен іскерлігіне қойылатын талаптар

Бұл пән бойынша студенттер білім мен дағдыға қойылатын талаптар төмендегілерден тұрады: студенттер қазақ тілі мен әдебиетін оқыту методикасынан алынған теориялық білімдерді практика жағынан қаруландыру керек. Сондай-ақ, жалпы тіл білімін лингвистикалық тұрғыдан теориялық және практикалық жақтан талдай алу және *білу қажет*.

Лингвистиканың жалпы тілдік теориясы болып табылатын бұл пән - негізгі теориялармен қаруландыру, ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет бере отырып *дағдыға ие болу керек*.

Лингвистикадағы арнаулы әдіс, әдістемелердің сырын ашу, тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысын анықтау, білім беру құралдарының жиынтығы ретінде қаралатындығы, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінен теориялық білім мен практикалық дағды беру құралдарын зерттейтіндігі, білім беру құралдарының тілдің даму заңдылықтары, зерттеу әдістерін сұрыптап қажетті түрге келтіруді айқындайтын *іскерлікке ие болу керек*.

Пәннің оқу жоспарындағы басқа пәндермен әдістемелік байланысы

Қазақ тілі және әдебиетін оқыту теориясы мен әдістемесі негізгі мамандық пән болып 6 семестрде өтіледі. Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысына тоқтағанда, лингвистиканың дербестігі барлығы, басқа ғылымдарға қосымша нәрсе еместігі түсіндіріледі. Қазақ тілі және әдебиетін оқыту теориясы мен

әдістемесі пәні педагогика, психология, география, тіл, әдебиет және бейнелеу пәндерімен тығыз байланысты.

Пәннің білім берудегі орны

«Қазақ тілі және әдебиетін оқыту теориясы мен әдістемесі» теориялық және тәжірибелік жаттығулар өту негізінде студенттерді шығармашылыққа баулу оларды анализ жасау, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету, талдау әдістерінің - фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік талдау әдістерінің өзіндік ерекшеліктері, түрін өзгерту, мазмұндама әдістері үлгілеріне талдау жасау, практикум және конкурс сабақ үлгілеріне талдама жасау, шығарманы сыныпта және үйде оқу, көркем шығармаға жоспар жасау, көркем шығарманы талдау, шығарма, мазмұндама жазуға, ақын-жазушының тіл, стиль ерекшеліктерін зерттеу, оқушылардың ауызша, жазбаша сауаттылығын арттыруда ерекше орын алады.

Пәнді оқытуда пайдаланылатын заманауи ақпарат және педагогикалық технологиялар

Студенттердің «Қазақ тілі және әдебиетін оқыту теориясы мен әдістемесі» пәнін меңгеру үшін оқытудың заманауи әдістерден пайдалану жаңа информациялық педтехнологияларды қолдану үлкен маңызға ие. Пәнді меңгерту барысында “Ақыл шабуылы”, “Кластер” методы, “Бумеранг”, “Скоробей”, “Таразы”, “Желпігіш” технологияларынан, компьютер технологияларынан, көрнекі құралдардан, үлестірме-нұсқаулардан, оқулық, көмекші және әдістемелік қолданбалар, лекция мәтіндері, үлестірмелі қағаздар, электрон материалдар, түрлі көрнекіліктер, перфа карта, семантикалық, концептуалдық карталар, проект технологияларынан пайдалану көзделеді. Семинар және лаборатория сабақтарына тиісті үлгілі пед технологиялардан пайдаланылады.

Негізгі бөлім

Пәннің теориялық тақырыптарының мазмұны

1- тарау

Қазақ тілін оқыту методикасының жалпы негіздері

Методика пәні, объектісі мен салалары. Методика-педагогика ғылымдарының бір саласы екендігі, білім беру құралдарының жиынтығы ретінде қаралатындығы, қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беру құралдарын зерттейтіндігі, білім беру құралдарының тақырыптары баяндалады.

Сондай-ақ методика пәндік мазмұнына қарай үлкен екі салаға бөлінеді: 1) Теориялық методика. Бұл қазақ тілінен білім берудегі қағидалар жүйесін қарастырады. Оған методикаға кіріспе, жалпы методика, жеке методика және методика тарихы курстары кіреді. 2) Практикалық методика. Ол тілден сабақ беретін мұғалімдердің іс-тәжірибелерін жинақтайды.

Сонымен бірге методика зерттеу объектісіне қарай мынадай салаларға ажыратылады: 1. Методикаға кіріспе. Бұл-методикалық категориялар мен ұғымдар негіздері жайында алғашқы түсінік беретін сала. 2. Жалпы методика. Бұл-қазақ тілін оқыту құралдарының құрылымдық теориясы туралы ілім. 3. Жеке методика. Тілдік салаларды оқытудың кешенді жүйесін, методикасын қарастырады. 4. Методика тарихы. Методикалық ой-пікірлердің қалыптасу, даму эволюциясын зерттейді. Мектеп құрылымына қарай бірнеше салаларға бөлінетіндігі, методика курсының мазмұны баяндалады.

Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері. Зерттеу әдістерінің тексеру объектісіне қарай түрлері: 1. Анықтау эксперименті. 2. Оқыту эксперименті. 3. Бақылау эксперименті. 4. Методикалық мұраларды үйрену әдісі. 5. Методикалық тәжірибелерді талдау әдісі. 6. Анкета жүргізу әдісі. 7. Интервью жүргізу әдісі.

Методиканың басқа пәндерге байланысы. Методика қазақ тіліне, педагогикаға /дидактикаға/, психологияға және логика пәндеріне байланысты қарастырылады. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық, методикалық принциптері, ғылыми, жүйелі, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияны практикамен байланыстыру және оқушылардың психикалық ерекшеліктерін ескеру принциптері. Жалпы білім беретін мектептерге арналған қазақ тілі бағдарламасының мазмұны, көлемі және жүйесі.

Қазақ тілінен білім берудің әдістері мен тәсілдері. Қазақ тілінен білім берудің әдістері оқушыларға білім және дағды беру жолында жүргізілетін тәсілдер жиынтығы болып саналады, әдіс-тәсілдер элементтерінің жиынтығынан құралады, ал тәсіл-әдістің бір элементі болып табылады. Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастырудың /классификация жасаудың/ өлшемдеріне негіздей отырып, әдістер және олардың құрылымы. 2. Практикалық әдістер және олардың құрылымы. 3. Көрнекі әдістер және олардың құрылымы.

Қазақ тілін оқыту қалыптары /формалары/. Қазақ тілінен өтілетін сабақтардың оқыту формаларына жататындығы. Сабақ-оқу ісін ұйымдастырудың негізгі қалпы. Сабақтың өзіндік белгілері. Сабақты топтастырудың методикалық өлшемдері: 1. Түсіндіру сабақтары және олардың құрылымы. 2. Пысықтау сабақтары және олардың құрылымы. 3. Сынақ сабақтары және олардың құрылымы.

Қазақ тілі бойынша жоспарлау жұмыстары: 1. Күнтізбе жоспар. 2. Тақырыптық жоспар. 3. Сабақ жоспары.

Фонетиканы оқыту методикасы. Фонетика тақырыптарын оқытуда теориялық, практикалық және көрнекі әдістерді қолдана отырып, мынадай методикалық жүйе бойынша білім беріледі. Фонетикалық материалдарға байланысты арнайы таңдалған тақтадағы және көрнекі құралдағы дидактикалық мысалдарды қарап шығады. Тақырыптың өзіндік белгілері тәжірибе жасап көрсетіледі. Оқушылар материалдың өзіндік белгілерін дауыстап оқып, мұғалімнен кейін іле-шала өздері тәжірибе жасай отырып түйіндейді. Жүргізілетін дағдыларды да тәжірибе жасай отырып іске асырады.

Лексиканы оқыту методикасы. Лексикалық материалдарға байланысты кестелер тақтаның сол жағына ілінеді де, оң жағына дидактикалық мысалдар

жазылады. Сөз және оның мағыналарының өзіндік белгілері, жасалу жолдары мен анықтамаларын түсіндіру, хабарлау, кітапты пайдалану. Әңгіме әдістері бойынша ұғындырылады. Лексикалық тақырыптарды берік есте қалдыру мақсатында белгілі бір көлемде жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

Грамматиканы оқыту методикасы. Морфология мен синтаксисті оқытуда теориялық, практикалық және көрнекі әдістердің түрлері пайдаланылады. Бұл тақырыптарды оқытудың кешенді жүйесі іске асырылады. Тақтаға ілінетін көрнекіліктер, жазылатын дидактикалық мысалдар іріктеліп алынады. Морфологиялық тақырыптар мен синтаксистік материалдарды өзіндік белгілері мен жасалу жолдары, анықтамалары мен ережелері біртіндеп, жүйелі түрде түсіндіріледі. Жаттығу жұмыстарының түрлері іске асырылады.

Орфография мен орфоэпияны оқыту методикасы

Орфографиялық принциптердің басшылыққа алынуы. Орфографиялық, орфоэпиялық және диалектологиялық сөздіктерден бірнеше сөздер таңдап алынады. Дайындалған кестелер тақтаның сол жағына ілінеді, оң жағына бірнеше сөздер жазылады. Карточкалардағы жазылған сөздер дауыстап оқылады. Сөз басында, ортасында және аяғында келген әріптер мен дыбыстардың жазылу және айтылу ерекшеліктері түсіндіріледі. Сөздіктер бойынша өздігінен жұмыстар ұйымдастырылады. Өтіліп отырған тақырыптарға сай жаттығу жұмыстары өткізіледі.

Пунктуацияны оқыту методикасы.

Тыныс белгілерін меңгертуде пунктуациялық принциптер басшылыққа алынады: 1) грамматикалық принцип; 2) мақсаттылық принцип;

3) интонациялық принцип; 4) тыныс белгілерінің атқаратын қызметіне сай оқу принципі. Тыныс белгілерін толық меңгерту бойынша көрнекі құралдар дайындалады. Сөйлем соңында және ішінде келетін тыныс белгілерінің өзіндік белгілеріне сай мәтіндер сұрыпталады. Көрнекі, практикалық және теориялық әдістер қолданыла отырып, әрбір тыныс белгісінің өзіндік ерекшеліктері түсіндіріледі, жаттығу жұмыстарының түрлері іске асырылады.

Тіл дамыту жұмысының методикасы. Мәтін ішіндегі түсініксіз сөздерді түсіндіру, диалогтық және монологтық сөйлемді үйрету, ауызша мазмұндау, мәнерлі оқу, іс қағаздарының түрлерін жаздыру; әңгіме, шағын шығарма, конспект, мақала, пікір, реценция (отзыв) жаздырып дағдыландыру; тіл үйірмесін, тіл кештерін, тіл бұрышын, қабырға газетін, саяхаттар, түрлі конференциялар, мектеп аралық олимпиадалар өткізу.

Семинар сабақтардың ұйымдастыру бойынша ұсыныстар

Қазақ тілін оқыту методикасының жалпы негіздері.

Методика пәндік мазмұнына қарай үлкен екі салаға бөлінеді: 1) Теориялық методика. Бұл қазақ тілінен білім берудегі қағидалар жүйесін қарастырады. Оған методикаға кіріспе, жалпы методика, жеке методика және методика тарихы курстары кіреді. 2) Практикалық методика. Ол тілден сабақ беретін мұғалімдердің іс-тәжірибелерін жинақтайды.

Методиканың салаларына әдебиеттер іздету, объектілерін таптыру.

Методика зерттеу объектісіне қарай мынадай салаларға ажыратылады: 1. Методикаға кіріспе. Бұл - методикалық категориялар мен ұғымдар негіздері жайында алғашқы түсінік беретін сала. 2. Жалпы методика. Бұл - қазақ тілін оқыту құралдарының құрылымдық теориясы туралы ілім. 3. Жеке методика. Тілдік салаларды оқытудың кешенді жүйесін, методикасын қарастырады. 4. Методика тарихы. Методикалық ой-пікірлердің қалыптасу, даму эволюциясын зерттейді. Мектеп құрылымына қарай бірнеше салаларға бөлінетіндігі, методика курсының мазмұны баяндалады.

Әңгіме, хабарлау әдістерінің үлгілеріне талдама жасау. Кітапты пайдалану, фонетикалық талдау әдістері үлгілеріне талдама жасау.

Сапалы білім беруде әңгіме әдісінің мәні, хабарлау әдісінің өзіндік белгілері, түсіндіру әдісінің тиімділігі кітапты пайдалану әдісінің маңызы туралы түсінік қалыптастыру.

Талдау әдістерінің - фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік талдау әдістерінің өзіндік ерекшеліктері талқыланады.

Түрін өзгерту, мазмұндама әдістері үлгілеріне талдама жасау. Практикалық әдістің негізгі түрлерінен түрін өзгерту, мазмұндау әдістерінің қасиеттері талқыланады. Сабақ процесінде олардан пайдалану жүйесі ұғындырылады. Жаттығу орындау кезінде түрін өзгерту әдісінің маңызы түсіндіріледі.

Практикум және конкурс сабақ үлгілеріне талдама жасау. Қазақ тілін оқыту формалары. Сабақ - оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі қалпы. Қазақ тілінен өтілетін сабақтардың тілдік материалдардың мазмұнына қарай бөлінуі. Қазақ тілінен өтілетін сабақтардың классификациясы. Пысықтау сабақтары – бекіту, практикум, конкурс, конференция, семинар, қайталау, ойын сабақтары.

Қайталау және тексеру сабақ үлгілеріне талдама жасау.

Сынау сабақтары – тексеру, талқылау, сынақ, коллоквиум, тест сабақтары. Сынау сабақтары оқушылардың ой-қабілеттерін кеңейтуде үлкен қызмет атқарады. Әрбір сынау сабақтарының өзіндік белгілері мен ішкі құрылымдық элементтері бар болып, олар жеке-жеке минуттарға бөлінеді.

Дауысты дыбыс түрлеріне сабақ талдамаларын жасау.

Фонетикалық материалдарға байланысты арнайы таңдалға тақтадағы және көрнекі құралдағы дидактикалық мысалдарды қарап шығады. Тақырыптың өзіндік белгілері тәжірибе жасап көрсетіледі. Оқушылар материалдың өзіндік белгілерін дауыстап оқып, мұғалімнен кейін іле-шала өздері тәжірибе жасай отырып түйіндейді. Жүргізілетін дағдыларды да тәжірибе жасай отырып іске асырады.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелеріне сабақ талдамсын жазу. Бірыңғай мүшелер өзара салаласа байланысып, біркелкі сарындағы дауыс ырғағымен бөлініп санамалау интонациясымен айтылады. Бір сұраққа жауап береді. Жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Бірыңғай мүшелер барлық сөйлем мүшесі қызметін атқарады.

Орфографиялық қателер және оларды тексеру мен түзету тәсілдеріне сабақ талдамаларын жасау.

Дайындалған кестелер тақтаның сол жағына ілінеді, оң жағына бірнеше сөздер жазылады. Карточкалардағы жазылған сөздер дауыстап оқылады. Сөз басында, ортасында және аяғында келген әріптер мен дыбыстардың жазылу және айтылу ерекшеліктері түсіндіріледі. Сөздіктер бойынша өздігінен жұмыстар ұйымдастырылады. Өтіліп отырған тақырыптарға сай жаттығу жұмыстары өткізіледі.

Тыныс белгілеріне байланысты сынау сабақтарын өткізу.

Тыныс белгілерін толық меңгерту бойынша көрнекі құралдар дайындалады. Сөйлем соңында және ішінде келетін тыныс белгілерінің өзіндік белгілеріне сай мәтіндер сұрыпталады.

Көрнекі, практикалық және теориялық әдістер қолданыла отырып, әрбір тыныс белгісінің өзіндік ерекшеліктері түсіндіріледі, жаттығу жұмыстарының түрлері іске асырылады.

Лабораториялық сабақтардың ұйымдастыру бойынша тақырыптар мен ұсыныстар

Морфологиялық және синтаксистік талдау әдістері үлгілеріне талдама жасау.

Сөйлем құрату және шығарма жаздыру әдістері үлгілеріне талдама жасау.

Лекция және бекіту сабақ үлгілеріне талдама жасау.

Конференция және семинар сабақ үлгілеріне талдама жасау.

Талқылау, сынақ және тест сабақ үлгілеріне талдама жасау.

Дауысты дыбыс түрлеріне сабақ талдамасын жазу.

Негізгі және туынды сын есімдерге сабақ талдамасын жазу.

Ыңғайлас салалас сөйлемге сабақ талдамасын жазу.

Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемге сабақ жоспарын жазу.

Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемге күрделі сабақ жоспарын жазу.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемге күрделі сабақ жоспарын жазу.

Пунктуациялық тақырыптарға сай диктант түрлерін жаздыру.

Конспект. Пікір және сабақ анализдерін жаздырып үйрету.

Курс жұмысының ұйымдастыру бойынша ұсыныстар мен тақырыптар

Курс жұмысын жаздырудың мақсаты: асыл қазына, айбынды құрал - әдебиеттің сырларын терең тануға өз бетімен әдеби білімін ұштай түсуге, ғылыми еңбекпен шұғылдануға, алғашқы тәжірибе, дағды алуға, көркем құбылысты талдаудағы әдіс-тәсілдерді үйренуге баулу. Тақырып талдау: әдебиетті іздеу, іріктеу: материалды зерттеу, жүйелеу, жоспар жасау. Шығарманың тақырыбы мен идеясын, мазмұны мен көркемдігін ажырамас тұтыстықта талдау. Курс жұмысын мәнерлі, көрікті тілмен жазу - басты парыз. Ой дәлелді, пікір тұжырымды, жұмыс тартымды болу үшін пайдаланылған әдебиеттерден қажетті үзінділер беріледі. студенттердің өз ойы, өзіндік қалам тартысы, төл пікірі айрықша бағаланады. Көлемі бір баспа табақтан кем болмауға тиіс. Курс жұмысының сыртқы сипатына да еркеше көңіл аударылуы қажет.

Оқушыларға қазақ тілінен берілетін білім көлемі.
Қазақ тілін оқытудың жүйесі.
Оқыту әдістері теориясы.
Теориялық әдістер құрылымы.
Практикалық әдістер құрылымы.
Фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау әдістері.
Түрін өзгерту, мазмұндау, сөйлем құрату, шығарма жаздыру әдістері.
Лексикалық және орфографиялық талдау әдістері.
Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тәсілдері.
Мәнерлі оқу әдісі.
Көрнекі әдістер.
Оқыту қалыптары.
Түсіндіру қалыптары.
Пысықтау қалыптары.
Сынау қалыптары.
Қалып жоспарлары.
Жай сөйлем синтаксисінен берілетін білім көлемі және оны оқытудың жүйесі.
Құрмалас сөйлем синтаксисінен берілетін білім көлемі және оны оқытудың жүйесі.
Сөйлемдегі сөздердің байланысын оқыту методикасы.
Сөз тіркесін оқыту методикасы.
Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін оқыту методикасы.
Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін оқыту методикасы.
Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін оқыту методикасы.
Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін оқыту методикасы
Жай сөйлемнің түрлерін оқыту методикасы
Ыңғайлас салалас пен қарсылықты сабақтасты оқыту методикасы
Түсіндірмелі, себеп-салдар және талғаулы салаласты оқыту методикасы
Шартты және қарсылықты сабақтасты оқыту методикасы.
Мекен және себеп-салдар бағыныңқылы сабақтасты оқыту методикасы.
Қимыл-сын. Мақсат және көп бағыныңқылы сабақтасты оқыту методикасы.
Аралас құрмалас сөйлем және оның тыныс белгілері.
Төл сөз бен төлеу сөзді (бөгде сөзді) оқыту методикасы.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың қалпы және мазмұны

Суденттің өзіндік жұмысы оқу жоспарында «Қазақ тілі және әдебиетін оқыту теориясы мен әдістемесі» пәнін меңгеру үшін белгіленген оқу жұмыстарының ажыралмас бөлігі болып, ол методикалық және ақпарат орталығы мен қамтамасыз етіледі және орындалуы рейтинг тізімі талаптары негізінде бақылау жасалады.

Студент өзіндік жұмысты дайындауда пәннің ерекшеліктерін есепке алып төмендегі қалыптарды ұсынады:

- оқулық және оқу қолданбалар бойынша пән тараулары мен тақырыптарын үйрену;
- тақырыптық материалдар бойынша лекцияларды меңгеру;

- арнаулы әдебиеттер бойынша пәндердің бөлімдері немесе тақырыптар үстінде істеу;
- жаңа педагогикалық технологияларды үйрену;
- студенттің оқу-ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға тиіс бол пәндердің бөлімдері мен тақырыптарын үйрену;
- белсенді және проблемалы оқыту әдісінен пайдаланылған оқу сабақтары;
- дистанциондық білім;

Ұсынылған өзіндік жұмыстардың тақырыптары :

1. Қазақ тілін оқыту методикасының салалары.
2. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері.
3. Оқыту әдістерінің классификациясы мен құрылымы.
4. Әңгіме, түсіндіру әдістерінің құрылымы.
5. Талдау әдістерінің құрылымы.
6. Көшіріп жазу мен диктант жазу әдістері.
7. Қазақ тілін әдебиет материалдарымен байланыстырып өту әдістері.
8. Түсініксіз сөздерді меңгерту тәсілдері.
9. Көрнекі әдістер құрылымы.
10. Оқыту қалыптарының классификациясы мен құрылымы.
11. Жаңа, біріккен қалыптар құрылымы.
12. Бекіту, қайталау қалыптарының құрылымы.
13. Тексеру, талқылау қалыптарының құрылымы.
14. Сабақ жоспары және оның түрлері.
15. Фонетиканы оқыту әдістемесі.
16. Лексиканы оқыту әдістемесі.
17. Грамматиканы оқыту әдістемесі.
18. Пунктуацияны оқыту әдістемесі.

2- тарау

Қазақ әдебиетін оқыту методикасының жалпы негіздері. Әдебиетті оқыту методикасының ғылыми пән екені. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы - ғылыми пән. Оның студенттерге арнаулы мамандық беретін профильдік пәндердің қатарына жататындығы. Бұл пәннің объектісі, қарастыратын мәселелері. Әдебиет методикасы – педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән. Ол – нақты оқу-педагогикалық процесс барысында оқушыларға әдеби білім мен тәрбие берудің ғылыми және тиімді жолдарын үйрететін оқу пәні.

Әдебиетті оқыту методикасының мақсаты. Мамандық сырларын терең меңгерген, шеберлігі шыңдалған ұстаз дайындау. Оқушыларға көркем шығармаларды ұғындырудың, олардың ойлау қабілетін дамытудың, өзіндік ой-тұжырымдар жасай алуға бейімдеудің заңдылықтарын қарастыру да әдебиетті оқыту методикасының міндеті саналатындығы. Мұғалім жұмысының әдістері мен тәсілдерін принциптік жолмен негіздеп беру әдебиет методикасының басты мазмұны болып табылатындығы.

Қазақ әдебиетін оқытуға байланысты методикалық проблемаларды зерттеу мәселесі. Әдебиетті оқыту методикасының мақсат-міндеті мен

мазмұнына байланысты шешетін арнаулы мәселелерінің бар екендігі. Эксперименттік әдіс. Жай эксперимент. ғылыми эксперимент. Тәжірибелерді зерттеп, жинақтау. Оқыту әдіс-тәсілдерін жетілдіріп отыру.

Әдебиетті оқыту методикасының кейбір ғылымдар салаларымен байланысы.

Педагогикамен байланысы. Психологиямен байланысы. Әдебиеттану ғылымдарымен байланысы. Тіл білімімен байланысы. Тарихпен байланысы. Эстетикамен байланысы.

Мектепте қазақ әдебиетін оқытудың мазмұны, құрылысы, міндеттері. Мектептегі оқу пәндерінің құрамында әдебиет пәнінің алатын орны. Қазақ әдебиетінің оқу жоспарына енуі. Әдебиет – оқушыларды өмірмен таныстыру құралы. Әдебиет оқушылардың адамгершілік және азаматтық қасиеттерін туғызып, қалыптастыратындығы. Әдебиет – сөз өнері.

Мектепте әдеби білім берудің мазмұны, құрылысы, міндеттері. Егемендікке байланысты туған жаңаша ойлау әдеби білім беру мазмұнына жаңа талаптар қоятындығы. Оқу жоспары, бағдарлама, оқулық пен көмекші құралдар, дидактикалық материалдар білім беру мазмұнын құрайтындығы. Әдеби білім беру мақсаты оның міндетін айқындап беретіндігі. Міндет-мақсатқа жету үшін орындалуға тиісті жұмыстарды білдіретіндігі.

Әдебиет бағдарламасы, оқулықтар мен көмекші құралдар. Бағдарлама – мемлекеттік құжат. Бағдарламаның құрылысы мен мазмұны. Оқулық-хрестоматияның құрылысы мен мазмұны. Жоғары сыныптардағы оқулық және хрестоматия. Оқулықтарда ғылыми негізде баяндалған дәлелдер, түсініктер, заңдылықтар. Көмекші құралдардың ғылыми-методикалық әсер-ықпалы.

Қазақ әдебиетін мектепте оқыту әдістері. Әдебиетті оқытудағы негізгі әдіс-амалдар осы күнге дейін мектепте қолданылып келген әдебиетті оқыту әдістерін білудің қажеттілігі. Әдебиетті оқыту методтары, түрлері, әдістері, амалдары, типтері туралы мәлімет. Шығармашылық оқу методы. Әңгіме методы. Зерттеу методы. Репродуктивті метод.

Әдебиетті оқытудың түрлері. Әңгіме - әдебиетті оқытуда қолданылатын негізгі оқыту түрінің бірі. Өзіндік жұмыс және оның негізгі ерекшеліктері. Әдеби экскурсия. Табиғатты бақылау. Сценарийлі оқыту. Конференция сабағы. Поэзия сабағы. Сайыс сабағы. Семинар сабағы.

Кіріспе жұмыстар. Кіріспе жұмыстардың түрлері: мұғалімнің кіріспе сөзі, кіріспе әңгіме, суретті пайдалану, экскурсия, кинофильмді пайдалану, еркін шығарма жаздыру.

Ақын-жазушының өмірінен берілетін мәлімет. Мұның білімдік және тәрбиелік мәні. V-VIII сыныптарда ақын-жазушының өмірі туралы мұғалімнің кіріспе сөзі. Кіріспе сөзде мазмұн нақтылығының негізгі сабақ мақсатына бағыныштылығы.

Көркем шығармалардағы түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру. Түсініксіз сөз, сөйлемдер мен ұғымдарды түсіндіп оқытудың маңызы. Мәтінде кездесетін түсініксіз сөздердің түрлері: жеке сөздер, жеке сөйлемдер немесе сөз тіркестері, прозада – жеке абзацтар, поэзияда – жеке шумақтар. Түсініксіз сөздер мен Ұғымдарға түсініктеме беру кезеңдері.

Әдеби шығарманы оқу, мазмұнын ұғыну және оны талдау. Шығарманы сыныпта және үйде оқу. Оқушылардың ауызша, жазбаша сауаттылығын арттыру. Мәтінді мұғалімнің өзі үлгі ретінде оқуы. Көлемі шағын шығармалар сыныпта, көлемді шығармалар мен үзінділер үйде оқылатындығы. Дара оқу, диалогпен (рольмен) оқу. Дұрыс оқуға жаттықтырудың тәсілдері.

Шығарманы келістіріп оқу мәселелері. Мәнерлеп оқудың шарттары. Келістіріп оқудың техникасына жаттықтыру жолдары. Дауыс кідірістері: романтикалық, логикалық, психологиялық. Ой екпіні. Ырғақ.

Көркем шығармаға жоспар жасау. Жай және көрделі жоспар. Жоспардың сыртқы тұлғалық және ішкі логикалық құрылыс жақтары. Шығарманың мазмұнына, сюжеттік композициясына, суреттеуге, кейіпкер мінездемесіне жоспар. Жоспар бөліктерінің ретіне қарай хабарлы, сұраулы, лепті, атаулы сөйлемдермен аталуы. Жоспар жасау - әрі логикалы әрі стилистикалық жұмыс.

Шығарманы ауызша мазмұндау жұмысы. Ауызша мазмұндаудың мақсаты. Ауызша мазмұндаудың түрлері: мәтінге жуық түрде (толық түрде), мәтінді қысқартып, сөйлеуші жақты ауыстырып, кейіпкер тарихын баяндау арқылы. Көркем шығарманы талдау. Шығарманың талдауға жататын құрамды элементтері. Әдебиеттік шығарманы талдауда қолданылатын негізгі әдістер: мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап түріндегі әңгіме, мұғалімнің түсіндіруі, шығарманы талдау жасай отырып оқу, баяндау әдістері. Шығарманың идеялық бағыты мен кейіпкерлерін талдау. Кейіпкер мінездемесіне қойылатын шарттар мен талаптар. Әдебиеттік кейіпкерге берілетін мінездеменің түрлері. Оқушыларды өздіктерінен мінездеме жасап үйренуге жаттықтыру.

Шығарманың сюжеті мен композициясын оқып-үйрену. Мектепте көркем шығарма өзінің мазмұны мен түрінің бірлігінде оқып-үйренілетіндігі. Сюжет пен композиция туралы ұғым. Сюжеттік элементтер. Шығарманың сюжеттік-композициялық желісін талдау арқылы оның экспозиция, байланыс, шиеленіс, шарықтау шегі, шешілуі сияқты элементтерін табуға дағдыландыру.

Шығарманың тіл ерекшелігін оқып-үйрену әдістері. Ақын-жазушының тіл, стиль ерекшеліктерін зерттеу. Әдебиеттік шығарманың тілін оқып-үйренудің мақсаты. Шығарманың поэтикалық тіліне қайылатын басты шарттар және оны оқып-үйренудің негізгі принциптері. Шығарманың тіл ерекшелігін танытуда жүргізілетін жұмыс түрлері. Шығарманың жанырлық ерекшелігіне байланысты оқып - үйрену. Көркем шығармалар өзара үш текке жіктелетіні. Бұлардың бір-бірінен айырып танытатын айрықша белгілері, ерекшеліктері, олардың табиғи сыр-сипатына байланыстылығы.

Әдеби - теориялық білім беру. Теориялық ұғымдарды қалыптастыру – мектеп әдебиеті үшін әрі методикалық негіз, әрі шығарманың әсемдік әсерлілігіне талдау жасаудың құралы. Түркі халықтары әдбиет методикасының теориялық білім берудегі аса бай тәжірибелері, әдеби-теориялық ұғымды қалыптастырудың сыныптық мөлшері.

Мәтінмен жұмыс. Көркем сөз мәтінін жаттау. Мәтінмен жұмыс істеудің мақсаты - оның мазмұнын ұғыну, шығарманың мазмұнын ұғындырудың мақсаты – оқушыларды шығарманы талдауға дайындау екендігі. Шығарманың

мазмұнын түсінгендігін анықтау жолдары. Жоспар жасау және ауызша мазмұндау. Жаттауға ұсынылған мәтіндердің ерекшеліктері мен әдістері.

Жоғары сыныптардағы әдебиет тарихын оқыту әдістері. Ақын, жазушының өмірі мен шығармашылық жолын оқыту. Суреткердің өмірі мен шығармашылық жолының оқушыларға әдеби білім берудегі маңызы. Ақын-жазушының шығармашылық жолының қалыптасуы, даму кезеңдері мен ерекшеліктері, аяқталу кезеңі, өзіне тән ерекшеліктері, әдебиет тарихына енгізген жаңалығы, қосқан үлесі, шығармаларының негізгі идеялық-тақырыптық мазмұны, жанырлық ерекшеліктері

Әдебиет тарихынан жасалатын шолу-лекциялар. Лекциялық әдіс. Лекцияның түрлері. Тарихи-әдеби шолу – тақырыптарды өтудің негізгі кезеңдері. Шолуға қажетті тарихи-әдебиеттік материал, дерек, фактілер. Лекцияның жай ненесе күрделі жоспары. Мұғалім жүктелетін ғылыми-методикалық, педагогикалық, талаптар.

Әдебиет тарихындағы көркем шығармаларды талдау мәселелері.

Жоғары сыныптарда көркем шығармаларды талдаудың объектісі. Көркем шығармаларды талдауда қолданылатын негізгі әдіс-амалдар (әңгіме әдісі, баяндама әдісі, диспут).

Әдебиет сабақтарында оқушылардың ауызша тілін дамыту жұмыстары. Тіл дамыту - қазіргі оқытудың басты мәселесі. Оқушылардың сөйлеу тіліне қойылатын талаптар. Ауызша тіл дамыту жұмыстарының түрлері мен оларды жүргізудің әдіс-амалдары.

Әдебиеттен жүргізілетін жазба жұмыстардың түрлері.

V-IX сыныптардағы әдеби жұмыстар. Жоспар негізінде шығарманың мазмұнын, кейіпкерлер мінездемесін жазба түрде баяндау. Мәтінді жазба түрде талдау, сұрақтарға жазбаша жауап беру, мазмұндама, аннотация, рецензия, өзінді, эпиграфтар таңдау. X-XI сыныптарда жазба жұмыстар түрлерінің көбеюі және күрделенуі. Шығарма, аннотация, рецензия жазу, жай және күрделі жоспар, лекция мәтіндерін дайындау, күнделік.

Оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары.

Қазіргі күннің талабына орай әдебиетші мұғалімнің күрделі оқу материалдарын ғылыми дәрежеде сапалы маңгертуі, білім беру барысында оқушының ой белсенділігін, шығармашылық қабілеін дамытуы, жұмыс істеуге үйретуі. Оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарының анықтамасы. Әдебиетті оқытуда өздігінен істейтін жұмыстың мақсаты. Олардың өзіндік ерекшелік сипаттары.

Мектепте әдеби білім беруді ұйымдастыру мәселелері.

Қазақ әдебиетін оқытудағы мұғалімнің қызметі және оған қойылатын талаптар. Қазақ әдебиетін мектепте оқытуға байланысты мұғалімнің зерттеушілік әдістері мен өз бетімен білімін көтеру қажеттілігі. Пән мұғалімнің идеялық сезімділігі және жоғары адамгершілік сапасы, кәсіби даярлауға, балаға деген сүйіспеншілік қасиеттері. Қазақ әдебиеті мұғаліміне тән педагогикалық өнегелілік, жалпы ғылыми принципшілдік, өзіндік қарым-қатынастар (талғам, мәдениет, иетелектуалдылық) ерекшелігі.

Мұғалімнің сабаққа дайындалуы. Әдебиет мұғалімінің сабаққа дайындалуы - оның қызметіндегі жауапты кезең саналатындығы. Әдебиет мұғалімінің жұмыс жоспары негізінен екі түрлі болатындығы: а) жылдық жалпы жоспар; ә) күнделікті жоспар. Әдебиет пәні мұғалімінің басқа пән мұғалімдерінен ерекшелік, сипаттары. Әдебиет мұғалімінің параллель сыныптарға да әркелкі дайындық жасауы (әр сыныптағы оқушылардың қабылдау, сезіну ерекшеліктеріне қарай). Сабаққа дайындалудың кезеңдері: а) әдеби материалдарды таңдау, сұрыптау; ә) оқушылар мен мұғалімнің бірлесіп орындайтын жұмыстарын жоспарлау; б) сабақта оқушылардың ойлау белсенділігін арттыру амалдарын белгілеу, в) сабақта талданатын материалдарды ұғындыруды жоспарлау басқыштары. Мұғалімнің сұрақтар төзе білу біліктілігі (үй тапсырмасын сұрап, бағалауға, үйде оқитын шығарманы талдауға арналған сұрақтар). Сабақ барысында әдебиетші мұғалім оқушылардың алдына қызықты проблемалар қоя алуы, ол үшін өз білімін үздіксіз жетілдіріп отыруы.

Әдебиет сабақтары. Сабақ - әдеби білім беру мен тәрбиелеудің маңызды саласы. Қазақ әдебиеті сабағының әр келкілігі және оны жүйелеудегі дидактикалық принциптердің үйлесімді болуы. Сабақ түрлерінің әр алуандығы, оның жіктелу принциптері бүгінгі күннің дидактикалық талаптарына сай болып отыруы.

Қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын көрнекіліктер мен техникалық құралдар.

Көрнекіліктер мен техникалық құралдарды қазақ әдебиетін оқытуда пайдаланудың жалпы принциптері. Экран, альбом, көркем суреттер, графикалық құралдар, дыбыс көрнекіліктері. Оқушылардың көрнекілік жасауға қатысуы: фотоальбом, диграмма, кесте, синхронды кесте, плакат, картина т.б.

Әдебиетке байланысты сыныптан және мектептен тыс жұмыстар.

Сыныптан тыс уақытта жүргізілетін жұмыстардың мақсаты – оқушылардың әдебиет сабағында алған білім қорын молайтып, ой-өрісін дамытып, дүние тану қабілетін арттыру. Сыныптан тыс ұйымдастырылатын жұмыстардың формасы мен негізгі түрлері: сыныптан тыс оқу, оқушылар конференциясы, әдеби-шығармашылық үйірме, әдеби-үлкетану үйірмесі, әдебиет кештері, әдеби викторина, әдебиет көрмесі.

Қазақ әдебиеті сабақтарында оқушы білімін есепке алу.

Бағалау. Жалпы орта білім мектебінде, колледжде, лицейде қазақ әдебиетінен әдеби білім беру өлшемі. Оқыту мен бақылау жүргізудің органикалық бірлік-бітімі. Жалпы орта білім мектебі, колледж, лицей оқушысының бойында өзін-өзі бағалау және өзін-өзі бақылау қабілетін тәрбиелеу ерекшелігі. Оқушылар білімін аңқтау мен бағалау оларға берілетін а) бағыттаушы сұрақтардың; ә) талдау (аналитикалық) сұрақтардың; б) нәтиже (синтездік) сұрақтардың орны мен маңызы. Тест оқушылар білімін тез және қолайлы анықтау әдісі екендігі. Тест сұрақтарын құрастыру машығын меңгеру әрбір мұғалімнің міндеті екендігі. Жалпы орта білім мектебінде, колледж бен лицейге рейтингті енгізудің ұйымдастырушылық, методикалық және психологиялық ерекшеліктері.

Семинар сабақтардың ұйымдастыру бойынша ұсыныстар

Қазақ әдебиетін мектепте, колледжде, лицейде оқытуға қойылатын талаптар (сабақ мазмұны, құрылысы, оқушының сабақ үстінде еңбекке баулуды ұйымдастыру). Методикалық әдебиеттерде жарияланған бір сабақтың мазмұнымен танысу. Мұғалімнің алға қойған мақсаты бойынша талдау жүргізу.

Студенттерді қазақ әдебиеті сабағын талдау принциптерімен таныстыру. Әрбір кәсіп иесі өзінің мамандығы бойынша шеберлігінің деңгейін білу үшін басқа біреумен салыстыру қажеттігі. Әдебиет сабақтарына эталон, қалып талабы тұрғысынан қарау мүмкін емес. Өте шебер әдебиетшінің өткен сабағы да тек үлгі саналатындығы. сабақты талқылау .Әдептілікті, биязы мінезділікті, сақтықты, басқа мұғалімге құрметпен қарауды талап етеді. Сабақты талқылау түрлері: а) ғылыми талдау; ә) методикалық талдау; б) дидактикалық талдау; в) жалпы педагогикалық талдау. Сабақты талдау мұғалімнің табыстары жөніндегі пікірлерден басталатындығы. мұғалімнің қызметін бағалау мен оқушылардың еңбегін бағалауды араластыру мүмкін еместігі. Талдау арнаулы дәптерге жазылуы шарт.

Мектептегі сабаққа қатысу және студенттерді сабақты талдаудың үлгісіне үйрету. Студенттерді әдебиет сабағына бақылауға материалдық базасы жеткілікті, тәжірибелі оқытушылар бар, оқу құрал-жабдықтарымен жақсы қамтамасыз етілген мектептерге апару күзделеді. Сабақты талдаудағы мақсат: сабақ элементтері, жұмсалған уақыт, мұғалімнің оқушылар білімін қалай анықтағаны, сабақтың жабдықтары, жаңа материалды ұғындыру әдістері, пәнаралық байланыс, оқушылардың өмірге қалыптасуы, кәсіптік бағдар, жаңа сабақты бекіту, үйге тапсырма, өтілген сабақтың тиімділігі жөнінде мұғалім және бақылаушының бағасы, сабақтың Өтілуіне ғылыми, методикалық, дидактикалық, педагогикалық-психологиялық мінездеме беру.

Көркем мәтінге ұжымдық талдау жүргізу, әңгімелеу, лекция, әңгімелесу мен мәнерлеп оқудың жеке түрлерін өткізуге дайындық жасау. Көркем шығарманың талдауға жататын элементтері, талдау әдістері, әдебиетті оқытуда қолданылатын негізгі әдістер.

Эпикалық немесе монографиялық тақырыптарды жоғары сыныптарда оқытудың жүйесін салыстырмалы түрде талдау (педагогикалық баспасөзде жарияланған материалдар негізінде). Жоғары сыныптарда монографиялық тақырыптарды оқытудың сабақтар жүйесін жазу. Оқыту әдістерін жетілдіріп, сабақты белсенді формаларын кеңінен қолдану жолдары. Проблемалық оқытудың әдіс-тәсілдері. Топтық жұмыстың тиімділігі. Дифференциялы оқыту. Сыр-толғаулар сабағы, проблемалы оқытуға негізделген практикалық сабақ, пресс-конференция сабағы, ситуациялық сабақ, іздену сабағы, семинар сабағы, концерттік сабақ (К.Бітібаеваның «әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» көмекші құрал бойынша).

Лирика сабағына талдау жүргізуге студенттердің өзіндік даярлығы. Лирика табиғатын таныта алу шеберлігіне көңіл аударатын сипаттар: ақынның сөз өмірін, өзекті ойын тікелей ұғындыру, оқушыны шығарманың әсем сазы, салиқалы ой құшағына бөлеу, келістіріп оқу машығы, тақырып, идея, кейіпкер,

лирикалық қаһарман, лирикалық характер, композиция, автор тілі, кейіпкер тілі, ақын мәнері мәселелері.

Шығарма нәтижесіне арналған талдау сабағы және оқушылардың жазу жұмыстарын бағалау өлшемі. Оқушының жалпы жұмысына баға беру, шығарманың құнды жақтарын атап көрсету, қате түрлерін атау, шығарманың жалпы кемшілік жақтарын атап көрсету, кемшіліктерді болдырмау шараларын көрсету. Жазба жұмыстарды да әділ бағалаудың білімдік және тәрбиелік мәні. Шығарманы бағалауда жұмыстың мазмұны мен тіліне қойылатын баға жөнінде арнаулы нұсқауды тірек етіп, сауаттылығына қойылатын баға мөлшерін қателер саны бойынша анықтау (Т.Қалдыбаев. әдебиет сабақтарында тіл ұстарту. Ташкент, 1999).

Бөлімі	Сабақ саны	Сабақтың мазмұны	Уақыты
Кіріспе	1-сабақ	Модульге кіру	5 минут
		Теориялық білім	
		Визуалдық лекция	
		Тірек сызбалар арқылы түсіндіру	
		Үстеу туралы түсінік	
Сөйлеу	2-сабақ	«Қарлы кесек» ойыны	15 минут
	3-сабақ	«Сиқырлы сандықша» ойыны	15 минут
Қорытынды	4-сабақ	«Брейн-ринг» ойыны	5 минут
	5-сабақ	Сайыс сабағы	5 минут
	6-сабақ	1. Тест	20 минут
		2. Сынақ	25 минут
7-сабақ	Диктант	45 минут	

1-сызба

Үстеудің құрамдық түрлері
3-сызба



Сызбалар дәптерге жазылады.

Кітаппен жұмыс: 270-жаттығу (ауызша)

Қорыту.

Үй тапсырмасы: 138-15-беттерді оқу.

Үстеудің мағыналық 7 түріне 7 мақал іздеп жазу, Антоним үстеулер іздеу (ауызша).

2-сабақ. **Тақырыбы: «Қарлы кесек»** ойыны.

Мақсаты: білімділік-үстеудің мағыналық түрлерін оқып үйрену; дамыту – топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру; тәрбиелік - өзара сыйластыққа, бір-бірін тыңдай білуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: ойын.

Жабдығы: сілтемелер, әріптер мен сандар.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Үстеу деген не?

2. Мақалдарды оқыту.

3. Антонимдерді тақтаға жазғызу.

III. «Қарлы кесек» ойыны.

Сынып топтарға бөлінеді. А, Ғ, Б, В, Г үстеулеріне орналасады, әр топ өз тапсырмаларын оқып үйрену үшін 10-15 минут дайындалады. Дайындалып болған соң, оқушылар мынадай тәртіппен орын алмасады: 1 үстелдің басына А-1, Ғ-1, Б-1, В-1, Г-1 жетоны барлары тағы сол сияқты. Келесі кезекте мұғалім үстелдердің сілтемесін өзгертіп, А, Ғ, Б, В, Г әріптерінің орнына 1,2,3,4,5 сандары жазылған сілтемелер қояды. Әр оқушы өз тақырыбын әңгімелейді. Басқалар жазып алады.

Ойынның I туры жарияланады (10 минут).

Жаңа топта әрбір алғашқы топ өкілі әріптерінің кезегі бойынша өз тақырыбын әңгімелейді. Олардың әңгімесін тыңдаушылар сызба, жоспар, тезис түрде жазып алады. Бұл уақытта 5 номерлі ойыншылар тақтада жұмыс істеп сызбалар сызады. (Ватамен немесе кодопенка).

II тур. Оқушылар өздерінің алғашқы топтарына қайта оралады, мұғалім үстел сілтемелерін ауыстырады (сандардың орнына әріптер қояды). Тақтада (А-5, Ғ-5, Б-5, В-5, Г-5) ойыншылар өздерінің сызба конспектiлерiн қорғайды. Мұғалiм және басқа оқушылар бақылап отырады.

III тур: қорытынды шығарылады.

Бағалау.

Үй тапсырмасы: 138-150-беттерді оқу, 273-жаттығу жазбаша.

3-сабақ. «Сықырлы сандықша»

Мақсаты: білімділік – Үстеу бойынша берілген тақырыптарды меңгерту; дамыту – теориялық материал байынша білгірлерді айқындау; тәрбиелік – білімге, құштарлыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: оқыта үйрету ойыны.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап.

Сабақтың жабдығы: кеспе қағаздар, кестелер, сандықша, шығармашылық жұмыстарға арналған папка.

Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Сөзжұмбақ, ребусты шешкізу.

2. Мақалдарды ауызша айтқызу

3. Ойынның шартын, мақсатын айту.

Мұғалім үлестірме материалдарын дайындайды:

5 ұпай, 4 ұпай және 1 ұпай көрсетілген карточкалар. «Сықырлы сандықша» сұрақтармен толтырылады, олардың саны оқушылар санынан артық болады. Сұрақтар алдында өтілегн тақырыптарға құралады.

Әрбір оқушы кезегімен сұрақ алып, дауыстап оқып, жауап береді де, тиісті бағасын алады. Ойынды аяқтай келе мұғалімнің көмекшісі әрбір оқушының ойын барысында алған жалпы ұпайын есептеп отырады, соған сәйкес үш орын (1,2,3) беріледі.

Сандықшаға салынатын сұрақтар

1. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады? (4 ұпай)
2. Түркі тілдерінің саны шамамен қанша? (3 ұпай)
3. Орхон-Енисей ескерткішіндегі үстеулер нешеге бөлінген?(5 ұпай)
4. Атаушы сөздердің түрлері нешеу? Аттары қалай? (1 ұпай)
5. Үстеуші есімдерге қай сөз таптары жатады? (1 ұпай)
6. Себеп-салдар үстеуі нені білдіреді? (4 ұпай)
7. Сын есіммен де тіркесе алатын қай үстеулер? (5 ұпай)
8. Мақсат үстеуі нені білдіреді? (4 ұпай)
9. Күшейткіш үстеу нені білдіреді? (4 ұпай)
10. Мөлшер үстеуі нені білдіреді? (4 ұпай)
11. Сын-қимыл үстеуі нені білдіреді? (4 ұпай)
12. Мекен үстеуі нені білдіреді? (4 ұпай)
13. Мезгіл үстеуі нені білдіреді? (4 ұпай)
14. Үстеудің мағыналық түрлері нешеу? (1 ұпай)
15. Үстеу құрамына қарай нешеге бөлінеді? (1 ұпай)
16. Үстеу дегеніміз не? (4 ұпай)
17. Үстеу неге етістіктен кейін орналасқан? (5 ұпай)
18. Етістік неге есімдерден кейін орналасқан? (5 ұпай)
19. Сын есім неге екінші орында тұр? (5 ұпай)
20. Зат есім неге бірінші орында тұр? (5 ұпай)
21. Етістік деп қандай сөз табын айтамыз? (4 ұпай)
22. Есімдік дегеніміз не? (4 ұпай)
23. Сан есім дегеніміз не? (4 ұпай)
24. Сын есім деп қандай сөз табын айтамыз? (4 ұпай)
25. Зат есім дегеніміз не? (4 ұпай)
26. Есімдер тобына қандай сөздер жатады? (1 ұпай)
27. Етістік тобына қандай сөздер жатады? (1 ұпай)
28. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? (1 ұпай)

Сабақты қорыту ретінде мына мақал дәптерге жазылады:

Көп оқыған білмейді, көп тоқыған біледі.

Үй тапсырмасы.

4-сабақ «Брейн-ринг» ойыны

Сабақтың тақырыбы: «Брейн-ринг» ойыны.

Мақсаты: білімдік - деңгейлік тапсырмалар арқылы үстеуді таныту; дамыту – шығармашылық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік – ағымды қасиеттерге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: топтық ойын.

Сабақтың әдісі: модульдік жүйе бойынша.

Сабақтың жабдығы: жаймалар, фишкалар, карточкалар, нөмірлер.

Сабақтың барасы.

I. Нйымдастыру кезеңі. Оқушыларды қызыл, сары, жасыл, көк үстелдерге орналастыру. Ойынның тәртібін, мақсатын түсіндіру.

II. Ойынды жүргізу.

4 бөлікке бөлінген әрбір жаймаға бір ғана тапсырмасы бар карточка қойылады.

Сары үстел

№1. Қай әңгімеде мақсат үстеу бар?

а) *Әңгімені әдейі ұзақ созып айтты.*

ә) *Еріншектің ертеңі бітпес.*

б) *Көп оқыған білмейді, көп тоқыған біледі.*

№2. Қай сөйлемде күшейткіш үстеу бар?

а) *Ауыл тым алыс емес.*

ә) *Анаға қарап қыз өсер.*

б) *Арттан соққан жел үдей түсті.*

№3. Мына сөйлемге қай үстеу лайықты. *Ұшақ көтерілді.*

а) *Былыр.*

ә) *Еміс-еміс.*

б) *Жоғары.*

№4. Қай сөйлемде үстеу бар?

а) *Әке – бәйтерек, бала – жапырақ.*

ә) *Мектепте түрлі сайыстар өтеді.*

б) *Астық биыл бітік шықты.*

Қызыл үстел

№1. Үстеулер қай жұмбақта кездеседі?

а) *Таң атқаниша, таң атқан соң.*

Жұмбақты толықтырып айт. Шешуі не?

ә) *Таңертең, түсте, кеште.*

Жұмбақты толықтырып айт. Шешуі не?

№2. а) Мына үстеулерге антоним болтын үстеулерді тап: *жоғары, қыстыгүні, ілгері, кейін.*

ә) Осы үстеулерді қатыстырып сөйлем құра.

№3. а) Мақалды толықтырып айт.

Қай уақытта тұрған жігіттің ырысы артық, әйелдің бір ісі артық?

Еріншекке қашанғыдан қашанғы оңай?

ә) *Қазша қанатын жазады,*

Үйрекше мойнын созады,

Құсша қонады.

Жұмбақты шешіп, үстеуді құрамына, мағынасына қарай ажырат.

№4. а) Кімнің шығармасынан алынған? Үзіндіден үстеуді тауып, құрамына, мағынасына қарай талда.

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық қылған жалықпас,

Үйретуден балаға.

ә) Мына сөздерді қандай үстеулермен айтуға болады?

Ертеңгі уақыт –

Осы жылы –

Жасыл үстел

- №1. Үстеулерді қатыстырып «Жаздыгүні» атты мәтін құрастыр.
- №2. Үстеулерді қатыстырып «Серуенде» атты мәтін құрастыр.
- №3. Үстеулерді қатыстырып «Қыстыгүні» атты мәтін құрастыр.
- №4. Үстеулерді қатыстырып «Білім» атты мәтін құрастыр.

Көк Үстел

- №1. Ойтолғау (Үстеулерді қатыстыру арқылы).

Тақырыбы: Ана тілі туралы.

- №2. Тақырыбы: Ауыл жылы туралы.
- №3. Тақырыбы: Тәуелсіздік туралы.
- №4. Тақырыбы: Астана туралы.

Ер ойыншыға 1,5-2 минут уақыт беріледі ойын барасында әр ойыншы фишка алып отырады. Солардың саны мен түсіне қарай баға қойылады. Жүргізушілер ортақ бағалау парағын толтырып отырады.

Сары фишка («3»), жасыл («4»), көк («5»), жарты көк қосымша толықтыруға беріледі.

III. Ойынды қорыту.

IV. Бағалау.

V. Үй тапсырмасы. Үстеуді қайталау. Сөзжұмбақ, ребус дайындау.

5-сабақтың тақырыбы: Үстеуді қайталау.

Мақсаты: білімдік – үстеуден алған білімдерін сұрақ, жаттығу, тапсырмалар арқылы тексеру; дамыту - шапшаң ойлау, ұтқыр жауап беруге дағдыландыру; тәрбиелік – тіл мәдениетін үйрету.

Сабақтың түрі: сайыс сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, талдау.

Жабдығы: карточкалар, сөзжұмбақ, ребус.

Барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сайыс өткізу үшін оқушыларды 3 топқа бөлу.

«Мезгіл», «Мекен», «Мөлшер».

II. Сайысты жүргізу.

I-сайыс: «Үндемес ойын»

Үстеудің құрамына қарай бөлінетін түрлеріне жарысып мысал жазу. Кімкөп жазса, сол жеңеді.

1 Үстеуге 1 ұпай.

«Мезгіл» тобы – негізгі үстеулер.

«Мекен» тобы – туынды үстеулер.

«Мөлшер» тобы – күрделі үстеулер.

2-сайыс: Сатылай кешенді талдау

Ер топтан бір оқушы тақтаға шығып, үстеуі бар бір мақал жазады. Үстеуге сатылай кешенді талдау жасайды. Қалған оқушылар әр топқа 3 сұрақтан қояды.

3-сайыс «Ойлан, тап»

Үйде дайындап әкелген сөзжұмбақтар мен ребустарды әр әр топтан бір оқушы шығып шешеді.

4-сайыс: «Киелі сандар»

Әр топқа бір сан беріледі: «Мезгіл» тобына 7 саны, «Мекен» тобына 9 саны, «Мөлшер» тобына 40 саны. Әр топ киелі сандар жөнінде түсініктерін ауызша әңгімелейді.

5-сайыс: Сурет бойынша қысқаша әңгіме айту (Топ басшылары орындайды). Қалған оқушылар әңгімелерді дәптерге жазады.

III. Қорытынды. Әр топтың ұрайы есептеледі. Жеңімпаз топ пен белсенді оқушылар анықталып, марапатталады.

IV. Бағалау.

V. Үй тапсырмасы: тест сұрақтарына дайындалу.

6-сабақ. Тест сұрақтары

1. Мезгіл үстеулі тіркесті көрсетіңіз.
а) Жоғары өрледі. б) Қысы-жазы үзілмейді.
ә) Ышқына соқты в) Ілгері кетті.
2. Мекен үстеулі тіркесті көрсетіңіз.
а) Былтыр көрген. б) Ілгері жылжыды
ә) Тағы да келді. в) Ән салды.
3. Күшейткіш үстеуді табыңыз.
а) Тіпті, әбден. б) Емін-еркін, әрең.
ә) Амалсыздан, босқа. в) Онша, әжептеуір.
4. Сын-қимыл үстеуді табыңыз.
а) Қолма-қол жұмсады. б) Бірталай отырды.
ә) Қасақана кешікті в) Ерен еңбек етті.
5. Мөлшер үстеуді табыңыз.
а) Әдейі, жорта. б) Дәл, сәл, нақ.
ә) Лажсыздан, амалсыздан в) Анағұрлым, неғұрлым.
6. Мақсат үстеуді табыңыз.
а) Қазір келеді. б) Босқа кетті.
ә) Жорта үнемдеді в) Сөйтіп, қаннен-қаперсіз отырды.
7. Себеп салдар үстеуді табыңыз.
а) Құр босқа бақырған б) Әлгінде келіп кетті.
ә) Ендігәрі келмеді в) Қыруар әңгіме айтылды.

Ауызша сабақтың билеттері

1-билет

1. Орхон-Енисей ескерткіштерінде кездесетін үстеулердің мағыналық түрлері.
2. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеудің мағыналық түрлері.

2-билет

1. Үстеу деп қандай сөз табын айтамыз?
2. Мақал айтып мысал келтір.

3-билет

1. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады? Аттарын ата.
2. Күрделі үстеулер қалай аталады? Мысал келтір.

4-билет

1. Үстеу мағынасына қарай нешеге бөлінеді? Аттарын ата.
2. Әрқайсысына бір мысал келтір.

5-билет

1. Етістікпен де, сын есіммен де тіркесе алатын қай үстеулерді білесің?
2. Туынды үстеу жасайтын қандай жұрнақтарды білесің? Мысалмен дәлелде.

6-билет

1. Сан есім дегеніміз не? Оның қандай мағыналық түрлері бар?
2. Үш жұрт ұғымын түсіндір.

7-билет

1. Сын есім дегеніміз не? Мысал келтір.
2. Сын есім мағынасына қарай қалай бөлінеді?

8-билет

1. Президент жарлығы бойынша биыл қандай жыл?
2. Жылдың атына байланысты қанша мақал айта аласың?

9-билет

1. Туынды үстеулер қалай жасалады?
2. Тақтадағы кестенің ашық тұрған бөлігіне мысалдар жазып көрсет

7-сабақ: Диктант

Таң көрінісі

Бірде тіпті ерте тұрып кетіппіз. Біз Төбеби басына жеткенде биік тау шатқалдарынан күн жаңа көтеріліп келе жатты.

-Балалар, әне қараңдар, күн шығып келеді! - деп мәз бола жар салды Жұпар.

Күннің шығуын жаңа көріп, жаңа байқағандай, бәріміз де жалт-жалт қарастық. Бір сәт бәріміз де үнсіз тұрып қалыппыз.

-Қандай әдемі, жүріндерші, күннің шыққанын тағы көрейік, - деді Жұпар балғын жүзі алаулап.

Сөйтті де, қалай көреміз деп аңтарыла үйірілген бізді тастап, төмен құлдилады. Сол сәт еш нәрсенің байыбына жете түсінбесек те, оның соңынан біз де жарыса жүгірдік.

Одан кейін тағы да төмен түстік. Екі-екіден тұрып күн нұрын Үшінші реет қарсы алдық. Үшінші реет тау жиегінен алтын арайдың алғашқы шуағына шомылып, кәусәр сұлулығын тамашаладық. Ойламаған жерден өзіміз ашқан жаңалыққа қуанып, қайта өрге ұмтылдық.

Туған жер, оның тұнған байлық, асқан сұлулығын мен сонда алғаш рет көрдім.

Грамматикалық тапсырма: бір үстеуді таңдап алып оған сатылай кешенді талдау жаса.

Үстеуді сатылай комплексті талдау

Сабақтың мақсаты: Үстеуді сатылай комплексті талдай отырып, алған білім негізін тұрақтандыру.

Дамытушылық: Жеке тұлғаның салыстыра білу дағдысын арттыру, сөйлеу тілін дамыту.

Тәрбиелік: Талдау арқылы ұқыптылыққа, ізденімпаздыққа, тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Білімді қорытындылау.

Сабақтың әдісі: Сұрақ-жауап, салыстыру, талдау.

Сабақтың көрнекілігі: Кесте, ұнтаспа, перфокарта.

Пәнаралық байланыс: Қазақ әдебиеті, музыка.

Нстаз ұстанымы: Сабақта барлық оқушылардың қамтылуы.

Оқушы ұстанымы: Ынта, жігер, шынайылық.

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.

а) Сабақ тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

ә) Сатылай комплексті талдау технологиясының әнұранын орындау.

б) Сабақ жоспарымен таныстыру.

II. Үй тапсырмасын пысықтау кезеңі:

Берілген мақал-мәтелдерден үстеуді тауып, құрамына қарай ажырат:

Дос жылатып айтады,

Дұшпан күлдіріп айтады.

Жылай-жылай арық қазсаң,

Күле-күле су ішерсің.

Қасықтап жинағаныңды

Шөміштеп төкпе.

Түстік жерге өтірік айтсаң,

Кешке ізіңмен барады.

Құралысына, түрлеріне қарай	Негізгі үстеу	Туынды үстеу	Күрделі үстеу
кешке жылай-жылай қасықтап биыл бұлбұлша жаздыгүні босқа ақшалай			

III. Сабақтың барысы

1. Сөз құрамына, лексика-грамматикалық мағынасына талдау.

Әрең-әрең	
	1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: әрең-әрең.
	2. Тұлғасына қарай: туынды (себебі, аналитикалық немесе синтаксистік тәсілмен екі түбірдің қосарлануынан)
	3. Құрылысына қарай: күрделі (қос сөз)
	4. Қайталама қос сөз.
	5. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.
	6. Лексикалық мағынасы – қимылдың іс-әрекеттің амалын, бейнесін білдіреді.
	7. Грамматикалық мағынасы лексикалық мағынаның жалпылауынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – бұл үстеу.
	8. Әрең-әрең-қалай? Деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – үстеу.
	9. Мағынасына қарай: сын-қимыл үстеуі.

2. Үстеуді сәйкестендір.

тыстан		келді
қасақана		кездесті
шарасыздан	қайтты	
өте жақсы		келісті
анағұрлым	→	оқыды
бүгін		көбейді
асыға	→	сөйледі

3. Оқулықпен жұмыс: 296-жаттығу.

4. Ашық тест:

Р/с	Сұрақ	Жауап	Ережесі
1.	Мезгіл үстеуді тап	а) әдейі ә) босқа б) ертең	
2.	Күрделі үстеуді тап	а) тез ә) бірден б) бостан-бос	
3.	Себеп-салдар үстеудің сұрағы	а) не мақсатпен ә) не себепті?	
4.	Дұрыс жазылғанын тап.	б) қайдан? а) күні-бойы ә) талай-талай	
5.	Тиістісін қой. Сыныптағы оқушылар ... жарысты.	б) ала жаздай а) босқа ә) қасақана б) қасқырша	

IV. Оқушылар бірін-бірі бағалайды.

Оқшау сөздердің тыныс белгілері мен өзіндік ерекшеліктерін оқыту
(8-сынып)



Бөлімі	Сағат саны	Сабақтың мазмұны	Уақыты
Кіріспе	1-сабақ	Оқшау сөздер 1.Қаратпа сөз, оның тыныс белгілері 2.Қыстырма сөздер, тыныс белгілері 3. Одағай, тыныс белгілері 4. Дәптермен жұмыс	5- мин
			10 мин
			10 мин
			10 мин
Сөйлеу	2-сабақ	Конференция сабақ	45 мин
	3-сабақ	«Берин-ринг» ойыны	45 мин
	4-сабақ	«жарыс» ойыны	45 мин
Қорытынды	5-сабақ	Диктант	45 мин

Нені біліп шығу керек?

Оқшау сөздер туралы түсінік. Қыстырма сөз, қаратпа сөз, одағай сөздердің өзіндік ерекшелігі, олардың тыныс белгілер, орын тәртібі туралы түсінік беру.

Қаратпа сөздің мүшелерімен ұқсастығы, қыстырма сөздің құрамы, одағайдың сөйлемдегі қызметі. Оқшау сөздерді шығармашылық жұмыстарда Тани білу, сақатты жазуға баулу.

Сабақ барысы. Тақтаға сабаққа қажетті кесетелер ілінеді.





Оқшау сөздердің екінші сабағын конференция сабақ түрінде өткізу мүмкін. Конференция сабақтың өткізілу шарты. Сынып оқушыларынан қыстырма, қаратпа, одағай орнына конференцияға қонаққа шықырылады. Оқушыларға дайындалуға 10 минут беріледі. Осы уақыт ішінде конференция қонақтары да өздерінің тақырыптары бойынша дайындалса, қалған оқушылар сұрақ қоюға дайындалады.

Сабақ 3 турдан тұрады.

1-турға 15 минут. Қонақтардың ойын тыңдау.

2-турға 15 минут. Оқушылардың сұрағына қонақтар жауап береді.

3-турға 15 минут. Мұғалім сабақты қорытындылайды.

Сабақ барысында оқушылардың конференция қонақтарына қойған сұрақтары

1. Қыстырма сөздер сөйлем мүшелерінен қалай ажыратылады?
2. Одағай сөйлем мүшесі бола ала ма?
3. Қыстырма сөздер түсінік сөз, түсінік сөйлемдер түрінде келсе қандай тыныс белгілері қойылады?
4. Қаратпа ретінде жиі жұмсалатын сөздерді ата.

Сабақтың барысында оқушыларға түсініксіз болған жәйіттерді мұғалім мысалдар арқылы түсіндіріп, сабақты қорытындылайды.

Оқушы білімі бағаланады.






Сабақтас құрмаластың сөйлемнің жасалу жолдары қандай болады?

Бағыныңқының баяндауышы	Тұлғалық белгісі	Сұрауы	Сөйлемдердің сызбасы
1. Шартты рай	-са, -се	Қайтсе? (Не етсе?)	/...../ тыңдаса, /_____/.
2. Көсемше	-ма + й (-ме + й) -майынша (-мейінше)	Қайтпей? (Не етпей?) Қайтпейінше? (Не етпейінше?)	/...../ таппай, /_____/. /...../ үйренбейінше, /_____/.
3. Есімше	-ған + да (-ген + де)	Қайткенде? (Не еткенде?)	/...../ болмағанда, /_____/.

Венн диаграммасы

**Аралас құрмалас
сөйлем**

**Салалас та, сабақтаса да
жасалады**



«Қазақ тілін оқыту методикасы» пәнінен тест варианттары.

I – вариант

1. Қазақ тілін оқыту методикасы пәндік мазмұнына қарай нешеге бөлінеді?
А/ 3
В/ *2
С/ 4
Д/ 5
2. Қазақ тілінен білім беру құралдарының құрылымдық теориясы туралы методика қандай методика?
А/ жеке методика
В/ *жалпы методика
С/ практикалық методика
Д/ әр түрлі методика
3. Қазақ тілін оқыту методикасының мазмұнына қарай бөлінетін түрлері қайсылар?
А/ жалпы, жеке
В/ *теориялық, практикалық
С/ фонетикалық, лексикалық
Д/ синтаксистік, грамматикалық
4. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері неше бөлімнен тұрады.?
А/ 2
В/ *3
С/ 4
Д/ 5
5. Тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің өтілу тәртібі не деп аталады?
А/ анықтама
В/ *жүйе
С/ ереже
Д/ негіз
6. Әңгіме, хабарлау, түсіндіру әдістері қандай әдістер тобына жатады.?
А/ практикалық әдістер
В/ *теориялық әдістер
С/ көрнекі әдістер
Д/ түсіндіру әдісі
7. Қазақ тілін оқыту методикасы пәні нені үйретеді?
А/ Тілдік салалардың кешенді оқыту методикасын қарастырады.
В/ Қазақ тілінен білім беру құралдарының теориясы туралы ілім.
С/ Методикалық ой-пікірлердің дамуы.
Д/ *Мектеп оқушыларына қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беру құралдары технологиясын үйретеді.
8. Белгілі бір тілдік тақырыптарды жігіне қарай ажыратып ыдырату қандай әдіс деп аталады?
А/ талдау әдісі
В/ *аналитикалық әдіс
С/ түсіндіру әдісі
Д/ хабарлау әдісі
9. Сөз бөлшектерінің құрамын ыдырату-біріктіру қандай талдау?
А/ фонетикалық талдау
В/ *морфологиялық талдау
С/ лексикалық
Д/ синтаксистік
10. Сөздің ішкі мағыналық құрамын ыдырату-біріктіру қандай талдау?
А/ морфологиялық талдау
В/ *лексикалық талдау
С/ синтаксистік талдау

Д/ фонетикалық талдау

11. Жеке методиканың қызметі не?

А/ Қазақ тілінен білім беру құрылымдық теориясы

В/ Білім беретін мұғалімдердің іс-тәжірибелерін жинақтайды

С/ Жеке білім беру құралдары тармақтарынан теориялық байымдаулар

Д/ *Тілдік салалардың кешенді оқыту методикасын қарастырады

12. Жаттығудағы орындалу шарттарының ауысып отырылу түрі қай әдіске жатады?

А/ талдау әдісіне

В/ *өзгерту әдісіне

С/ сөйлем құрату әдісіне

Д/ шығарма жаздыру әдісіне

13. Түсіндірмелі диктант неше түрге бөлінеді?

А/ үш

В/ *екі

С/ төрт

Д/ бес

14. Қазақ тілінен білім беруде жүргізілетін диктанттар неше топқа бөлінеді?

А/ үш

В/ *екі

С/ бес

Д/ төрт

15. Теориялық әдістер нені үйретеді?

А/ Білім мен дағды беру жолдарын

В/ *Тілдік материалдардың анықтамаларын меңгертеді

С/ Жеке білім беру құралдарын.

Д/ Сұрақ-жауап арқылы жүргізілетін білім беру құралы

16. Қазақ тілін оқытуда жиі қолданатын көрнекі әдістер қайсылар?

А/ сөйлем құрату, мазмұндама жаздыру әдістері

В/ *кестені пайдалану, анықтағыш дәптерді пайдалану әдістері

С/ лексикалық, фонетикалық талдау әдістері

Д/ теориялық, практикалық әдістер

17. Мамандардың толық қатысымен өткен қалып?

А/ жабық сабақ

В/ * ашық сабақ

С/ қайталау сабағы

Д/ дәстүрлі сабақ

18. Білім беру ісін ұйымдастырудың сыртқы әрекеті не деп аталады?

А/ талдау

В/ * қалып

С/ зерттеу

Д/ тексеру

19. Іздендіру мақсатында жүргізілетін оқыту қалпы?

А/ қосынды

В/ *зерттеу

С/ көрініс

Д/ жабық

20. Тәжірибе әдісі дегеніміз не?

А/ сұрақ-жауап арқылы жүргізілетін білім беру құралы

В/ методикалық ой-пікірлердің даму, қалыптасу эволюциясы

С/ *көрсету арқылы жүргізілетін білім беру құралы

Д/ білім мен дағды беру.

21. Жаттығулар жиынтығы деген не?

А/ лекция

В/ *практикум

- С/семинар
Д/ лаборатория
22. Семинар сабақ дегеніміз не?
А/ Оқушы білімінің деңгейін сынау
В/ *білім мен білік, дағдыны толықтыра түсу мақсатында жүргізілетін жұмыс
С/ оқушылардың іскерлігін арттыратын жұмыс
Д/ оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын жұмыс
23. Оқушылар білімін жүйелейтін тестің неше түрі бар?
А/бес
В/*төрт
С/үш
Д/екі
24. Күнделікті өтілетін тақырыптарға байланысты жасалатын жоба жоспардың қайсысы?
А/ күнтізбе жоспар
В/ тақырыптық жоспар
С/* сабақ жоспары
Д/ жылдық жоспар
25. Әр сыныптағы тілдік материалдарды оқу жылы бойынша мөлшерлеу қандай жоспар?
А/ тақырыптық
В/*күнтізбе
С/сабақ
Д/жылдық
26. Лексикалық талдау әдісі дегеніміз не?
А/ белгілі бір тілдік тақырыптарды жігіне қарай ажыратады
В/ *сөздің ішкі мағыналық құрамын ыдырату-біріктіруді
С/ Сөздің ішкі дыбыстық құрамын
Д/ Сөз бөлшектерінің ішкі құрамын ыдырату-біріктіру
27. Қазақ тілі бойынша талдаулар көлеміне қарай нешеге бөлінеді?
А/ *2
В/ 3
С/ 4
Д/ 5
28. Фонетикалық талдау орындалу тәсіліне қарай нешеге бөлінеді?
А/ 2
В/ *3
С/ 4
Д/ 5
- 29.Түсіндірмелі диктант түрлері қайсылар?
А/*есту, көру
В/ бақылау, таңдау
С/ мәтіні өзгертілген диктанттар
Д/ мәтіні өзгертілмеген диктанттар
30. Тілдік фактілерді кірістіре отырып, бір түрлі мазмұнды мәтін жасау
А/шығарма жаздыру
В/диктант жазу әдісі
С/сөйлем құрату әдісі
Д/ түрін өзгерту әдісі
31. Тәжірибе әдісі дегеніміз не?
А/ сұрақ-жауап арқылы жүргізілетін білім беру құралы
В/ методикалық ой-пікірлердің даму, қалыптасу эволюциясы
С/ *көрсету арқылы жүргізілетін білім беру құралы
Д/ білім мен дағды беру арқылы

32. Ақпарат арқылы жүргізілетін білім беру құралын не дейміз?
А/*хабарлау әдісі
В/түсіндіру әдісі
С/тәжірибе әдісі
Д/әңгіме әдісі
33. Бірыңғай түсіндіру арқылы жүргізілетін білім беру құралдарын не дейміз?
А/хабарлау әдісі
В/*түсіндіру әдісі
С/ әңгіме әдісі
Д/ тәжірибе әдісі
34. Сыртқы сөйлеу ішкі түріне қарай нешеге бөлінеді?
А/*екіге
В/үшке
С/төртке
Д/беске
35. Ауызша мазмұндау сөйлеудің қай түріне тән?
А/*монологтық
В/диалогтық
С/көру
Д/есту
36. Оқыту әдістері неше түрлі?
А/ *үш
В/ екі
С/ бес
Д/ он

II – вариант

1. Әрбір сыныптың шама-шарқына қарай алынған тілдік материалдың белгілерінің жиынтығы не деп аталады?
А/*көлем
В/ жүйе
С/ аумақ
Д/ негіз
2. Шеберлік құралдары мен тәсілдерін жетік білудің жиынтығы
А/ методика
В/*технология
С/ зерттеу
Д/ ғылым
3. Қазақ тілін оқыту методикасының дидактикалық принциптері нешеу?
А/ 4
В/ 5
С/ 7
Д/*8
4. Үйретілген материалды оқушының толық саналы меңгеруі қай принципке жатады?
А/*саналалық принципі
В/ ғылыми принципі
С/ жүйелілік принципі
Д/ болжау принципі
5. Оқыту процесін тексеру неше түрлі жолмен іске асырылады?
А/ екі түрлі
В/*үш түрлі
С/бес түрлі
Д/жеті түрлі
6. Зерттеушінің жұмысының дұрыстығын қандай эксперимент тексереді?

А/ оқыту эксперименті

В/тексеру эксперименті

С/ зерттеуэксперименті

Д/*бақылау эксперименті

7.Белгілі бір орфографиялық ережелерге байланысты сөз тізбектерін жазуға байланысты диктант

А/*терме диктант

В/ өздік диктант

С/ еркін диктант

Д/ түсіндірме диктант

8.Оқыған тексттің мазмұнын өз сөздерімен жазатын диктант

А/ сөздік диктанты

В/*еркін диктанты

С/ бақылау диктанты

Д/ шолу диктанты

9.Өтілген тақырыпты оқушылардың қалай меңгергенін байқау мақсатында мұғалімнің айтуымен жазылатын диктант

А/*түсіндірме диктант

В/ еркін диктант

С/ өздік диктант

Д/ терме диктант

10.ҮІ сыныптағы диктанттың сөздер саны

А/ 90-100

В/*100-110

С/ 110-120

Д/ 120-140

11.ҮІІІ сыныптағы диктанттың сөздер саны

А/ 90-100

В/ 100-110

С/*120-140

Д/ 170-180

12.Лекция көлеміне, өткізілу мақсатына қарай неше түрге бөлінеді?

А/ бес

В/сегіз

С/алты

Д/*үш

13. «Қазақ тілін оқыту мәселелері» кітабының авторы кім?

А/*И.Ұйықбаев

В/ Е.Көшербаев

С/ С.Жолымбетов

Д/ А.Исабаев

14.Лекция түрлері қайсылар?

А/*түсіндіру,баяндау,шолу

В/ көру, есту, қайталау

С/ оқу, жазу

Д/ сұрақ-жауап, диспут

15.Оқу материалдарының логикалық жағынан бірізбен құрылу тәртібі оқытудың қай принципіне тән?

А/ алдын ала болжау

В/ материалды дұрыс орналастыру

С/*оқытудың тиянақты болу

Д/ ғылыми принцип

16.Тілдік құбылыстың негізгі мәнін, тұлғалық қызметтерін саралайтын қорытынды пікір

А/*анықтама

В/ ереже

С/ жүйе

Д/ көлем

17. Теориялық методика зерттеу объектісіне қарай қандай түрлерге бөлінеді?

А/ теориялық, практикалық;

В/ бекіту қалпы, практикум қалпы, конкурс қалпы;

С/ *методикаға кіріспе, жалпы методика, жеке методика

Д/ методика тарихы, методикаға кіріспе;

18. Методология деген не?

А/ *Ғылыми зерттеу әдісі туралы ілім, яғни зерттеу әдістерінің жиынтығы.

В/ Мектеп оқушыларына қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беру құралдары.

С/ Бұл шеберлік өнері.

Д/ Білім мен тәрбие берудің шеберлік өнері.

19. Қазақ тілінен теориялық білім берудің тәсілдерін көрсетеді

А/ техника

В/ *әдіс

С/ сөз

Д/ тапсырма

20. Теориялық әдістер қайсылар?

А/ *әңгіме, хабарлау, түсіндіру, тәжірибе

В/ талдау, түрін өзгерту

С/ схемадан, кестеден пайдалану

Д/ түсініксіз сөздерді үйрету

21. Практикалық әдістер қайсылар?

А/ *көшіріп жазу, диктант жазу

В/ кітаптан пайдалану

С/ радионы, киноны пайдалану

Д/ әңгіме, хабарлау

22. Мұғалімнің өзі түсіндіріп, оқушының өзін іздендіретін әдіс

А/ хабарлау әдісі

В/ түсіндіру әдісі

С/ *әңгіме әдісі

Д/ тәжірибе әдісі

23. Сұрақ-жауап арқылы жүргізілетін білім беру құралы

А/ түсіндіру әдісі

В/ тәжірибе әдісі

С/ хабарлау әдісі

Д/ *әңгіме әдісі

24. Түсіндіру әдісі дегеніміз не?

А/ *бірыңғай түсіндіру арқылы жүргізілетін білім беру құралы

В/ ақпарат арқылы жүргізілетін білім беру құралы

С/ көрсету арқылы жүргізілетін білім беру құралы

Д/ анықтағыш арқылы жүргізілетін білім беру құралы

25. Көрсету арқылы жүргізілетін білім беру құралы қалай аталады?

А/ түсіндіру әдісі

В/ * тәжірибе әдісі

С/ хабарлау әдісі

Д/ әңгіме әдісі

26. Оқыту қалыптары нешеге бөлінеді?

А/ 5

В/ 8

С/ 2

Д/ *3

27. Шығарма жаздыру әдісі дегенде нені түсінесің?

- А/ *Тілдік фактілерді кірістіре отырып, бір түрлі мазмұндағы мәтін жасау шығарма жаздыру әдісі деп атайды.
- В/ Тілдік фактілерді ажыраттырып, мәтінге жуық ауызша немесе жазбаша айтып беру.
- С/ Жаттығудағы орындалу шарттарының ауысып отырылу түрі шығарма жаздыру әдісі деп атайды
- Д/ Сөз тізбектері мен сөйлемнің ішкі құрамын ыдырату- біріктіру шығарма жаздыру әдісі деп аталады.
- 28.Талдауды методикалық әдебиеттерде не деп атайды?
- А/ әдіс
- В/ тәсіл
- С/ метод
- Д/*анализ
29. Білім көлемі туралы түсінігің
- А/ Методикалық ой-пікірлердің даму, қалыптасу эволюциясы
- В/*әр бір сыныптың шама-шарөына қарай екшелеп алынған тілдік материалдардың өзіндік белгілердің жиынтығы.
- С/ Тілдік салалардың кешенді оқыту методикасын қарастырады
- Д/ Білім беретін мұғалімдердің іс-тәжірибесін жинақтайды.
30. Түрін өзгерту әдіс деген не?
- А/ Сөз бөлшектерінің ыдырату-біріктіру
- В/Сөздің ішкі құрамын өзгерту
- С/ *Жаттығудағы орындалу шарттарының ауысып отырылу
- Д/ Зат есімдерге байланысты сөздерді сын есіммен алмастыру
31. Мазмұндау әдісі деген не?
- А/ *Тілдік фактілерді ажраттырып, мәтінге жуық ауызша немесе
- В/ Жазбаша айтып беру мазмұндау әдісі деп аталады.
- С/ Жаттығудағы орындалу шарттарының ауысып отырылу
- Д/ Сөздің ішкі құрамын өзгерту
32. Практикум қалпы деген не?
- А/ Сөздің ішкі құрамын өзгерту
- В/ *жаттығулар жиынтығы қалпы
- С/ Сөз бөлшектерінің ыдырату-біріктіру
- Д/ зат есімдерге байланысты сөздерді сын есіммен алмастыру
- 33.Тың білім беру мақсатында жүргізілетін қалып.
- А/ біріккен қалып
- В/*лекция қалпы
- С/ жаңа қалып
- Д/ бекіту қалпы
- 34.Көлемі жағынан кең, мақсаты мен айтылатын пікірлері күрделілеу лекция қайсы?
- А/*баяндау
- В/ шолу
- С/ түсіндіру
- Д/ хабарлау
- 35.20-25 минут уақытта V-VII сыныптарға мөлшерленген лекция
- А/ шолу
- В/*түсіндіру
- С/ баяндау
- Д/ хабарлау
- 36.Мерзімді және қорытынды қайталау түрлерінде жүргізілетін лекция
- А/ бекіту
- В/ баяндау
- С/*шолу Д/ хабарлау

III – вариант

1. Күнделікті қайталау не үшін өткізіледі?

А/ *Өткен материалдар мен жаңа тақырыпты ұштастырып жаңа сабақты жүйелі алып бару үшін

В/ өтілген тілдік материалды пысықтау мақсатында

С/ өтілген тілдік тараулар мен күрделі тақырыптарды

түсіндіру үшін

Д/ бір жылдық материалдарды оқу жылы басында еске түсіру үшін

2. Бастапқы қайталау не үшін өткізіледі?

А/ өтілген тілдік материалды пысықтау мақсатында

В/ *бір жылдық материалдарды оқу жылы басында еске түсіру үшін

С/ Өткен материалдар мен жаңа тақырыпты ұштастырып жаңа сабақты жүйелі алып бару үшін

Д/ өтілген тілдік тараулар мен күрделі тақырыптарды

түсіндіру үшін

3. Талқы сөзінің атауы

А/ *интерпратация

В/ технология

С/ анализ

Д/ синтез

4. Мазмұнның қызметі

А/ тілдік тараулардың ірі-ірі мәселелерін сұрыптайды

В/ * тілдік салалардың қатысуын саралайды

С/ сөз жасамды зерттейді

Д/ талдау түрлерін үйретеді

5. Жүйе дегеніміз не?

А/ *тілдік материалдардың өзіндік белгілерінің өтілу тәртібі

В/ дұрыс жазылу мен айтылу емделеріне байланысты өзіндік белгілердің жиынтығы

С/ тілдік құбылыстардың негізгі мәнін, қызметін саралайды

Д/ материалдың басты-басты белгілері бойынша анықтама береді

6. Қайталау сабақтары методикалық өлшемге негізделіп неше топқа бөлінеді?

А/ *4

В/ 5

С/ 3

Д/ 7

7. Қазақ тілі материалдарын оқушылар ойына толық қалыптастыру мақсатында алып барылатын жұмыс формасы

А/ диктант жазу

В/ шығарма жазу

С/ мазмұндама жазу

Д/ *қайталау сабағы

8. Пысықтау қалыптарының құрылымы

А/ *бекіту, практикум, конкурс, конференция, семинар, қайталау,

В/ олимпиада, ойын қалыптары

С/ зерттеу, лекция, практикум, бекіту

Д/ тест, қайталау, конкурс

9. Сынау қалыптарының құрылымы

А/ *тексеру, талқылау, сынақ, рейтинг тест қалпы

В/ қайталау, семинар, сынақ, тексеру қалпы

С/ конкурс, практикум, бекіту, жаңа қалып

Д/ бекіту, зерттеу, лекция қалпы

10. Әр сыныптағы тілдік материалдарды оқу жылы бойынша мөлшерлеу қай жоспарға тән?

А/ *күнтізбе жоспар

В/ тақырыптық жоспар

С/ сабақ жоспарына

Д/ жұмыс жоспарға

11.Сабақ процестері толық қамтылып жасалатын жоба қандай жоспар?

- A/ жай жоспар
- B/сабақ жоспары
- C/*күрделі жоспар
- D/ күнтізбе

12.Тек сабақтың сызбасын ғана көрсететін жоспар

- A/ күрделі жоспар
- B/* жай жоспар
- C/ сабақ жоспары
- D/ күнтізбе жоспары

13.Сабақ жоспары өзінің ішкі құрылымына қарай неше бөлімге бөлінеді?

- A/ бес
- B/ төрт
- C/жеті
- D/*үш

14. Тест қай сөзден алынған?

- A/*байқау
- B/көру
- C/есту
- D/бағалау

15. Тілдік салалардың қатысуын саралайтын бөлім?

- A/*Білім мазмұны
- B/Аумақ
- C/Көлем
- D/Талқы

16. Білім беру интерпретациясының бөлімдерін атап көрсет?

- A/Теориялық, практикалық, көрнекілік
- B/*Мазмұн, аумақ, көлем
- C/Түсіндірмелі, анықтағыш
- D/ Дұрыс жауап жоқ

17. Қайталау сабақтарын топтастыр

- A/ семиар,лекция, бекіту, жаңа сабақ
- B/ тексеру, зерттеу, семиар, кітаптан пайдалану
- C/*бастапқы, күнделікті, мерзімді, қорытынды.
- D/ бастапқы, зерттеу, бекіту, мерзімді

18. Диктант жаздырудың уақыт мөлшері.

- A/ 40-45 минут
- B/*30-35 минут
- C/ 35-40 минут
- D/ 20-25 минут

19.Сабақ жоспары бойынша өткізілетін бағалау

- A/ аралық
- B/*күнделікті
- C/ қорытынды
- D/ қайталау

20.Бірнеше тақырыптарды өтіп болғаннан соң алып барылатын бағалау.

- A/*аралық
- B/ қорытынды
- C/ күнделікті
- D/ тоқсандық

21.Тапсырмалары бір-біріне ұқсас компонентті тест

- A/*баламалы тест
- B/ толықтыру тесті
- C/ дәл жауапты тест

Д/сәйкестендіру тесті

22. Жоспарлау жұмыстары мазмұнына қарай нешеге бөлінеді?

А/ беске

В/ алтыға

С/*үшке

Д/ жетіге

23. Әр ай мен тоқсанда өтілетін тілдік тақырыптарды тақырыпшаларға ажырату қандай жоспар деп аталады?

А/*тақырыптық

В/ күнтізбе

С/ сабақ

Д/жұмыс

24. Монологтық сөйлеудің түрлері.

А/ бақылау, тыңдау

В/ есту, көру

С/ баяндау, шолу, түсіндіру

Д/ *ауызша түсіндіру, ауызша баяндау, мәнерлі оқу.

25. Ашық сабақ дегеніміз не?

А/Білім беру ісін ұйымдастырудың сыртқы әрекеті

В/ баяндау, шолу, түсіндіру

С/ *мамандардың толық қатысымен өткен сабақ

Д/ Мұғалімнің бір өзі қатысқан сабақ

26. Мұғалімнің бір өзі қатысқан сабақ

А/*жабық сабақ

В/ ашық сабақ

С/ қорытынды сабақ

Д/ қайталау сабақ

27. Жаңа, біріккен, лекция қай қалып?

А/пысықтау

В/ сынау

С/ тексеру

Д/*түсіндіру

28. Біріккен қалып қай қалыпқа кіреді?

А/ пысықтауға

В/*түсіндіруға

С/ тексеруға

Д/ сынауға

29. Біріккен қалыпты қандай сабақ ?

А/ семинар сабақ

В/ түсіндіру сабақ

С/ тексеру сабақ

Д/ *аралас сабақ

30. Күрделі еңбектің бір түрі не?

А/*үй тапсырмасын орындау

В/үй тапсырмасын сұрау

С/ үйге тапсырма беру

Д/үй тапсырмасын тексеру

31. Тіл мен математика ұғымдарының бірігуі қандай қалып?

А/ зерттеу

В/*қосынды

С/ашық

Д/ біріккен

32. Сынау қалыптарының құрылымына қайсылар жатады?

А/*тексеру, талқылау

В/ бекіту, қайталау

С/ жаңа, біріккен

Д/зерттеу, қосынды

33.Түсіндіру қалыптарының құрылымына қайсылар жатады?

А/ тексеру, талқылау

В/* жаңа, біріккен,лекция

С/ зерттеу, қосынды

Д/ бекіту, қайталау

34. Конкурс, семинар қалыптары қайсықалып құрылымына енеді?

А/*пысықтау

В/ түсіндіру

С/сынау

Д/зерттеу

35. Жаңа қалыпта оқушылар нені меңгереді?

А/*жаңа теориялық білімді

В/ өтілген тақырыпты

С/ талдау түрлерін

Д/ шығарма жазуды

36.Оқушылардың тілден меңгеретін қағидалар жүйесі не?

А/ білік

В/*білім

С/дағды

Д/түсінік

Қазақ тілін оқыту методикасы пәнінен бақылау сұрақтары

1. Методика пәні және оның объектісі.
2. Қазақ тілін оқыту методикасының салалары.
3. Жалпы методика.
4. Жеке методика.
5. Методика тарихы.
6. Методикадан арнаулы курс.
7. Практикалық методика.
8. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері.
9. Анықтау әдісі.
10. Қорыту әдісі.
11. Бақылау әдісі.
12. Методикалық мұраларды үйрену әдісі.
13. Методикалық тәжірибелерді талдау, анкетажүргізу, интервью алу әдістері.
14. Интерпретация туралы түсінік.
15. Білім мазмұны мен аумағы.
16. Білім көлемі.
17. Анықтаманың түрлері.
18. Тілдік материалдардың өзіндік белгілері.
19. Оқыту жүйесі.
20. Фонетикаға байланысты дағдылар.
21. Морфологиялық тақырыптарға байланысты тақырыптар.
22. Синтаксиске байланысты дағдылар.
23. Фонетиканы оқыту жүйесі.
24. лексиканы оқыту жүйесі.
25. Морфологияны оқыту жүйесі.
26. Синтаксисті оқыту жүйесі.
27. Тіл материалдарды меңгертудің ерекшеліктері.
28. Әдістерді классификация жасаудың өлшемдері.
29. Әдістердің классификациясы.
30. Теориялық әдістер туралы түсінік
31. Өңгіме әдісінің құрылымдық элементтері.
32. Түсіндіру әдістерінің құрылымдық әдістері.
33. Көшіріп жазу әдісінің түрлері.
34. Мәтіні өзгертілген диктанттар.
35. Мәтіні өзгертілмеген диктанттар.
36. Қазақ тілін әдебиет материалдарымен байланыстырып өту әдістері.
37. Түсініксіз сөздердің топтары.
38. Диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету әдістері.
39. Көрнекі әдістер түрлері.
40. Сабақты классификация жасаудың өлшемдері.
41. Қалып топтары.

Глоссарий

Қазақ тілі біліміне грек тілінен енген сөздер.

- Алфавит** – әріптердің жүйелі тізбегі
- Антоним** – қарсы атау деген сөзі
- Антропонимика** – адам, атау
- Архизм** – ежелгі, ертегі
- Диалог** – екі сөз
- Грамматика** – жазу өнері
- Диалект** – сөйлеу
- Дифтонг** - қосарлы дыбыс
- Идиома** - өзгешелік
- Лексика**- сөздік қор
- Лексикография** –сөздік, ілім
- Изоглосс** – бірдей, біркелкі деген сөз.
- Топонимика** – «жер» мағынасындағы сөзі
- Семпиотика** – «таңба» деген мағынадағы сөзі
- Кибернетика**- «меңгеремін» деген сөзі.
- Синекдоха** - бірге жобалап түсіну деген сөзінен жасалған.
- Омоним** – «бірдей, біркелкі» дегенді білдіреді.
- Омофон** – біркелкі дыбыс
- Омограф** – біркелкі жазу
- Синоним** – қатар атау деген сөзінен алынған.
- Эвфемизм** – «сыпайы сөйлеймін» деген сөзінен жасалған термин.
- Анализ** – ыдырату
- Синтез** - біріктіру
- Лекция** – оқу деген сөзінен алынған термин.

Қазақ тілі біліміне латын тілінен енген сөздер.

- Ассимиляция** – үндесу
- Аффикс** – қосылған
- Альвеоляр** - латын тілінің «қуыс» деген сөзі
- Атрибут** – латынның сөзі, «бірдеменің ең маңызды белгісі» деген.
- Билабиаль** - латын тілінің «екі ерін» деген сөзі
- Диссимиляция** - өзгеру
- Субстанция** – латын сөзі, мән деген сөз.
- Фрикатив** – латын тілінің «үйкелу» сөзі
- Лабиаль** - латын тілінің «ерін»деген сөзі
- Денталь** - латын тілінің «тіс» деген сөзі
- Лабиоденталь** - латын тілінің «ерін және тіс» деген сөзі
- Консонантизм** - латын тілінің «дауыссыз дыбыс» деген сөзі
- Квантатив** - латын тілінің «сан, мөлшер» деген сөзі
- Интонация** – қатты айту
- Историзм** – көнерген сөз
- Индукция** – латын сөзі, даралық деген
- Дедукция** - латын сөзі, жалпылық деген
- Субъект** - латын сөзі, адам деген
- Реляция** - латын сөзі, қатынас деген сөзінен алынған.
- Субстанция** - латын сөзі, мән деген сөзінен алынған.
- Конкурс** - латын сөзі, жарыс деген сөзінен алынған.
- Пунктуация** – нүкте
- Стилистика** – тілдік тәсілдер жүйесі
- Термин** – бір нәрсенің шегі

**Қазақ тілін оқыту методикасы пәні бойынша
реферат тақырыптары:**

1. Оқушыларға қазақ тілінен берілетін білім көлемі.
2. Қазақ тілін оқытудың жүйесі.
3. Оқыту әдістері теориясы.
4. Теориялық әдістер құрылымы.
5. Практикалық әдістер құрылымы.
6. Фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау әдістері.
7. Түрін өзгерту, мазмұндау, сөйлем құрату, шығарма жаздыру әдістері.
8. Лексикалық және орфографиялық талдау әдістері.
9. Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тәсілдері.
10. Мәнерлі оқу әдісі.
11. Көрнекі әдістер.
12. Оқыту қалыптары.
13. Түсіндіру қалыптары.
14. Пысықтау қалыптары.
15. Сынау қалыптары.
16. Қалып жоспарлары.
17. Жай сөйлем синтаксисінен берілетін білім көлемі және оны оқытудың жүйесі.
18. Құрмалас сөйлем синтаксисінен берілетін білім көлемі және оны оқытудың жүйесі.
19. Сөйлемдегі өздердің байланысын оқыту методикасы.
20. Сөз тіркесін оқыту методикасы.
21. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін оқыту методикасы.
22. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін оқыту методикасы.
23. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін оқыту методикасы.
24. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін оқыту методикасы
25. Жай сөйлемнің түрлерін оқыту методикасы
26. Біңғайлас салалас пен қарсылықты сабақтасты оқыту методикасы
27. Түсіндірмелі, себеп-салдар және талғаулы салаласты оқыту методикасы
28. Шартты және қарсылықты сабақтасты оқыту методикасы.
29. Мекен және себеп-салдар бағыныңқылы сабақтасты оқыту методикасы.
30. Қимыл-сын. Мақсат және көп бағыныңқылы сабақтасты оқыту методикасы.
31. Аралас құрмалас сөйлем және оның тыныс белгілері.
32. Төл сөз бен төлеу сөзді (бөгде сөзді) оқыту методикасы.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

- 1.Қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1988 ж.
- 2.М. Әлімжанов, Ы. Маманов. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1966 ж.
- 3.Х. Арғынов. Қазақ тілі синтаксисі. А., 1969 ж.
- 4.Б. Құлмағанбетова, А. Исанова, М. Исінғарина, М. Көккөзова, Р. Құрманғалива, П. Айтжанова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А.,2000 ж.
- 5.А. Жапбаров. Оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және мазмұндама жүргізудің әдістемесі.А., 2002 ж.
- 6.А. Жапбаров. Қазақ орфографиясын игерту мен диктант жазудың әдістемесі. Шымкент. 2002
- 7.Жапбаров А., Тілеубердив Б. Оқушыларға мәтін құрастыру мен шығарма жаздыру әдістемесі. Шымкент. 2002 ж.
- 8.Т. Әбдікәрімова, Т. Әбдіғалиева, К. Шәймерденова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 1999 ж.
- 9.М. Балақаев. Тіл мәдениеті және мектепте, қазақ тілін оқыту. А., 1985 ж.
- 10.А. Жапбарв. Стилистиканы оқыту әдістемесі. А., 1995 ж.

Көмекші:

- 1.А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. А.,1992 ж.
- 2.Ә. Исабаева. Қазақ тілін оқытудың диактикалық негіздері. А., 1993 ж.
- 3.Ф. Оразбаева. Тілдік қатысым: теориясы менәдістемесі. А.,2000 ж.
- 4.Ж. Нұржанова. Қазсқ тілін тиімді оқыту жолдары. А., 2001 ж.

«Қазақ тілін оқыту методикасы» пәнінен
3-курс білімгерлері үшін лекция мәтіндер жинағы



Тақырып: Қазақ тілін оқыту методикасының жалпы негіздері Методика пәні, объектісі мен салалары

Жоспар:

1. Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымы.
2. Методика – теориялық пән.
3. Методика жетік мамандары дайындайды.
4. Методика сөзінің мәні.
5. Методиканың анықтамасы.
6. Білім беру құралдары.

Қазақ тілін оқыту методикасы теориялық курстардан саналады. Бұл пән жетік мамандар дайындайтын теориялық курстардан есептеледі. Методика сөз гректің **«методике»** деген сөзінен алынған. Бұл пәнді қазақша әдістеме деп аударып жүр. Бұл термин дұрыс келмейтін сияқты. Мұның негізгі мағынасы әдістану, құралтану дегендерді білдіреді.

Методика екі түрлі бағытта қолданылады.

1. Кез келген жұмыстарды орындау тәсілдерінің жиынтығы ретінде қолданылады.
2. Дидактиканың саласы ретінде білім беру құралдары мағынасында қолданылып келеді.

Біз осы білім беру құралдары дегенге айрықша көңіл бөлеміз.

Қазақ тілін оқыту методикасы пәнінен теориялық анықтама беруде оның тұла бойындағы ерекшеліктерін ескерген жөн. Жалпы методикада қазақ тілін оқыту методикасына төмендегіше анықтама берілді.

Методика – мектеп оқушыларына қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беру құралдарын үйрететін пән. Білім беру құралдарына төмендегі методикалық проблемалар жатады:

1. Қазақ тілінен білім берудің мазмұны.
2. Қазақ тілінен білім берудің көлемі.
3. Қазақ тілін оқытудың жүйесі.
4. Тілдік атауларға анықтама берудің негізі.
5. Тілден білім берудің заңдылықтары.
6. Тілден білім берудің принциптері.
7. Қазақ тілінен оқыту әдістері.
8. Қазақ тілінен білім берудің тәсілдері.
9. Қазақ тілін оқыту қалыптары.
10. Дағды жұмыстарының түрлері.
11. Білім берудің көрнекі құралдары.
12. Тілдік салаларды оқытудың методикалық жүйесі.

Қазақ тілін оқыту методикасының объектісі – тілдік материалдар. Тілдік материалдар өзінің қарастыру объектісіне қарай өз ішінде үлкен екі топқа бөлінеді: теориялық тілдік материалдар: практикалық, дидактикалық материалдар.

Методика-педагогика ғылымдарының бір саласы , білім беру құралдарының жиынтығы , қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беру құралдарын зерттейді..

Сондай-ақ методика пәндік мазмұнына қарай үлкен екі салаға бөлінеді:

1) Теориялық методика. Бұл қазақ тілінен білім берудегі қағидалар жүйесін қарастырады. Оған методикаға кіріспе, жалпы методика, жеке методика және методика тарихы курстары кіреді.

2) Практикалық методика. Ол тілден сабақ беретін мұғалімдердің іс-тәжірибелерін жинақтайды.

Сонымен бірге методика зерттеу объектісіне қарай мынадай салаларға ажыратылады:

1. Методикаға кіріспе. Бұл-методикалық категориялар мен ұғымдар негіздері жайында алғашқы түсінік беретін сала.

2. Жалпы методика. Бұл-қазақ тілін оқыту құралдарының құрылымдық теориясы туралы ілім.

3. Жеке методика. Тілдік салаларды оқытудың кешенді жүйесін, методикасын қарастырады.

4. Методика тарихы.

Методикалық ой-пікірлердің қалыптасу, даму эволюциясын зерттейді. Мектеп құрылымына қарай бірнеше салаларға бөлінетіндігі, методика курсының мазмұны баяндалады. Басқа пәндер сияқты қазақ тілін оқыту методикасының мынадай салалары бар.

Методика пәндік мазмұнына қарай үлкен екі салаға бөлінеді.

1. Теориялық методика.

2. Практикалық методика.

Қазақ тілін оқыту методикасының қағидалары жүйесінен білім беретін саланы теориялық методика деп атайды. Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалімдердің іс тәжірибелерін жинақтайтын саланы практиканы методика деп атайды. Теориялық методикаға қағидалар мен байымдаулар жататындығы белгілі. Қазақ тілін оқыту методикасы зерттеу объектісіне қарай мынадай салаларға ажыралады:

1. Жалпы методика.

2. Жеке методика.

3. Методика тарихы.

4. Методикаға кіріспе.

Қазақ тілінен білім беру құралдарының құрылымдық жүйесін зерттейтін саланы жалпы методика деп атайды. Жеке тілдік салаларды оқытудың методикалық жүйесін қарастыратын саланы жеке методика деп атайды. Методикалық ой – пікірлердің даму, қалыптасу эволюциясын зерттейтін саланы методика тарихы деп атайды. Методикалық ұғымдардан алғаш хабар беретін саланы методикаға кіріспе деп атайды..

Теориялық методикаға мына сияқты салалар жатады:

1. Жалпы методика.

2. Жеке методика.

3. Методика тарихы.

4. Методикаға кіріспе.

5. Методикадан арнаулы курс.

Қазақ тілін оқыту методикасы мектеп құрылымына қарай төмендегі салалардан тұрады.

1. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту.
2. Орталау мектепте қазақ тілін оқыту методикасы.
3. Орта кәсіптік мамандық беретін мектептерде қазақ тілін оқыту методикасы.
4. Орыс сыныптарында қазақ тілін оқыту методикасы.
5. Жоғары оқу орындарында оқыту методикасы.
6. Қазақ тілін оқыту методикасының мазмұны төмендегі проблемаларды қамтиды:
7. Қазақ тілін оқыту методикасының жалпы негіздері.
8. Фонетиканы оқыту методикасы.
9. Лексиканы оқыту методикасы.
10. Морфологияны оқыту методикасы.
11. Орфографияны оқыту методикасы.
12. Синтаксисті оқыту методикасы.
13. Пунктуацияны оқыту методикасы.
14. Орфоэпияны оқыту тұсында диалектілік ерекшеліктерді болдармаудың методикасы.
- 15.9. Тіл ұстарту методикасы.
16. Қазақ тілі кабинетін ұйымдастыру методикасы.

Тексеру сұрақтары.

1. Қазақ тілін оқыту методикасы қандай пән?
2. Білім беру құралдарына нелер датады?
3. Қазақ тілін оқыту методикасының объектісі не?
4. Методика пәндік мазмұнына қарай қандай салалардан тұрады?
5. Зерттеу объектісіне қарай қандай салаларға ажыралады?
6. Мектеп құрылымына қарай қандай салалардан тұрады?
7. Методика мазмұнына қарай қалай бөлінеді?

Тірек ұғымдар.

Методика – мектеп оқушыларына қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беру құралдарын ұйағететін пән.

Жалпы методика - қазақ тілін оқыту құралдарының құрылымдық теориясы тұралы ғылым.

Жеке методика – тілдік салалардың оқыту жүйесін қарастыратын ілім.

Методика тарихы – методикалық ой – пікірлердің қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ілім.

Тақырып: Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері.

Сабақтың жоспары.

1. Зерттеу әдісі мен оқыту әдісінің ерекшеліктері.
2. Методикалық мұраларды үйрену әдісі.
3. Методикалық тәжіриделерді талдау әдісі.
4. Қазақ тілін оқытудың ғылыми-зерттеу әдістері.
 - а) Методикалық әдебиеттерді талдау және зерттеу әдісі.
 - ә) Алдыңғы қатарлы озат тәжірибені зерттеу әдісі.
 - б) Оқу процесін бақылау әдісі.
 - в) Өңгімелесу әдісі.
 - г) Анкета бойынша сұрап білу әдісі.
 - д) Эксперимент әдісі.

Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері мен білім беру әдістерінің басқаратын қызметтері басқа – басқа. Зерттеу қолданылады. Ал білім беру әдістері мектепте білім мен дағды беруде жүргізіледі. Зерттеу әдістері өзінің қарастыратын мәселелеріне қарай бірнеше топтарға бөлінеді.

1. Анықтау эксперименті қойылып отырған проблемалардың жай күйін белгілеу мақсатына жүргізіледі.

2. Оқыту эксперименті. Қойылып отырған эксперимент материалының тиімділігін байқау мақсатына жүргізіледі.

3. Бақылау эксперименті. Алынған нәтижелердің сапасын тексеру мақсатында өткізіледі.

4. Методикалық мұраларды үйрену әдісі.

5. Методикалық тәжірибелерді талдау әдісі.

6. Анкета жүргізу әдісі.

7. Интервью алу әдісі.

Мектепте оқытылатын барлық пәндер сияқты қазақ тілін оқыту әдістемесінің де ғылыми-зерттеу әдісі бар. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің алға қойған мақсаты-өзінің зерттеу объектісін жан-жақты танып білу, заңдылықтарын ашып айқындау. Демек ғылыми-зерттеу әдісі дегеніміз белгісізді тану, айқындау.

Ғылыми зерттеу жұмыстарының қай түрінде болмасын зерттелетін объектіні танып білу мынадай үш түрлі әрекет бойынша іске асырылады, бірінші-қажетті материалдар, фактілер жинау, екінші-жиналған факті немесе материалдарды талдау, салыстыру, үшінші-сол фактілер негізінде теориялық тұжырымдар, қорытындылар жасау. Құбылысты, объектіні ғылыми танып білу процесінде іске асырылатын бұл әрекеттер қазақ тілін оқыту әдістемесінде денегізгі кезеңдер болып саналады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми-зерттеу әдістерінің де белгілі жүйесі бар. Яғни, ол қазіргі тіл ғылымы жаңалықтарын, педагогика, психология пәндерінің өзара байланысын ескеріп отырады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылым ретіндегі дамуының басты шарты- әдістемелік зерттеулерді әрі қарай дамыту, жетілдіру, эксперименттік тәжірибелер жасау, мектеп тәжірибесін зерттеу, оған жаңа фактілерді қосу, методика ғылымындағы жаңалықтар, жетістіктер, орыс тілін оқыту әдістемесіндегі тәжірибелерді пайдалану, психологиялық әдістерге де көңіл бөлу. Сондай-ақ мектептегі оқыту жүйесі деңгейін зерттей отырып, бақылау жасаумен бірге, методика ғылымының жаңалықтарын үнемі ескеріп, мұғалімнің жан-жақты методикалық ізденістерін дамыта отырып, творчестволықпен сабақ беруіне көмектесу жолдарын қарастыру негізгі мәселелердің бірі болып саналады.

Сонымен, қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми-зерттеу әдістері мыналар:

- методикалық әдебиеттерді талдау, зерттеу~
- алдыңғы қатарлы озат мұғалімдердің іс-тәжірибелерін зерттеу;

- сабақ процесін көру, бақылау~
- анкет бойынша сұрап-білу әдісі~
- әңгімелесу әдісі~
- эксперимент әдісі.

Мұғалімнің педагогика, психология ғылымдары жаңалықтарын біліп отыруы аса қажет, онсыз оқу процесін сапалы ұйымдастыру мүмкін емес.

1. *Методикалық әдебиеттерді талдау және зерттеу әдісі*-мұғалімдердің күнделікті жұмыстарымен тығыз байланысты негізгі мәселелердің бірі. Мұғалімнің қазіргі методикада болып жатқан өзгерістерді, жаңалықтарды, психология, педагогика ғылымдарындағы жаңа ізденістер мен методиканың өткендегі мұраларын салыстырып пайдалануы қажет, онсыз оқу-тәрбие ісін ойдағыдай жүргізу мүмкін емес.

Қазақ тілін оқыту методикасы жүйелі зерттелінбеген десек те, бұл мәселе 1940 жылдардан бастап қолға алынғанын айту керек. Қазақ тілін оқыту методикасының негізгі мәселелері әр кезеңде зерттелінді де. Мысалы жеке мақалалар жазылып, методиканың кейбір салалары жөнінде ғылыми әрі практикалық жағынан талай еңбектер жарық көрді.

Алдыңғы қатарлы озат тәжірибені зерттеу әдісі-бұл әдіс те методиканы толықтырудың бір түрі. Өйткені тәжірибелі бір немесе бірнеше мұғалімнің творчествосына талдау жасауға болады. Атап айтқанда, тәжірибелі мұғалімнің жұмыс жоспарын, сабақ жоспарын, дидактикалық және методикалық нұсқауларды, таблица, сабақ көрнекіліктерін пайдаланудағы іс-тәжірибелермен танысу, олармен тәжірибе алмасу аса қажет. Сондай-ақ алдыңғы қатарлы озат тәжірибені зерттеу, оны жалпы мектеп практикасына ендіру, ұсыну ғылыми зерттеу жұмысында дұрыс тұжырымдар, қорытындылар жасауға, жаңа пікірлер ұсынуға мүмкіншілік жасайды.

Оқу процесін бақылау әдісі-бұл да методикада шешуші роль атқарады. Бұл метод арқылы мұғалімнің бүкіл сабақ жүйесінде қолданатын әдіс-тәсілдерінің дұрыс-бұрыстығы, оқушыларға ұсынылған жаттығулар мен грамматикалық тақырыптарға байланысты берілген мысалдардың оқушының жас ерекшелігіне лайықтылығы, дұрыстығы, егер дұрыс болмаса, оны қалай түзеу қажеттігін білуге пайдасы бар.

Сабақ процесін жүйелі, белгілі бір мақсатпен бақылау, байқау белгілі бір грамматикалық проблеманы дұрыс, жан-жақты, ғылыми талдау жасауға көмектеседі. Мысалы, зат есімді оқытумен байланысты қандай жұмыстар істелінді, нендей ғылыми тұжырым жасалынды деген мәселені жан-жақты қарастыруға мүмкіншілік болады.

Әңгімелесу әдісі арқылы мұғалім оқушының білімін бақылай отырып, жеке оқушымен де, топ оқушымен де әңгімелесу арқылы да сабаққа қорытынды жасай алады.

Орта мектепте бұл әдістің тиімділігі оқушының қазақ тілінен алған білімі мен іскерлік дағдыларын тексеріп, қандай қателер жібергенін анықтап, онымен жұмыс сітеудің жолдарын белгілейді.

Эксперимент әдісі-бұл әдіс методикада мектеп тәжірибесіне байқау жасап, белгілі бір ұсынылған әдістің тиімділігіне әбден көз жеткізу мақсатында, соны тексеру үшін пайдалы.

Қазақ тілі сабақтарында эксперимент жұмысы сабақта қолданылған әдістердің тиімділігін байқау үшін қолданылады. Мұндай мақсатта эксперимент қатар сыныптарда жүргізіледі. Эксперимент және бақылау жасау сыныптарындағы нәтижелер салыстырылады, оның пайдалылығы жөнінде ұсыныстар жасалады. Ол әдістің тиімділігі дәлелденеді.

Оқыту процесін тексеру үш түрлі жолмен іске асырылады:

а) Оқыту, бақылау (констатирующий) тексеру мәніндегі эксперимент бойынша оқытудың жалпы жайы, оқушылардың білімі, қабілеті, дағдысы алдын ала тексеріледі. Осындай мақсатта ауызша және жазбаша жаттығу жұмыстарының текстері, түрлі материалдар дайындалады.

ә) Оқыту мәніндегі эксперимент-эксперимент жүргізіп жатқан сыныпта зерттеушінің ұсынып отырған мәселесінің тиімділігі, артықшылығы тексеріледі.

Мұнда ұзақ уақыт мұғалім мен зерттеуші оқу процесіндегі оқушылардың бүкіл ісіне бақылау жасайды.

б) Бақылау (тексеру) эксперименті арқылы зерттеушінің жұмысының ең соңғы рет дұрыс-бұрыстығы тексеріледі. Ол әрі эксперименттік, әрі тексеру эксперименті жүргізілген сыныпта өтіледі. Өйткені ұсынылып отырған мәселенің артықшылығы, тиімділігі, кемшілігі салыстырылады. Тиімді, өте пайдалы деп саналынған оқыту әдіс-тәсілдері кәсіпшілікке

ұсынылады. Немесе белгілі бір мектеп тәжірибесіне ендіріледі. Сондықтан методиканың дамуына байланысты оның зерттеу әдістері де жетілдіріліп, дамып отырылады. Қазір ғылым мен техниканың соңғы табыстарына байланысты ең таңдаулы деген сабақ үлгілері, немесе озат мұғалімнің іс-тәжірибесі телесабақ түрінде ұйымдастырылып, болмаса видео таспаларға жазылып, кең зерттеу жасауға мүмкіншіліктер жасалып отыр.

Әрине қазақ тілін оқыту методикасының ғылыми-зерттеу әдістері жеке-дара күйлерінде пайдалан-ылмайды. Олар бір-бірімен байланысты, қатарласа жүргізіледі, демек бір-бірімен қарым-қатынаста ғана іске асырылады.

Тексеру сұрақтары.

1. Оқыту эксперименті не үшін жүргізіледі?
2. Анықтау эксперименті қалай алып барылады?
3. Бақылау экспериментінде қандай жазба жұмыстары жүргізіледі?
4. Методикалық тәжірибелерді қалай жинақтауға болады?

Тірек ұғымдары.

Анықтау эксперименті – кейінгі жұмыстарда нақтылау мақсатында жүргізіледі.

Оқыту эксперименті - қойылып отырған материалды оқытып сынау мақсатында өткізіледі.

Бақылау эксперименті – түрлі жазба жұмыстары арқылы анықталады.

Тақырып: Методиканың басқа пәндермен байланысы

1. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің методологиялық теориялық негіздері
2. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің басқа ғылымдармен байланысы
3. Методиканың қазақ тіл біліміне байланыстығылығы.
4. Методиканың педагогикаға байланыстығы

Қазақ тілін оқыту методикасы сыбайлас пәндерге байланысты оқытылады. Бұл пән тіл біліміне, дидактикаға, психологияға және логика пәндеріне тікелей байланысты. Методиканың негізгі дені мектеп оқушыларының ойына лайықты оқыту қағидаларын қарастырады. Тілдік фактілердің өзіндік белгілерінің, жасалу жолдарының, анықтамалары мен ережелерінің сыныптың шамашарқына қарай белгіленуін қамтамасыз етеді. Педагогикааның дидактикаға саласы жалпы мектепте оқытылатын пәндердің оқытылу принциптерінмен жүйесі қарастырады. Ал методика әрбір жеке пәнді оқытудың теория мен практикасын зерттейді. Методика психология пәнімен тығыз байланысты. Тілдік материалдардың толық қалыптасуында түсінік, қабылдау, түйсік, сезім және сигнал жүйелері үлкен қызымет атқарады. Тілдік материалдарды меңгерудің психологиялық дағдылардың қызыметі ерекше. Методика логикаға да тікелей байланысты. Логика ғылымы дәл ойлау, дұрыс пікірлеу заңдылықтарын үйретеді. Сөйлемнің дұрыс құрылуын ойластырады. Түрлі тілдік фактілердің дәл болуын қамтамасыз етеді. Тілдік материалдардың өзіндік ерекшеліктерін реттеудің методикалық заңдылықтары бар Оқыту теориясының даму принциптері,оның ішінде қазақ тілі әдістемесінің методологиялық негіздері қоғам өмірімен тығыз байланысты.

Біздің қоғамымыз ілгері дамыған сайын,оқыту процестерінің де мазмұны жаңалрып,әдістері жетілдіріліп келеді.Оқыту процесінде кездесетін себептілікті,байланыстылықты,бір – біріне тәуелділікті, даму жолдарын нақты ажырату үшін таным заңдылықтарын жете білудің маңызы зор.

Әрбір пәннің оқыту әдістемесі белгілі бір ғылымға негізделген мысалы, әдебиетті оқыту әдебиеттану ғылымына, тарихты оқыту тарих ғылымына, ал қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тіл біліміне тығыз байланысты қаралады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі лингвистика, логика, педогогика және психология ғылымдарымен тығыз байланысты.

Әдістеменің лингвистикаға байланыстылығы, біріншіден, ол оқылатын пәннен жеке дара қаралмайды. Атап айтқанда тіл білімі жөніндегі материалдың мазмұнына орай әдіс тәсілдері таңдау, қолдану, олардың жолдарын көрсету, жаттығу мен дидактикалық материалдарды таңдап, іріктеуге тікелей байланысты.

Тіл ғылымының үздіксіз дамуы нәтижесінде әдістеме де жетіліп, байып отырады. Мектепте оқылатын қазақ тілі курсы лингвистика ғылымына жаңадан енген теориялар мен тілдік фактілер арқылы дамуда.

Қазіргі педогогика, психология, логика ғылымдарының соңғы жаңалықтарына шолу жасай келіп, қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде дамуының басты ерекшеліктерін мына мәселелердің төңірегінде қарастыруға болады: Әдістемелік зерттеу жұмыстары жетілдіріліп, олар кең өріс алды, эксперименттік, бақылау жұмыстары жүргізілуде, мектеп тәжірибесі жан – жақты зерттеліп, жаңа факті, дәлелдермен байытылуда.

Қазақ тілін оқытудың әдебиетпен байланысы. Мектеп практикасында тіл пәні мен әдебиет пәні бір-бірімен ұдайы байланыстырыла оқылады. Оқушылардың лексикасын байытып, оны молықтырып отыратын тіліміздің ең бай қазынасының бір қоры – қазақ халқының көркем әдебиеті мен оның алуантүрлі жанрлары.

Әдебиет салаларын тіл пәнін оқытуға байланысты орынды пайдаланып отыру оқушыларға эстетикалық тәрбие береді және соған оқушылардың икемділігін арттырып, шеберлендіреді.

Мәселен, мұғалім тіл пәнін оқытуда оқушыларға мақал-мәтелдерді, жұмбақ пен ертегілерді оқытып, ондағы грамматикалық белгілерді талдатып ажырату арқылы, біріншіден, тілдік материалды меңгерте, екіншіден, қазақ халқының әлеуметтік тарихи жағдайлары мен мүддесін білетін болады.

Мысалы, мұғалім мына сөйлемдерді оқып шығып, олардың ішінен етістіктерді тапқызады:

Ұлық болсаң кішік бол.

Күміс табақ дөңгелек

Аспанда жүреді дөңгелеп.

Су ішкен құдығыңа түкірме.

Тек жүрсең тоқ жүресің.

Тіл пәнінен оқушыларға білім беруде көркем әдебиетті көбірек пайдаланып отырудағы өнімді әдістерін табу және тіл пәні мен әдебиетті оқытуды практика жүзінде ұдайы байланыстырылып отыру – оқушылардың көркем өнерге қызығушылығын арттырады, тілден алатын білімін тереңдетеді, ойын ауызша жатық айта білуге дағдыландырады, олардың тілін байытып, дүние тануын кеңейтеді.

Қазақ тілін оқытудың педагогикамен байланысы. Қазақ тілін оқыту методикасына тіелей байланысты ғылымның бірі – педагогика ғылымы. Қазақ тілін оқыту жұмыстары мен оның методикалы принциптері педагогика ғылымының оқу, тәрбие беру жөніндегі барлық теорияларына, оның бөліміне негізделеді.

Өйткені дидактика – барлық ғылымды оқыту жолындағы әдістер теориясының педагогикалық ғылымның оқыту әдістері жөніндегі білім.

Сондықтан дидактикалық принциптер әр пәнді оқыту методикаларының, оның ішінде ана тілін оқыту методикасының теориялық негізі болып есептеледі.

Мұнымен бірге мектептерімізде оқылатын тіл пәні психология ғылымына да сүйенеді. Жастарға тәрбие берудің мақсаты мен міндеті оқушылардың мінез-құлқын, патриоттық сезімін тәрбиелеу, эстетикалық тәрбие берудің әдістері мен принциптері тілді оқытуда барлық уақытта психология ғылымымен байланыстырылып отырылады.

Тілді оқыту методикасы педагогика мен психологияның талаптарын сабақ кезінде де, сабақтан тыс жүргізілетін практикалық жұмыстар түрінде де тілді оқытуға үнемі байланыстырылып отыруды көздейді.

Қазақ тілін оқыту әдісте-месі лингвистика, логика, педагогика және психология ғылымдарымен тығыз байланысты. Әдістеменің лин-гвистикамен байланысты-лығы, біріншіден ол оқылатын пәннен жеке-дара қаралмайды. Атап айтқанда тіл білімі, тіл білімі жөніндегі материалдардың мазмұ-нына орай әдіс-тәсілдерді таңдау, қолдану олардың жолдарын көрсету, жаттығу мен дидактикалық матери-алдарды таңдап, іріктеумен тікелей байланысты.

Мысалы, фонетиканы оқытумен байланысты түрлі фонетикалық талдау жасау, әріптерді, дыбыстарды дұрыс айта білу, ал сөз таптарын оқыту барысында морфологиялық талдау, түрлі салыстырулар, жалғау мен жұрнақтың ара-жігін ажырату сияқты әдіс-тәсілдер қолданылады.

Тіл ғылымының үздіксіз дамуы нәтижесінде мето-дика жетіліп, байып отырады. Мектепте оқылатын қазақ тілі курсы лингвистика ғылымына жаңадан енген теориялар және тілдік фактілер арқылы дамуда. Мысалы, соңғы кездерде қазақ тілі бағдарламасына да, соған лайық оқулықтарға да елеулі жаңалықтар енді. Атап айтқанда, синтаксис бөліміне сөз тіркесі туралы мәліметті енгізу қарастырылады. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің алдына үлкен міндеттер қойылды. Осы тақырыптарды ғылыми тұрғыда оқушыларға түсіндірудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру қажеттілігі қойылып отыр.

Қазіргі педагогика, психология, логика ғылымдары-ның соңғы жаңалықтарына шолу жасай келіп, қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде дамуының басты ерекшеліктерін мына мәселелердің төңірегінде қарастыруға болады: әдістемелік зерттеу жұмыстары жетілдіріліп, олар кең өріс алды, эксперименттік, бақылау жұмыстары жүргізілуде, мектеп тәжірибесі жан-жақты зерттелініп, жаңа факті, дәлелдермен байытуда, сондай-ақ жалпы әдістеме ғылымындағы жетістіктерді, әсіресе орыс тілі әдістемесіндегі, тиімді, пайдалы деген іс-тәжірибелерді пайдаланып келеміз, атап айтқанда, оқушылар үлгірім-індегі басты кемшіліктер, оны жоюдың нақты жолдары қарастырылуда. Мысалы, тіліміздің фонетикалық, морфологиялық негіздерін жетік білмеуден емлелік қате жіберу, пунктуациялық және стильдік қателердің кездесуі қазақ тілін оқыту әдістемесіне басты назар аударуды талап етеді.

Сондай-ақ мектептегі оқыту жүйесінің деңгейін мұқият былай, зерттей отырып, әдістеме ғылымының жаңалықтарын, әсіресе қазіргі сабаққа қойылатын талаптардан мұғалімнің үнемі қабардар болып, өсіп отыруын негізгі мәселелердің бірі деп санау керек. Яғни, қазақ тілі білімі мен оның әдістемесін тығыз байланыста қарау мұғалімдердің жан-жақты творчестволық ізденістерін дамыту, ой туғызу, көмектесіп бағыт беру қазіргі мектеп реформасы талаптарына сай негізгі мәселелердің бірі болып есептеледі.

Тексеру сұрақтары.

1. Қазақ тілін оқыту методикасы қазақ тілімен қалай байланысады?
2. Тілдік психологиялық қандай ерекшеліктер бар?
3. Методика дидактикамен қалай байланысады?
4. Методика логикамен қалай байланысады?

Тірек ұғымдар.

Байланыс ұғымы – методиканың тіл біліміне, психологияға, педагогикаға және логикаға қатысын анықтайды.

Тақырып: Қазақ тілінен білім берудің әдістері мен тәсілдері.

1. Әдістің анықтамасы.
2. Әдстерді классификация жасаудың методикалық өлшемдері.
- 3 Теориялық әдістердің түрлері.
4. Практикалық әдістер туралы түсінік.

Қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде білім беру әдістері өте жиі іске асырылады. Сондай-ақ білім беру әдістері жалпы методиканың мәселелерінен саналады. Әдіс(метод)-грек тілінен енген сөз. Оның бастапқы ұғымы - зертеу деген мағынаны аңғартады. Бертін келе алғашқы мағынасын кеңейтіп, белгілі пәнді оқытудың әдісі дегенді білдіреді. Сөйтіп, *әдіс* қазақ тілінен теориялық білім берудің тәсілдерін. Соған байланысты практикалық дағды мен тәлім - тәрбие берудің амалдарын саралайды, соны практика жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының дәл жүйесін көрсетеді. Қазақ тілінен алған білімі мен білігін және практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыс жүйесі оқыту әдістерінің құрылымына тікелей байланысты. Сонымен бірге мұғалім басшылығымен орындалатын оқушы жұмысының тұрақты сатысы оқыту әдістерінің түріне қатысты болады. Білім беру әдістері қазақ тілінің теориялық материалдарын психикалық функциялар негізінде меңгертіп, оны оқушылар ойында қалыптастыруда және практикада шығармашылықпен қолдана білуді үйрететін тәсілдер құрамы болып табылады.

Білім беру әдістеріне төмендегідей анықтама беріледі: қазақ тілінен білім беру әдістері- оқушыларға білім мен білік және дағды беру жолында жүргізілетін тәсілдердің ішкі әрекеті жиынтығы. Білім беру әдістері мұғалімнің басшылығымен іске асырылады. Мұғалімнің тікелей білім мен дағды беру жолында қолданылатын жұмыстары болып табылады. Білім беруде күллі орындалатын жұмыстар білім беру әдістер бойынша алып барылады. Әдіс- дербес түсінік , тәсіл әдісті құрайтын элементтер. Сондықтан да тәсілдер элементтерден құралады.

Әдістің өзіне тән теориялық құрамы да оқытып, білім беру мақсатына негізделеді де, оның әр қайсысы практикада алуан түрлі жұмыс жүйесі процесінде мына сияқты ойлау дағдылары қалыптасады: тілдік материалдарды талдау;талданған объектінің өзіндік белгілірін санап көрсету; тақырыпты оқыту; тақырыптың ережесі мен анықтамасын айту.

Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастыруға төмендегі мәселелер өлшем етіп алынады. Ол өлшемдер мыналар:

1. Қазақ тілінен білім беру әдістері білім алу көздеріне байланысты классификация жасалады.

Сондықтан да біз оқушылардың білім мен дағдысы қайсы білім көздері негізінде келетіндігіне тоқталу керек:

1) оқушылар қазақ тілінен алған білімдері мен дағдысын өзін қоршаған ұжымды орталықпен қарым-қатынас жасау негізінде кеңейтеді,еңбектің барлық саласында бір-бірімен сөйлеседі, көрген –білгенін әңгімелейді, сөйтіп қарым-қатынас жасау негізінде белгілі бір білім негіздерін молайтады;

2) тілдік материалдың практикалық қолданысын оқушылар көркем әдебиетті оқу үстінде түсінеді;

3) оқушылар білім мен дағдыны қазақ тіліне байланысты жүргізілетін тәлім-тәрбие және сыыптан тыс орындалатын жұмыстар бойынша қалыптасады;

4) білім мен дағды мұғалімнің түсіндіруі бойынша қалыптасады;

5) білім мен білік қазақ тілі оқулығы бойынша қалыптасады;

6) білім мен дағды арнайы таңдалған дидактикалық материалдар: диктанттар, маөмұндамалар, үлестірмелі картатекалар және түрлі көрнекі құралдар негізінде шоғырланады.

2. Қазақ тілінен білім беру әдістері дидактикалық жұмыстардың мақсатына қарай классификация жасалады.

Оқушылардың терең білім алуы, сапалы меңгеруі, өздігінен жұмыс істей алуы, іскерлік дағдыларының артуы, дүниетаным білігінің кеңеюі дидактикалық жұмыстардың мақсаты болып табылады. Сонымен қазақ тілінен білім беру әдістері білім алу көздеріне негізделі отырып, практикалық дағдылардың мақсатына сай түрленеді. Білім беру әдістері өтілетін материалдардың мазмұнына, көлемі мен жүйесіне, оқушылардың логикалық ойын дамыту бағытына, өздігінен ізденіп орындалатын жұмыстардың мақсатына қарай жіктеледі.

3. Қазақ тілінен білім беру әдістері ірі методист - ғалымдардың айтқан методикалық ой-пікірлеріне байланысты классификация жасалады. Осыған орай методикаға байланысты жазылған көптеген еңбектерді атап өтуге болады. Оларда білім беру әдістерін оқушылардың білім алу көздеріне негізделі отырып, оларға төмендегіше клссификация жасауға болады.

1. Теориялық әдістер: Бұл топтың түрлері мыналар: әңгіме әдісі, хабарлау әдісі, түсіндіру әдісі, кітапты пайдалану әдісі.

2.Практикалық әдістер: дайын материалды талдау әдісі, фонетикалық талдау әдісі, лексикалық талдау әдісі, морфологиялық талдау әдісі, түрін өзгерту әдісі, мазмұндау әдісі, сөйлем құрату әдісі, шығарма жаздыру әдісі, диктант жазу әдісі, көшіріп жазу әдісі.

3.Көрнекі әдістер: сызбаны пайдалану әдісі, кестені пайдалану әдісі, карточканы пайдалану әдісі,анықтағыш дәптерді пайдалану әдісі, теледидарды пайдалану әдісі, компьютерді пайдалану әдісі.

Оқыту әдістері технологиясын мынадай кестемен көрсетуге болады:



Қазақ тілінен білім беру әдістерінің құндылығын бағалап отыру күрделі мәселелердің бірі. Оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағдыны меңгертуде қайсы әдістің тиімді екенін, қайсы тәсілдің басқа тәсілдерден өнімді екенін дәл көрсетуге теориялық методика қағидалары ескеріледі. Білім беру білікті үйретудің өзіне тән әдістерін таңдап, оны іске асыру саналы білім берудің кепілі бола алады.

Теориялық әдістер тілдік материалдардың негіздері мен заңдарын, анықтамалары мен ережелерін меңгертумен бірге, оларды практика қажетіне жаратуға бағыт сілтейді.

Теориялық әдістер тілдік материалдардың өзіндік белгілерін, жасалу жолдарын, анықтамалар мен ережелерін үйретеді.

Әңгіме әдісі.

Қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде, мұғалім мен оқушы қарым-қатынасын анықтайтын, бірде мұғалімнің өзі түсіндіріп, бірде оқушының өзін іздендіретін әдістің бірі- әңгіме әдісі. Бұл теориялық материалдарды практикалық жұмыстармен ұштастыру негізінде жүзеге асырылады. Мұны кейде мұғалімнің түсіндіруімен оқушының жауап сөзіне қарап, сұрақ- жауап әдісі деп те атайды. Қазақ тілінен өтілетін сабақты әңгіме әдісімен жүргізгенде, оқушылардың мына сияқты дағдылары қалыптасады: оқушылардың білім алу талабына сай, белсенділігі артады; тілдің өзіндік белгілерін дәлелдеп айтуға қызығады; тілін ширату негізінде өз сөйлемін стилистикалық жақтан дұрыс саптауға бейімделеді; жай сөйлем мен құрмалас сөйлем бойынша көрген-білгенін тәуірлеп айтуға жаттығады; өз пікірінен қорытынды шығаруға үйренеді.

Сабақты әңгіме әдісімен өткізуде, дидактикалық материалдың мәні күшті. Сондықтан да мұғалім тілдік материалдарды түсіндіруде қажетті сөйлемдер мен текстерді алдын ала сұрыптап, оқушылардың өздерін іздендіретін практикалық

дағдыларын да жүйелі пайдаланады. Сұрақ- жауап арқылы жүргізілетін білім құралын әңгіме әдісі деп атайды.

Оқушыларға қазақ тілінен берілетін теориялық білімді меңгертуде, әңгіме әдісінің құрылымы да үлкен маңызға ие. Жүргізілетін тәжірибелер методикалық эксперимент жұмыстардың қорытындыларына қарағанда, оның мынадай құрылымдық элементтерден тұратындығы анықталды:

1	Оқушылардың тілдік материалды бақылауы.
2	Тілдік материалдарды сұрақтар негізінде меңгеруі
3	Материалдың өзіндік белгілерінің сұрақтар арқылы айтылуы.
4	Сұрақ-жауап бойынша тақырыптың өзіндік ерешеліктеріне орай ережелер мен анықтамалардың шығарылуы.
5	Тақырыпқа байланысты практикалық дағдылардың жүргізілуі.

Хабарлау әдісі.

Хабарлау әдісі қазақ тілінен оқытуда жиі қолданылатын әдістің бірі. Қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде, тілдік материалдың жалпы заңдылығы мен оның ішкі өзіндік белгілері нақтылы мысалдар арқылы хабарланады. Хабарлау әдісі оқушылардың өздерін ойландырып, алғашқы айтылған пікірін жалпы ой қорытындыларын шығаруға бағыттайды.

Ақпарат арқылы жүргізілетін білім беру құралын хабарлау әдісі деп атайды.

Қазақ тілі материалдарын хабарлау әдісімен меңгертуде, оның құрылымдық элементтері де аса зор қызмет атқарады. Жүргізілетін методикалық эксперименттердің нәтижесіне қарағанда, хабарлау әдісінің мынадай құрылымдық элементтерден құралғандығы мәлім болды:

1	Мұғалімнің арнайы сұрыптап алынған дидактикалық материалдарына оқушылар өздері көз жүгіртеді.
2	Анықтама мен ережелерді мұғалімнің өзі айтып береді.
3	Мұғалім материалдардың өзіндік белгілерін жазып, тақтаға іліп қояды.
4	Мұғалім материалдың өзіндік белгілерін біртіндеп хабарлайды.
5	Өтілген материалға байланысты практикалық дағдылар жүйесі орындалады.

Түсіндіру әдісі.

Қазақ тілін оқытуда мұғалім түсіндіруінің үлкен маңызы бар. Түсіндіру әдісі білім беру және білім алу мақсатына қарай, негізінен, екі түрге бөлінеді: біріншісі- мұғалімнің түсіндіруі, екіншісі- оқушының түсіндіруі.

Мұғалімнің түсіндіруі мынадай жұмыс процесінде көбірек айқындалады: 1) мұғалімнің түсіндіруі түсініксіз объектілерді түсіндіру үстінде көп роль атқарады.

2) қазақ тіл тақырыптарын талдау кезінде жүргізіледі.

3) Жаңа теориялық білім таныту кезінде іске асырылады.

4) практикалық дағдылар жүргізіу барысында қолданылады.

Сондай-ақ оқушының түсіндіруі төмендегі орында жүзеге шығады.

- 1) қазақ тіл тақырыптарын белгілі бір мақсатқа қарай талдау кезінде түсіндіріледі.
- 2) Мұғалім үйретілген мәліметтерді еске түсіру тұсында оқушылардан түсіндіруді талап етеді.
- 3) Теориялық білімге байланысты қойылған сұрақтарға жауап беру үстінде оқушының түсіндіруі байқалады.
- 4) Сыныптағы жаттығу жұмыстарын орындау кезінде оқушының түсіндіруі іске асырылады.

Тәжірибе әдісінің қазақ тілі материалдарын оқушыларға жеткізуде маңызы ерекше. Көрсету арқылы жүргізілетін білім беру құралын тәжірибе әдісі деп атайды. Сабақты тәжірибе әдісімен өткізуде, оған қойылатын мына сияқты талаптарды ескерген жөн: қазақ тілі материалдарының мақсат, тақырып айқындылығы. Бұл әдіс қазақ тілі материалдарын тікелей көрсету негізінде жасалады.

Кітапты пайдалану әдісі. Қазақ тілі материалдарын оқытуда кітаптан пайдалану әдісінің маңызы ерекше. Мектеп оқушыларына арналған қазақ тіл оқулығы білім берудің негізгі құралы болып табылады. Кітапты пайдалану тұсында жүргізілетін жұмыс, жақсы ұйымдастырылған іс оқушылардың қазақ тіл бойынша алған білімі мен дағдысын тұрақты есте қалдырады. Оқулық- оқушылардың қайталау кезінде пайдаланылатын керекті құралы және анықтағыш кітабы.

Әңгімелесу әдісі арқылы мұғалім оқушының білімін бақылай отырып, жеке оқушымен де, топ оқушымен де әңгімелесу арқылы да сабаққа қорытынды жасай алады.

Орта мектепте бұл әдістің тиімділігі оқушының қазақ тілінен алған білімі мен іскерлік дағдыларын тексеріп, қандай қателер жібергенін анықтап, онымен жұмыс сітеудің жолдарын белгілейді.

Эксперимент әдісі-бұл әдіс методикада мектеп тәжірибесіне байқау жасап, белгілі бір ұсынылған әдістің тиімділігіне әбден көз жеткізу мақсатында, соны тексеру үшін пайдалы.

Қазақ тілі сабақтарында эксперимент жұмысы сабақта қолданылған әдістердің тиімділігін байқау үшін қолданылады. Мұндай мақсатта эксперимент қатар сыныптарда жүргізіледі. Эксперимент және бақылау жасау сыныптарындағы нәтижелер салыстырылады, оның пайдалылығы жөнінде ұсыныстар жасалады. Ол әдістің тиімділігі дәлелденеді.

Оқыту процесін тексеру үш түрлі жолмен іске асырылады:

а) Оқыту, бақылау (констатирующий) тексеру мәніндегі эксперимент бойынша оқытудың жалпы жайы, оқушылардың білімі, қабілеті, дағдысы алдын ала тексеріледі. Осындай мақсатта ауызша және жазбаша жаттығу жұмыстарының текстері, түрлі материалдар дайындалады.

ә) Оқыту мәніндегі эксперимент-эксперимент жүргізіп жатқан сыныпта зерттеушінің ұсынып отырған мәселесінің тиімділігі, артықшылығы тексеріледі.

Мұнда ұзақ уақыт мұғалім мен зерттеуші оқу процесіндегі оқушылардың бүкіл ісіне бақылау жасайды.

б) Бақылау (тексеру) эксперименті арқылы зерттеушінің жұмысының ең соңғы рет дұрыс-бұрыстығы тексеріледі. Ол әрі эксперименттік, әрі тексеру эксперименті жүргізілген сыныпта өтіледі. Өйткені ұсынылып отырған мәселенің артықшылығы,

тиімділігі, кемшілігі салыстырылады. Тиімді, өте пайдалы деп саналынған оқыту әдіс-тәсілдері кәсіпшілікке ұсынылады. Немесе белгілі бір мектеп тәжірибесіне ендіріледі. Сондықтан методиканың дамуына байланысты оның зерттеу әдістері де жетілдіріліп, дамып отырылады. Қазір ғылым мен техниканың соңғы табыстарына байланысты ең таңдаулы деген сабақ үлгілері, немесе озат мұғалімнің іс-тәжірибесі телесабақ түрінде ұйымдастырылып, болмаса видео таспаларға жазылып, кең зерттеу жасауға мүмкіншіліктер жасалып отыр.

Әрине қазақ тілін оқыту методикасының ғылыми-зерттеу әдістері жеке-дара күйлерінде пайдаланылмайды. Олар бір-бірімен байланысты, қатарласа жүргізіледі, демек бір-бірімен қарым-қатынаста ғана іске асырылады.

Тексеру сұрақтары.

1. Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастырудың өшемдерін айтып бер?
2. Білім беру әдістерінің қандай топтары бар?
3. Білім беру әдістерінің түрлерін айтып бер?
4. Әдіс сөзі қай тілден алынған?
5. Білім беру әдістері деген не?
6. Теориялық әдістер мен практикалық әдістердің айырмашылығы неде?
7. Көрнекі әдістер дегенде нелерді түсінесіңдер?

Тірек ұғымдар.

Классификация – топтастыру деген сөз.

Өлшем – негізгі тірек деген мағынада қолданылады.

1. Практикалық әдістер дағдыландыру жұмыстарын жүргізуде қолданылады.
2. Дағдыландыру жұмыстары машықтандыру, жаттығу істері дегенді білдіреді.

Тақырып: Қазақ тілін оқыту қалыптары /формалары/.

Сабақтың жоспары.

1. Оқыту қалпының анықтамасы.
 2. Сабақтың өзіндік белгілері.
 3. Сабақтың мазмұнына қарай бөлінуі.
 4. Сабақты классификация жасаудың өлшемдері.
 5. Сабақ топтары, түрлері.
 6. Сабақ құрылымдарының негігі ерекшеліктері.
- Түсіндіру сабақтарының мақсаты.
2. Түсіндіру сабақтарының түрлері.
 3. Түсіндіру сабақтарының құрылымы.

Қазақ тілінен өтілетін сабақтардың оқыту формаларына жатады. Сабақ оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі қалпы.

Сабақтың өзіндік белгілері мыналар:

1. сыныпта дайындық дәрежесі бірдейтұрақты оқушылар құрамының болуы.
2. белгілі бір сабақ кестесінің болуы.
3. сабақтың белгілі бір орнында жүргізілуі.

4. сабақ жоспары негізінде білім мен дағдының берілуі.
5. сабақта білім беру дағдысының Жан – жақты қолданылуы.
6. барлық және жеке сынып оқушыларымен практикалық дағдылардың жүргізілуі, сабақтың өзіндік ерекшеліктеріне кіреді.

Оқушылардың үлгеріміне қарай қосымша сабақ түрінде де өткізіледі.

Қазақ тілінен өтілетін сабақтар мақсатына қарай ашық және жабық сабақ болып екіге ажырылады. Сабақтар мазмұнына қарай тілдік материалдар негізінде іске асырылады.

Білім мен дағды беру ерекшеліктеріне қарай, оқыту қалыптарын топтастырудың методикалық өлшемдеріне төмендегілерді жатқызуға болады:

1. Сабақта оқушыларға қазақ тілінен теориялық білім негіздеріменгертіледі.
2. Оқушыларға қазақ тілінен практикалық дағды қалыптастырылады.
3. Қазақ тіліненөтілетін сабақтарды топтастыруда мектеп құжаттары негізге алынады.
4. Оқыту формаларын топтастыруда көрнекті методист ғалымдардың пікірлері ескеріледі.
5. Сабақта білім мен дағды меңгерту проблемалары дидактика теориясында толық баяндалады.

Оқыту қалыптарын төмендегіше классификация жасауға болады:

1. Түсіндіру сабақтары.
2. Пысықтау сабақтары.
3. Сынау сабақтары.

1. Түсіндіру сабақтары.

Түсіндіру сабақтары теориялық материалдарды пайдалана меңгертуде қолданылады. Тілдік қағидаларды түсіндіруде жиі іске асырылады. Сондықтан да тілдік материалдардың қағидаларын баяндау мақсатында қолданылатын сабақ қалыптарын түсіндіру сабақтары деп атайды. Жаңа ұғымды және ол жаңа ұғымның келесі сабақпен байланысуын, тілдік материалдарды баяндап түсіндіруін оқушылардың өздігінен ізденуін және тілдік материалдардың көріністерін оқытуда іске асырылады. Осындай түсіндіру сабақтарына жаңа біріккен лекция, зерттеу, көрініс сабақтары жатады. Осы айтылған сабақ түрлерінің өзіндік ішкі құрылымдық элементтері бар. Мұны Ә. Исабаев пен Х. Арғыновтың кітаптарынан конспекті жасауға болады.

2. Пысықтау және сынау сабақтары.

Қазақ тілінен теориялық білім мен теориялық дағды беруде пысықтау және сынау қалыптары жиі қолданылады. Қазақ тілі материалдарын бекітіп, еске түсіруде пысықтау және сынау сабақтарының мәні үлкен. Пысықтау сабақтары қазақ тілі материалдарын ойда сақтау мақсатында жүргізіледі. Осы бекіту мақсатында жүргізілетін пысықтау мақсатының түрлері мыналар: бекіту, практикум, конкурс, конференция, олимпиада, семинар, қайталау және ойын сабақтары. Бұл әрбір пысықтау және сынау сабақтарының өзіндік белгілері мен ішкі құрылымдық элементтері бар. Бұл құрылымдық элементтер пысықтау және сынау сабақтарының ішкі органикалық бірлігін білдіреді. Әрбір құрылымдық элементер жеке – жеке минуттарға бөлінеді. Бұл жөніндегі толық мәліметтерді Ә. Исабаев «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері», Х. Арғыновтың «Қазақ тілі методикасы», Қ.

Жолымбетов «Қазақ орфографиясын игарудің негіздері» кітаптарынан алуға болады.

Пысықтау және сынау сабақтары оқушылардың ой қабілеттерін кеңейтуге үлкен қызмет атқарады. Пысықтау және сынау сабақтарының қолданылу жүйесіне байланысты сабақ жоспарын жазып үйренген мақұл.

Тексеру сұрақтары.

1. Сабақтың анықтамасын айтып бер?
2. Сабақтың өзіндік белгілеріне нелер жатады?
3. Сабақтың топтастырудың методикалық өлшемдеріне нелер кіреді?
4. Сабақтың қандай топтары бар?
5. Сабақтың түрлерін айтып бер?
6. . Пысықтау сабақтары қандай мақсатпен қалданылады?
7. Сынау сабақтарының анықтамасын айтып беріңдер?
8. Пысықтау және сынау сабақтарына байланысты методикалық талдамалар жасаңдар?
9. Жаңа сабаққа қандай анықтама берілген?
10. Жаңа және біріккен сабақтарға берілген анықтамаларды салыстырыңдар?
11. Методикалық әдебиеттерде лекция сабаққа қандай анықтама беріледі?
12. Зерттеу және көрініс сабақтарын қалай түсінесіңдер?

Тірек ұғымдар.

Форма – сабақ, дәріс деген сөздердің мағынасын береді.

Сабақ - оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі қалпы.

Пысықтау – бекіту деген сөздің мағынасын береді.

Сынау – бақылау, тексеру деген сөздердің мағынасында қолданылады.

Жаңа сабақ - жаңа тілдік материалдарды түсіндіруде қолданылады.

Біріккен сабақ - өтілген материал мен өтілетін тақырыптарды байланыстыру мақсатында жүргізіледі.

Лекция – баяндап беру мақсатын көздейді.

Тақырып. ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Сабақтың жоспары.

1. Жоспар сөзінің анықтамасы мен атқаратын қызметі.
2. Жоспардың мазмұнына қарай бөлінуі.
3. Жоспар топтары.
4. Жоспардың құрылымына қарай бөліуі.
5. Жоспардың көлеміне қарай бөлінуі.

Жоспар деп белгілі бір орындалатын жұмыс тәртібінің аумағын айтады.

Қазақ тілі бойынша жоспарлау жұмыстары мазмұнына қарай үшке бөлінеді:

1. Күнтізбе жоспар.
2. Тақырыптық жоспар.
3. Сабақ жоспары.

Әр сыныптағы тілдік материалдарды оқу жылы бойынша мөлшерлеу күн тізбе жоспар деп атайды. Әр ай мен тоқсандағы өтілетін тілдік материалдарды тақырыпшаларға ажырату тақырыптық жоспар деп аталады. Күнделікті өтілетін тақырыптарға байланысты жасалатын жобаны сабақ жоспары деп атайды. Сабақ жоспары өзінің ішкі құрылымына қарай екі бөлімнен тұрады. Бірінші кіріспе бөлім, екінші негізгі бөлім.

Сабақ жоспарлары жасалу көлеміне қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Жай жоспар.
2. Күрделі жоспар.

Жай жоспар да, күрделі жоспар да кіріспе және негізгі бөлімдерден тұрады.

Тексеру сұрақтары.

1. Жоспар дегеніміз не?
2. Ішкі құрылымына қарай сабақ жоспары қалай бөлінеді?
3. Көлеміне қарай сабақ жоспары қалай ажыралады?

Тірек ұғымдар.

1. Жоспар белгілі бір орындалатын жұмыс тәртібінің аумағын анықтайды.
2. Күрделі жоспарда сабақ процестері толық көрсетіледі.

Тақырып. ФОНЕТИКАНЫ ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫ

Сабақтың жоспары.

1. Фонетиканы оқытудағы методикалық жүйе.
2. Фонетикалық тақырыптардың өзіндік белгілері мен анықтамалары.
3. Фонетиканы оқытудағы тәжірибе әдісі.
4. Фонетикадан берілетін дағдылар.

Әдебиеттер.

1. Ә. Исабаев. Фонетиканы оқыту методикасы. Алматы, 1991.
2. Д. Әлімжанов, Ы. Маманов. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1991
3. А.В. Текучев. Методика русского языка в средней школе. М., 1990.
4. Методика преподавания русского языка (авторлар ұжымы) М., 1991.

Фонетика- тіл білімінің дыбыстық жүйесін зерттейтін саласы.

Әрбір тілдің дыбыстық жүйесінің өзіндік сипатын, түрлі заңдылықтарын білудің маңызы зор. Тіліміздегі дыбыстарды, олардың жасалуын, қолданылу ерекшелігін білмей әдеби тілдегі сөздердің жазылу, айтылу заңдылығының игеру мүмкін емес.

Мектеп оқушылары 4-5 сыныпта фонетиканы оқу арқылы әдеби тілдің жазылу және айтылу нормасын игереді. Дыбыс тілінің түрлі заңдылықтарын түсіне бастайды.

Адам баласы бірі мен бірі сөйлесу арқылы қатынас жасайды. Ал осы қатынас жасау, пікір алысу сөйлеу арқылы іске асады. Буын жеке дыбыстардан, сөз буыннан,

сөйлем сздерден құралады. Демек, сөз дыбыстардан тұрады екен, ол- тіл дыбыстары. Дыбыс- тілдің материалдық көрсеткіші.

Бірінші сабақтан бастап-ақ фонетика гректің фоне деген сөзінен алынғандығы айтылады. Фонетика тілдыбыстарын зерттейтін ілім екендігін мұғалім нақтымысалдармен көрнекі әдістер қолдану арқылы түсіндіреді. Оқушылар тіл дыбысының не екенін бірден түсіне қоймайды. Адам аузынан шыққан дыбыстар барлығы бірдей тіл дыбысы бола алмайтындығын, мағыналы сөз жасай алатын дыбыстарғана тіл дыбыстарыны жататындығын мұғалім көрнекі әдістер арқылы үйретеді. Мысалы, жол, жел, жұл немесе тас, бас, жас сияқты сөздерді тақтаға жазып, әрбір сөздің құрамында бірнеше дыбыс бар екендігін, олар бір-біріне ұқсас емес екендігін айтып түсіндіреді.

Даусты және дауыссыз дыбыстар туралы айтқанда мұғалім ең алдымен, дыбыстау мүшелерімен қысқаша түсіндіріп, олардың дауысты және дауссыз дыбыс жасауда алуан түрлі қызмет атқаратындығын баса көрсетеді.

Дауысты және дауыссыз дыбыстарды оқушылыр әбден түсініп болғаннан соң, дыбыс пен әріп туралы мағлұмат беріледі.

Дыбыс пен әріпті үйреткенде, мұғалім оқушылардың бастауыш мектепте алған мәліметтерінің негізінде дыбысты айтуға және құлақпен естуге болады, ол көзге көрінбейді; ал әріпті жазуға, көруге болады деп, олардың арасындағы негізгі айырмашылықпен таныстырады.

Оқытушылар дыбыс пен әріптің айырмашылығын түсініп болғаннан соң, сол үйренгендерін бекіту үшін мынадай бірнеше жаттығу жұмыстарын орындату керек:

Төмендегі сөйлемдердің ішінен дыбысы мен әрпінің саны бірдей сөздерді тауып , астын сыздыру.

Қағаз столда жатыр. Қоян ақ. Біздің сыныпта отыз оқушы бар.

Төмендегі сөздерден әрпінен дыбысы көп сөздерді тауып, астын сыз.

Көк сия. Ащы айран. Тұяқ.

Төмендегі сөздердің ішінен дыбысынан әрпі көп сөздерді тауып, астын сыздыру.

Бса, тұщы, қарындаш, кеңсе, съезд.

Мұғалім фонетикалық талдау жасатқанда, одан өтілген материалды қайталап жинақтау үшін, ол жөніндегі оқушылардың білімін тексеру үшін және материалдарды білу жағынан кемшіліктері болса, соны толықтыру үшін ұйымдастырып отырады.

Фонетикалық талдау алдымен дыбыс түрлеріне қарай жүргізіледі. Фонетикалық талдау жасатқанда, оқытушы қысқа сөйлемді тексткер алып, сол сөйлемдегі әр бір сөздің дыбыстарына қарай талдау жасатады. Сол сөйлемдегі сөздердің қанша дыбыстан құралғандығын және соның ішіндегі әрбір жеке дыбыстардың ерекшеліктерін оқушылардың өздеріне дәлелдетіп түсіндіреді.

Фонетиканы оқытуда мынадай талдау түрлері жүргізіледі:

Дыбыстау мүшелерінің қызметіне қарай: Оған дауысты дыбыстардың тілдің қатысына, жақтың ашылуына, еріннің қатысына қарай жасалуына, дауыссыздардың дауыс пен салдырдың қатысына, дыбыстау мүшелерінің қызметіне қарай жасалуы жатады.

Буын түріне қарай талдау. Оған ашық буын, тұйық буын, бітеу буын және сол буындарды талдап ажырату жатады.

Дыбыстардың үндесуіне қарай талдау. Бұған дауыссыз дыбыстар мен дауысты дыбыстардың бір-біріне тигізетін әсері, ықпалы, соның нәтижесінде өзгеріске ұшырауы, өзгеріп естілуіне қарай талдау жатады.

Дыбыстардың жазылу емлесіне қарай талдау. Оған дыбыстардың сөз ішінде жазылуы және ондағы заңдылықтар жатады.

Фонетика тақырыптарын оқытуда теориялық практикалық және көрнекті әдістерде қалдана отырып, мынадай методикалық жүйе бойынша білім беріледі. Фонетикалық материалдарға байланысты арнайы таңдалған тақтадағы және көрнекті құралдағы дидактикалық материалдарды оқушылар қарап шығады. Тақырыптың өзіндік белгілері тәжірибе жасап көрсетіледі. Оқушылар материалдың өзіндік ерекшеліктерін дауыстап оқып, мұғалімнен кейін іле – шала өздері тәжірибе жасап үйренеді. Тақырыпқа тиісті анықтамалар мен ережелер тәжірибе жасап түйінделеді.

Жүргізілетін дағдыларды да тәжірибе жасай отырып іске асырады.

Осы жүйемен мынадай тақырыптардан білім мен дағды беріледі.

1. Тіл дыбыстары туралы түсінікті оқыту методикасы.
2. Дыбыс пен әріпті оқыту методикасы.
3. Дауысты мен дауыссыздары оқыту методикасы.
4. Буын мен екпінді оқыту методикасы.
5. Үндестік заңын оқыту методикасы.

Тексеру сұрақтары.

1. Фонетиканы оқытуда қандай әдіс пен тәсілдер қолданылады?
2. Фонетиканы оқытудағы тәжірибе әдісінің құрылымдық элементтерін санап айтып беріндер?
3. Фонетиканы оқытуда қандай психологиялық жаттығулар қолданылады?

Тірек ұғымдар.

1. Фонетиканы оқыту дыбыс жүйесін үйрету дегенді білдіреді.
2. Тәжірибе әдісі көрсету тәсілдері негізінде жүргізіледі.

Тақырып. ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫ

Сабақтың жоспары.

1. Лексикаға байланысты тілдік материалдар.
2. Лексикалық материалдардың өзіндік белгілері.
3. Лексикалық тақырыптардың анықтамалары.
4. Лексиканы оқытудағы теориялық әдіс түрлері.
5. Лексикалық тақырыптарға байланысты жаттығу түрлері.

Лексикалық материалдарға байланысты көрнекті құрал түрлері, түрлі кестелер тақтаның сол жағына ілінеді де, оң жағына дидактикалық мысалдар жазылады. Сөз және оның мағыналарының өзіндік белгілілері жасалу жоладры мен анықтамаларын әңгіме, хабарлау, түсіндіру, кітапты пайдалану әдістері бойынша ұғындырылады. Лексикалық тақырыптарды берік есте қалдыру мақсатында белгілі бір көлемде

жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Осы методикалық жүйемен мынадай тақырыптар түсіндіріледі:

1. Сөздің тура және ауыспалы мағыналарын оқу методикасы.
2. Атау сөздерді оқыту методикасы.
3. Басқа тілдерден енген сөздерді оқыту методикасы.
4. Кәсіби сөздер мен диалект сөздерді оқыту методикасы.
5. Тұрақты сөз тіркестерін оқыту методикасы.
6. Сөздік және олардың түрлерін оқыту методикасы.

Лексика тіліміздегі сөз байлығын тексеретін ғылым саласы. Қазақ тілін оқытумен байланысты, атап айтқанда, фонетика, морфология, синтаксисті оқыту сөзден тыс қарастырылмайды. Тіліміздегі сөздер тіл дыбыстары арқылы, морфология сөздердің лексикалық, грамматикалық мағынасына қарай, ал синтаксис сөздердің мағыналық, грамматикалық байланыстарынан көрінеді.

Демек, сөздің тілдік материалдарды меңгертудегі орны ерекше. Қазақ тілін саналы оқытуда лексиканы дұрыс, жан-жақты үйретудің маңызы зор.

Лексиканы оқытудың білімдік, танымдық маңызы тіл білімі туралы ұғымды терең меңгертумен қатар, тілдің еңкіші бөлшегі –сөздің фонетикамен, морфологиямен, синтаксис және стилстикамен байланысы байланысын түсінуге болады.

Лексика бөлімінен саналы білім беру үшін программаға енген тақырыптардан теориялық және практикалық жағынан мәнін ашып алуға көңіл бөлген жөн, яғни лексиканы оқытумен орай мына мәселеге айрықша назар аудару қажет.

Сөздің мағыналық топтары. Бұған сөз және оның мағыналары, синоним, омоним, антоним сөздер жатады.

Әр түрлі қолданылу аясы жалпылама қолданылатын сөздер, көнерген сөздер мен неологизм.

Шығу төркініне қарай: қазақтың байырғы сөздері мен басқа тілден енген сөздер. Бұлар лексика бөлімінен оқушыларға тиянақты білім берумен бірге, мұғалімге де творчестволықпен жұмыс істеуді міндеттейді.

Сөздің мағыналық топтары оқушыға 4-сыныптан бастап таныс. Олар сөз мағыналарының контексте әр түрлі қолданылуын, синонимдердің, омонимдердің, антонимдердің тіліміздегі көркемдік, стильдік мәнінің ерекше екендігін текст ішінен ажыратуға, тіл ұстарту программасы бойынша, ресми-кеңес, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилінде қолданудағы алуан түрлі жолдарын түсінумен бірге сөздікте берілу тәртібімен танысып, сөйлеу, жазу нормаларына біршама жаттығады.

Ал екінші, үшінші топқа жататын ұғымдар 5-сыныпта таныстырылады.

Бұл арқылы оқушы тіліміздегі сөздердің даму, қалыптасу жолдарын біліп, сондай-ақ тілдің стильдік ерекшеліктерін таниды.

Мысалы, қазақтың байырғы сөздері мен басқатілден енген сөздерді оқу арқылы тілдің баю, даму жолын түсінсе, терминдер мен диалект, кәсіби сөздердің, көнерген сөздер мен неологизмдердің мәнін білу арқылы тілдің сан-салалы стильде тармақтары болатынын, олардың әрқайсысының қажетіне қарай тіліміздегі айрықшаорны мен қызметін түсінеді.

Сондықтан лексика бөлімінің материалдарын жаңа білім беруге байланысты да, пысықтаумен байланысты да бұл айтылғандарды ескеріп отыру қажет.

Ал фразеологизмдер мағынасы жағынан өзара синонимге де көпмағыналыққа дажатады.

Шығу тегіне қарай алсақ, фразеологизмдерді тіліміздегі сөздер сияқты байырғы фразеологизмдер, басқа тілден енген фразеологизмдер деп бөлуге болады. Мысалы, көрмес түйені де көрмес, тасбақа аяңы сияқты тұрақты тіркестердің біріншісі байырғы фразеологизм.

Қысқасы, фразеологизмдер жеке сөздің баламасы ретінде қолданылатындықтан, жеке аясында қарастырылады.

Лексикалық жаттығулар қазақ тілі лексика жүйесін белгілі бір ұғымдық мәліметтермен танысуға, сөздерді қолдана білу дағдысына бағытталады.

“Қазақ тілі” оқулықтарында лексикалық жаттығулар тек лексикалық ұғымдарды пысықтауға және оларды үйренуге жетелейді.

Берілетін жаттығу жұмыстарының бірінші тобы, лексикалық жаттығуболып табылады. Мұнда, негізінен, оқушылардың лексикадан алған теориялықмәліметтері пысықталып, сөз қолданысқа үйретіп, дағдыландыру, сөздікті пайдалану ісі игерілуі керек.

Тілдің басқа салаларымен байланыстырып жүргізілетін синтетикалық жаттығу да тиімді. Мысалы, лексикадан алған білімдерін бұрын өтіп кеткен грамматика, орфография, стилистика тарауларының материалдарымен байланыстыра отырып, жаттығу жұмысн жүргізу. Мұның өзі оқушылардыңлексикадан алған білімін, жалпытіл біліміндегі оның орнын, қолданылуын, сондай-ақ өзгематериалдарды еске түсіріп, қайталап отыруға мүмкіндік береді.

Олүшін мынадайжаттығулар жүргізу қажет:

1. Берілген сөздердің лексикалық жәнеграмматикалық мағыналарын таптыру,
2. Түбірлес сөздердің қай сөз табына жататынын анықтау,
3. Грамматикамен байланысты жүргізілетін жаттығудың тағы бір түрі- сөздің түрлену барысн немесе сөз жасалу барысындағы айырмашылықтарын ажырату.

Ең қажетті сөздіктермен жұмыс істеу әдістері, жолдары мыналар:

Орфографиялық сөздік- оқушылырдың дұрыс жазуына көмектесетін құрал. Оны 4- сыныптан бастап, оқушыға күнделікті оқу жұмыснда пайдалануға тиіс. Ол үшін арнайы оқушылар үшін жасалған сөздіктер де бар.

Түсіндірме сөздікте, әдеттегідей, сөзмағынасын және оның қолданылу аясын көрсететін мысал берілу мен бірге, басқа да белгілер болады. Оқушы сөздің қай сөз табына жататынын, қай стильге қатыстығын немесежалпылама қолданылатын, жергілікті, көнерген сөз екенін білдіретін белгілерімен танысады.

Лексикалық ұғымдарды меңгертіп, оқушының білім дағдысын қалыптастыруда лексикалық талдаудың ролі зор. Бұл жұмыс түрі арқылы оқушы жеке сөздердің мағыналарын жете, жақсы түсініп,тексте олардың орынды қолданылып тұрғандығын байқайды. Лексикалық талдау жасау барысында текстен әр түрлі сөздерді кездестіреді, олардың мағынасы мен жасалу жолдарына, қалай қолданылып тұрғанына ерекше назар аударады.

Мұғалім кез келген тексті талдау барысында басқатілден енген немесе төл сөзден жасалған сөздерге де назар аударумен бірге, грамматикалық, орфографиялық мәселелерге де айрықша көңіл аударып отыруы қажет. Себебі лексикалық талдау жекесөздерге жасалатындықтан, лорадың жасалу, жазылу тәртібіне көңіл аудармай мағынасын сөз ету мүмкін емес. Сондықтан түбірлес

сөздердің әсіресе тура немесе ауыспалы мағынада қолданылуы морфология, синтаксиспен жалғасып, бүкіл текстегі мағынаман бірге қатыстырылуы керек.

Әрине, текске лексикалық талдау жасау кезінде оқушыларға мағынасы түсініксіз немесе стильдік қолданылысы әр түрлі сөз немесе сөз тіркестері кездесуі мүмкін. Ондай жағдайда мұғалім сөз мағынасына толық талдау жасалмай, оны анықтаудың жолдарын өзі көрсеткені жөн. Мысалы, түсініксіз сөзді түсіндірме сөздіктен тауып оқу, онда көрсетілген бірнеше мағынаның қайсысы текстегі қолданысқа дәл келетінін білу сияқты әрекеттер мұғалім басшылығымен жүргізіледі.

Балардың жазбаша және ауызша сөйлеу тілін дамытуға сөзтіркестерін үйретудің маңызы зор. Ең алдымен мұғалім баларға жай сөз тіркестері және тұрақты сөзтіркестері болатынын түсіндіруі қажет.

Жай сөз тіркесі	Тұрақты сөз тіркесі
Әкесі ат үстінен кішкентай Айбекті көтеріп алды.	Жұмысқа ат үсті қарауға болмайды.

Бұл сөйлемдер де бір-бірімен тіркесіп тұр, яғни бірінші сөйлемде әкесі көтеріп алды, Айбекті көтеріп алды, кішкентай Айбекті ат үстінен деген сөздер бір-бірімен тіркесіп тұр. Бұл сөздерді осылай, даралап, тізбектеп айтуға болады, даралағанда сөздердің мағынасы бұзылмайтынын ұқтырамыз. Ал жұмысқа ат үсті қарауға болмайды деген сөздер де бір-бірімен тіркесіп тұр. Дегенмен, бұл сөйлемдегі әрбір сөзді жеке даралауға болмайды, ат үсті деген тіркестің орнына машина үсті қарау деуге болмайды. Сондықтан тіліміздегі бірнеше сөз тізбектеліп, бірұғымды білдіретін сөздерді тұрақты сөз тіркестері деп атаймыз деп түсіндіру қажет. Біріңші сөйлемдегі сөздер жай тіркестері болатынына айту қажет.

Мұғалім мынадай тұрақты сөз тіркестерін балардың сөздік дәптеріне жаздырып, олардың мағынасын түсіндіруі тиіс: қабырғамен кеңес-ойлан, ақылға жгін; тонның ішкібауындай- тату, дос, өтежақын; көзді ашып жұмғанша- лезде, тез, шапшаң; ит өлген жер- алыс, тым қашық деген мағынаны білдіретінін айту керек. Бұдан соң мұғалім мынадай сөздерді тақтаға жазып, сөйлем құрастыруы тиіс: қолы жетпеу, қолынан келу; ауыз тию, ауыз-аузына жұқпау, қырғи-қабақ болу т.б.

Мұғалім тұрақты сөз тіркестерінің жазба және сөйлеу тіліне алатын орны зор екенін айту керек.

Тексеру сұрақтары.

1. Лексиканы оқытуда қандай методикалық жүйе іске асырылады?
2. Лексиканы оқыту қайсы тақырыптар бойынша жүргізіледі?
3. Лексиканы оқытуда қандай жаттығулар жұмыстарын алып барылады?

Тірек ұғымдар.

1. Лексикам – сөздердің мағыналық ерекшеліктерін анықтайды.
2. Лексикалық жаттығулар – сөздердің мағыналық ерекшеліктеріне қарай таңдалады.

Тақырып. ГРАММАТИКАНЫ ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫ

Сабақтың жоспары.

1. Сөздердің жасалуын оқыту
2. Грамматиканы оқыту әдістемесі.
3. Эмпирикалық (практикалық) және теориялық грамматикалық талдау әдістерін меңгерту.
4. Морфологияны оқыту әдістемесі.
5. Морфологияны оқытуда қолданылатын жаттығу және талдау жұмыстары
6. Синтаксисіті оқыту әдістемесі.

Сөздердің жасалуын оқыту

Қазақ тіліндегі сөздердің жасалу жолы сан түрлі. Мектеп бағдарламасы мен оқулықтарында әбден қалыптасқан, дәлелденген морфологиялық және синтак-систік тәсілдер арқылы жасалатын сөздердің түрлері беріледі. Сөздердің жасаулуы деген ұғым жаңа сөз жасаудағы заңдылықтар мен ережелер және анықтамалардың жиынтығы. Қазақ тіліндегі сөздердің жасалу жолдарын оқыту лексика, грамматика заңдылықтарымен тығыз байланысты. Сөздердің мағынасы олардың тұлғалық ерекшеліктері және сөйлемде қолданылуының бәрі өзар іштей тұтасып жататын заңдылық. Сондықтан сөздердің әртүрлі сөздермен жасалуы жаңа ұғым, жаңа бір грамматикалық тұлғада жасалуы сөздік құрамды дамытатын категория. Сөздердің әртүрлі тәсілдер арқылы жасалған жаңа ұғымдарының мағыналары да, грамматикалық көрсеткіштері де, құрамды бөлшектері де түрліше болады. Мысалы: субыр, суат, сусыз, суғар, бұрғы, сарала, өнбес, итмұрын, ата-ана т.б деген сөздердің мағыналары да, жасалуы да, сырт тұлға көрінісі де әртүрлі. Нақтылап талдасақ: субыр, қызыл, суат, сусыз, бұрғы дегенге -ат, -сыз, -ғы деген жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған туынды сөздер; сарала, өнбес деген сөздер екі сөздердің тіркесуі арқылы жасалған; ата-ана, қора-қопсы деген сөздер қос сөздер. Осылайша нақты мысалдар төңірегінде оқушының шығармашылық ізденіс жасауына басшылық ету нәтижесінде, олардың жасалу жолдарының түрліше болатынын біледі.

Таңдау жұмысында аңғартылған жүйелеу, қорытындылау барысында қазақ тіліндегі сөздердің жасалуындағы морфологиялық тәсілмен синтаксистік тәсілдер салыстырыла айтылады. Қазақ тіліндегі сөздердің жеке түбір сөз және түбір сөзге түрлі қосымшалар жалғануы арқылы жасалатыны морфологиялық тәсіл болатыны аңғартылады. Жеке сөздердің бірігуі және қоарлануы және бірнеше сөздердің өзара тіркесуі арқылы жасалатыны синтаксистік тәсіл болатыны аңғартылады. Әрбір тіл категорияларын оқытуда оқушы нені білуі, неге дағдыланады және қандай іскерлігін арттыру керек тәрізді мәселелерді анықтап, қандай талдау, қандай әдіспен іске асатынын күні бұрын жоспарлап отыруы тиіс. Тіл материалдарының қайсысын алсақ, фонетика, лексика сөзінің жаасалуы грамматикамен ұштасып, бір-бірімен тығыз байланыста болатын ішкі заңдылықтарын оқушының өзі жете түсінуі керек. Қазақ тіліндегі сөздердің жасалуын оқытуда оқушылар ана тілінің жалғалмалы тілдер тобына жататынын аңғаруы тиіс. Түбір сөздерге жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалатын амал-тәсілдердің өте тиімді екендігін ескер те отырып бір

жұрнақ арқылы жасалған туынды сөзден көптеген жаңа сөздердің жасалуын аңғарту барысында жалғалмалы тілдің ерекшелігі байқалады. Қазақ тілінің сөздердің жасалуындағы тілдің теориялық жақтарынан аңғартылатын мәліметтер талдау процесі барысында мұғалімнің білім деңгейінде практикалық істерінде өмірмен байланыстырылып отыруы әдістемелік талаптың бастр мәселесі болуы тиіс. Сөздердің жасалуы жүйелі курстың бағдарламасында 5-6 сыныптарда өтіледі. Сөздердің жасалуын оқыту барысында сөздердің жасалу тәсілдерінің өз ішінде бірдей еместігі, олардың дара күрделі түрлері, сондай-ақ, олардың жазылу, оқылу заңдылықтары, тұлға құрамы жағынан ерекшеліктері болатыны түгелдей ескертіліп, оқушылардың талдау үстінде дұрыс ажырата білу дағдылары қалыптасады. Сөздердің жасалуын оқыту жөнінде жазылған біршама әдістемелік еңбектер бар. Ш. Сауранбаев, И.Ұйықбаев сияқты белгілі әдіскер ғалымдардың еңбектерінде сөздердің жасалуын оқытудың амал-тәсілдері кеңінен сөз болады. Сол сияқты республика көлемінде шығатын “Қазақстан мектебі” журналында, республикалық педагогикалық оқу жинақтарында, мектеб баспасынан жарық көрген өз тәжірибесі жайында жазған ұстаздардың көптеген еңбектері бар. Сөздердің жасалуын оқыту жеке сөздерді сондай-ақ қосымшалардың жаңа сөз жасау жасауындағы ролін сөз ету үстінде салыстыру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, баяндау, жүйелеу, амал-тәсілдері арқылы іске асады. Сөз жасалуын оқыту мынадай топтарға бөлінеді:

I. Қосымшалы оқыту:

1. Жұрнақты оқыту .
2. Жалғауды оқыту.
3. Біріккен сөздердің емлесін оқыту.
4. Қос сөздерді оқыту.
5. Қысқарған сөздерді оқыту.

Қорыта айтқанда қазақ тілінің сөздерінің жасалу ұғымындағы заңдылықтар бағдарламада арнайы көрсетілген. Сондықтан сөз жасау амал-тәсілдері сұрақ-жауап, белгіліден білгісізге, нақтыдан нақтысызға, жеңілден ауырға қарай салыстыру, баяндау әдістері арқылы түсіндіріледі. Сөздердің жасалуын оқытуда оқушылардың ой-өрісін кеңейтуде, сондай-ақ оқушылардың белсенділігін арттыруда, кеспе қағаздар, түсініктеме жазу сияқты практикалық іс-әрекеттер жүргізілуі тиіс.

Грамматиканы оқыту әдістемесі.

Мектепте оқылатын қазақ тілікурсының бағдарламасында грамматиканың алатын орны мен оны оқытудың мәні зор.

Грамматиканы оқыту- оқушының сөйлеу, жазу тілі дағдысын,мәнерлі оқуын, орфографиялық, пунктуациялық жәнестильдік білім дағдылырын қалыптасуының, дамуының негізгікілті болып танылады.

Тілдің қарым-қатыныс, пікіралысу құралы екендігінң іштей үлкен екіобъектісі бар: бірі- тілдің сөздігі, екіншісі- грамматикалық құрылысы.

Тілдің осындай екі жағын бір-бірінен ажыратпай, үнемі бірлікте бір бүтінніңекі жағы етіп қарастырғанда ғана айтылатын ойдың түсінікті болатындығын нақты мысал ұсынып, сөйлем құрамындағысөздердің грамматикалық заңдылықтарының қарамағында еніп тұрғанда ғана тілдік қатынас бола алатыны сөйлем талдау процесіндетүсіндіріледі.

Грамматиканы оқытудың өз жүйесі, өз заңдылығы бар. Тілдің ішкі заңдылықтарын білдіруде, тіл пәнінің мұғалімдері өз ана тілінің практикалық және теориялық жақтарын жете біліп, олардың тілдің ішкі саларымен тығыз байланысты болатынын ескеріп, оларды үнемі бірлікте қарастыру керек.

Мектепте оқылатын білім негіздерінің бәрі де тіл арқылы түсіндіріліп, тіларқылы меңгеріледі. Тілсіз бірде бір ғылым негізін меңгеру, қоғамдық құбылысты тану мүмкін емес.

Қорыта келгенде, адам баласын барлықтаным процестері тіл заңдылығын білуде, оқудан, ой салатын ашудан басталады. Сондықтан тілдің грамматикалық құрылысын оқытудың мәні айрықша.

Тілдің грамматикасының өз ішінде морфология және синтаксис болып бөлінетінін екі саласы бар. Бұл екі бөлім – бір-бірімен тығыз байланысты қарастырылатын бір бүтіннің екі жағы. Морфология, синтаксис бір бүтіннің екі жағы болғанымен, бұлардың өз алдына қарастыратын объектілері басқа-басқа. Морфология- сөздерді жеке-жеке қарастырмайды, оларды белгілі топқа бөлі, сол топтардың әрқайсысына ортақ грамматикалық белгілерін және өзінетән ерекшеліктерін анықтап, сол жөнінде анықтама жасайды. Синтаксис- сөздердің тіркесін, сөйлем заңдылықтарын жүйелеп, сол жөнінде анықтамалар жасайды.

Грамматикалық талдау әдісі- қазақ тілі грамматикасын оқытуда ұйымдастырылатын сабақтардың барлық түрінде және сынып жұмыстары иен сныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың бәрінде де қолданылатын талдау әдісі.

Бұл әдістің өзіндік жүйесі, жүргізу тәртібі, жолы бар. Грамматикалық талдаудың мұндай жүйесі мен жолдарын оның үлгілерін оқушыларға әуелі мұғалімнің өзі көрсетіп үйретеді.

Грамматикалық талдау жеңіл түрінен ауырға қарай, оқушылардың білетінінен білмейтіне қарай және олардың жас ерекшелігі мен шамасына қарай жүргізіледі де, жеке оқушылардың да ұғымына шақталып беріледі.

Грамматикалық талдау ғылыми мазмұнына қарай, морфологиялық, синтаксистік талдау болып екіге бөлінеді.

Эмпирикалық (практикалық) және теориялық грамматикалық талдау әдістерін меңгерту.

Оқушылардың грамматиканы жақсы білуінің бір шарты- анықтамалар мен ережелерді саналы түрде толық меңгеру.

Бұл жөнінде мұғалім алдына мынадай мақсат қояды: Біріншіден, оқушылар анықтама мен ережені жатқа біліп қоймай, оның мазмұнын саналы түрде меңгеруі керек. Екіншіден, сол үйретілген анықтама мен ереже оқушылардың есінде ұмытылмастай берік сақталатын болуы керек. Оқушылар жаңа материалды түсінгенімен, оны тез ұмытып қалуы мүмкін. Сондықтан анықтама мен ереже үйретілісімен, жаттығу жұмыстарын жүргізіп, алған білімдерін бекіту қажет. Үшіншіден, оқушылар үйренген анықтамалар мен ережелерін өздерінің күнделікті жұмыстарында дұрыс пайдалана алатын болуы керек. Мысалы, үндестік заңы бойынша айтылуында н дыбысы м болып, с, з дыбыстары ш болып өзгертіндігі, бірақ жазылуда өзгермейтіндігі туралы ережені жете меңгерумен қатар, оның емлесін де жақсы біліп, іс жүзінде дұрыс пайдалана алатын болуы қажет.

Осыуш шарт орындалған кезде ғана анықтама мен ережені үйретуде мұғалім мақсатына жеткен болып есептеледі.

Кейбір грамматикалық анықтамалар көлемі жағынан үлкен және оқушылардың түсінуіне ауыр тиетін болуы мүмкін. Мұндай анықтамаларды мұғалім күні ілгері бірнеше пунктке бөліп, ықшамдап үйреткен жөн. Мысалы, орта мектеп оқулығында сөзтұлғалары, көсемше тағы басқаларының анықтамаларын оқушылардың бірдентүсіне қоюы қиын. Сондықтан бұл анықтамаларды шағындап, бөлетеп, мысалдармен бекіте отырып, түсіндіреді де, соңынан анықтамаларын жаңағы айтылғандардың жиынтығы ретінде тұтастырады.

Қазақ тілі грамматикасы оқулықтарында анықтамалар мен ережелерді үйретер алдында мұғалім күнібұрын тексеріп, қарап шығады. Оқушылардың түсігіне ауырырақ тиетін анықтама кездесе, оны дер кезінде жеңілдетіп, қайтақұрады және соған лайықты мысалдар мен көрнекі құралдарын дайындап келеді. Анықтама мен ереженің қиын түрін өткенде, бұған көбірек тоқталып, көбірек жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Сөйтіп, оқушылардың анықтама мен ережелерді әр жақты берік түсінуін қамтасыз етеді.

Мектеп тәжірибесінде, кейбір мұғалімдердің арасында, анықтамаларды үйретуде оның мазмұнын түсіндіруге мән бермейтіндері кездеседі. Соның салдарынын оқушылар анықтама мен ережені дұрыс айтып бере алғанымен, оның мазмұнын өздері толық түсінбейді.

Ол үшін мынаны ескеру керек:

1. Оқушылар анықтамамен ережені айтқанда, оны сөзбе-сөз сыдыратып айтып бере алатын болмай, оның мазмұнын өз сөзімен айтатын болсын.

2. Айтқандарын мысалдармен дәлелдей алатын болсын. Келтірілген мысалдары үйреншікті болмай, жаңа және әр түрлі болуы керек.

3. Оқушылардың жвазу жұмыстарында, ойдан жазу, мазмұндама немесе грамматикалық талдау жасаған кезде, өткен анықтамалары мен ережелеріне сәйкес келетін тілдік фактілерді айыра алатын болуы қажет.

Мысалы, Маған қаламыңды бер деген сөйлемде қалам деген зат есімге табыс септік жалғауының жалғану себебі - бұл сөздің тәуелдік жалғауында тұруы. Тәуелді жалғаулы сөз табыс септікте әрқашан жалғаулы түрінде келеді деген ережемен байланыстыра алатын болуы керек.

Оқушылардың тілінде мынадай кемістіктер болуы мүмкін:

1. Қазақтың әдеби тілінің нормасына енбеген жергілікті ерешеліктер. Мысалы, азанда (танертең деудің орнына), ауқат іші (тамақ ішу) т.б.

2. Қазақ тілінде с дыбысының кейбір сөздерге орынсыз қыстырылып айтылатыны кездеседі. Мысалы, көбі деудің орнына уақытысында, екуі деудің орнына уақытысында, екуі деудің орнына екеуісі т.б.

3. Сөз тіркестерінде септіктердің дұрыс қолданбауы кездеседі. Мысалы, мен үшін деудің орнына менің үшін, сен үшін деудің орнына сенің үшін т.б.

4. Етістіктен шақ формаларын да ауызекі сөйлеуде бұзып айту әдетке айналып кеткен. Мысалы, барамын деудің орнына келем, бергенім жоқ деудің орнына бергем жоқ, келемін деудің орнына келем т.б.

Мұғалім грамматикалық заңдылықты дұрыс пайдалана отырып, оқушылардың сөзінде кездесетін мұндай кемістіктерді болдырмау үшін, үздіксіз, арнайы

жұмыстар жүргізуі керек. Грамматиканы үйретумен бірге емле тыныс белгілері де үйретіледі.

Грамматика сабағында грамматикалық талдау жасаған кезде, үй тапсырмасын тексерген кезде, грамматикадан жаңаматериал түсіндірген кезде болсын, әйтеуір қисынын тауып, оқушылырға тиісті сөздердің емлесін үйретіп, керек жерінде есіне салып, грамматика мен емлені ұдайы байланыстырып отыру керек.

Морфологияны оқыту әдістемесі.

Метеп программасында морфология материалдарын оқытудың өзіндік мақсаты бар. Морфологиялық заңдылықтарды оқыту дидактикалық принцип негізінде іске асырылады.

Қазақ тілі морфологиясын қарастыратын объектілері тілдің бірден-бір нақты, зерттелген, әбден қалыптасқан актуалды мәселелері болып есептеледі. Сондықтан қазақ тілі морфология материалдарын оқытуда зерттелмеген екі ұшты ұғым тудыратын категориалар ұшыраспайды.

Морфология-сөз және оның грамматикалық көрсеткіштері туралы ілім. Әр бір сөздің контекстенендей өзгеріске түсіп, грамматикалық қандай мағынамен қызметке ие болып тұрғаны ескертіледі. Морфологияны оқытуда мұғалімдерден қазақ сөздерін ің қандай тоақа бөлінетінін, топтардың әр қайсысының өзіне тән қандай грамматикалық сыр-сипатының барлығын және контексте қандай қызмет атқаратынын оқушылырға білдіру талап етіледі.

Қазақ тілі курсының әр бір бөлімінің қарастыратын мәселері мен объектілері басқа-басқа болғанымен олар іштей өзара тығыз байланысты бірлікте оқытылады. Сондықтан әр бір сөз табының заңдылықтарын олардың грамматикалық белгілерін меңгертуде фонетика, лексика, орфографиялардан өтілген білімді еске түсіріп, солармен ұштастыра отырып іске асыру керек.

Сөз таптарының сыр-сипатын ашпастан бұрын, ең алдымен қазақ тілі лексикалогисындағы сөздердің мағыналық, морфологиялық белгілеріне қарай үш топқа бөлінетініне мәлімет беріледі.

Қазақ тілі лексикасындағы сөздер мағына, тұлғалық өзгерістеріне және қызметтеріне қарай негізгі сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер болып бөлінеді.

Негізгі сөздердің өзгерісіне тән дербес мағыналары болады. Негізгі сөздер мейлі контексте болсын, мейлі жеке-жеке сөздік түрінде қолданылсын әр қашан белгі бір ұғымдық атауда жұмсалып, арнаулы бір сұраққа жауап болып, сөйлемнің құрамды бөлшегі немесе сөйлем мүшесі бола алады. Негізгі сөздер түрлі грамматикалық көрсеткіште түрленіп, қажетіне қарай басқа сөздермен еркін қарым-қатынасқа түсе беретіні мысалмен дәлелденеді.

Көмекші сөздердің тобына енетін сөздердің өздеріне тән арнаулы дербес мағыналары болмайды, олар тіркес сөздер және сөйлем құрамында дербес мағыналы негігі сөздермен ғана селбесіп, олардың мағыналарын нақтылай түсетін реңктік мағына мен оларды екінші бір сөздермен қарым-қатынасқа түсіретін қызмет атқаратындығы түсіндіріледі.

Сөздердің лексикалық мағыналары жағынан үшінші топқа бөлінетін түрі-одағай сөздер. Одағай сөздер тобына жататын сөздердің мағыналары негігі сөздерден бүтіндеі басқаша екендігі айтылады.

Қорыта келгенде, қазақ тілі лексикасындағы сөздердің жоғарғыдағыдай негізінен үш топқа бөлінетіні, бұлардың ең бастысы- негізгі сөздер екені айтылады.

Қазақ тілі лексикасындағы сөздердің негізгі сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер және есімдер тобы, етістік тобы болып сараланатын түрлері мен бұлпрудың әрқайсысының іштей өзара бөлінетіні таблица көрнекілігі арқылы нақты мысалдар төңірегінде түсіндіріледі.

Морфологияны оқытуда қолданылатын жаттығу және талдау жұмыстары.

Морфологиялық талдау – грамматикалық талдаудың ішіндегі еңкөлемді саласы. Ол екіге бөлінеді:

- а) Сөз тұлғаларына қарай талдау;
- ә) Сөз таптарына қарай талдау.

Мектепте бұл екеуі бірінен-бірін ажырату үшін ғана бөлек талдау деп есептелініп жүргенімен, талдау материалдары екеуіне бірдей ортақ болып келетін жерлері бар. Әсіресе талдау тәсілі мен талдау материалдары, ондағы кейбір грамматикалық белгілерді танытатын көрсеткіштер екеуіне бірдей ортақ болып отырады. Мәселен, түбір, қос сөз, біріккен сөз, қосымша, қосымшаның жалғау, жұрнағы сөз тұлғасына қарай да, сөз табына байланысты да қайталанатын. Сол себепті оқытушылар сөз тұлғасы мен сөз табын бөлек талдау етіп жүргізбей-ақ, екеуін қосып морфологиялық талдау деп атап, бірге жүргізеді. Бірақ екеуінің сөз тұлғасы жағынан да, сөз табы жағынан да өзіне тән грамматикалық белгісі материалдық көлемі бар. Соған байланысты да бөлек жүргізіп отыруға болады. Морфологиялық талдаудың ішінде сөз тұлғасы мен сөз табына қарай талдаудың өзіне тән айырмасы бар.

Сөз тұлғасына қарай талдау.

Мұғалім сөз тұлғаларын даталап өткенде не тұлғаларына қарай талдау жүргізгенде, сөз тұлғаларын түгел өтіп болғаннан кейін, сөз құрамдарының өзіне ғана арнап талдау жасатып отырады. Сөздің тұлғаларына қарай талдағанда сөздің құрылысына, оның бөлшектеріне және сөз бөлшектерінің белгі бір мағынасы мен қызметінің әр үрлі болатынына қарай талдау жасалады.

Егер мұғалім сөздердің түбірі мен қосымшасына қарай талдататын болса, талданатын сөздің бірнеше бөлшектен тұратынын тапқызады, Болмаса сол бөлшектерді талдап ажыраттырады. Мысалы, мал-шы-дан деген сөздің осындай үш бөлшектен тұратынын, мұндағы әр бөлшектердің сөз құраудағы қызметін, сөздерге қосылудағы мағыналық ерекшеліктерін, сөйлем құраудағы грамматикалық заңдылығын байқайды.

Оның үлгісі:

а) мұғалім алдымен : Мал бағасы малшыдан деген сөйлемді оқушыларға оқытады. Одан кейін түсінгенін айтқызып, ішінде қанша сөз бар екенін таптырады. Сөйлемдегі сөздердің қосымшасы бар түрлерінің астын сызғызады. Бұдан кейін бұл сөйлемдегі сөздердің қосымшасын түсіріп тастап, өздеріне оқытып көреді. Сонда : мал баға мал болып шығады. Мұғалім осы мысалды пайдалана отырып, сөйлем ішіндегі сөздердің грамматикалық заңдар арқылы байланысып, тиянақты ойды білдіретінін аңғартады, соған ұштастыра, сөздердің негізгі түбірі мен қосымшаларын оқушылардың өздеріне таптыртады.

Сөз таптарына қарай талдау.

Сөйлемдегі сөздерді сөз таптарына қарай талдатқанда, оқушылардың өткен материалдарын қайталап, жаңа тақырыптарға жаттығу негізінде жүргізіліп отырады.

Егер оқушылардың жаңа өткен тақырыбы жіктеу есімдігі болса оқушыларға мынадай сөйлемді талдатуға болады :

Өмірдің күні осы күн
Маған да жолдас, саған да

деген сөйлемдегі сөздерді талдау үлгісі:

Өмірдің- зат есім, кімнің ? деген сұраққа жауап береді, бұл- ілік жалғауында тұрған сөз, мұндағы ілік жалғауы – дің.

Күні- зат есім, несі ? деген сұраққа жауап болады; бұл – тәуелдік жалғаудың 3-жағында тұрған сөз; мұндағы тәуелдік жалғауы –і дауыссыз дыбыстардан кейін тәуелдік жалғауы –і/-ы түрінде жалғанады.

Осы- сілтеу есімдігі, қай? Деген сұрауға жауап береді.

Күн- зат есім, не? сұрауға жауап беріп тұр т.с.с.

Морфологиялық талдау оқушыларды синтаксисітікталдауға үйретудің дайындығы болып табылады. Өйткені оқушылар морфологиялық талдауды жақсы түсініп, морфологиялық белгілерді саналы меңгерсе, оның бір-бірінен айырмашылығын дұрыс ажырата білсе, морфологиялық талдаудың кейбір белгілерін синтаксистік талдау жасауға пайдаланып отырады.

Синтаксисіті оқыту әдістемесі.

Тіл дегеніміз ойдың тікелей шындығы, ... адам баласының бір – бірімен қарым – қатынас жасайтын ең қажетті құралы.

Грамматика тілге сымбатты, мағыналы сипат береді. Сондықтан да грамматика тілдің тіл екенін айқындайтын негізгі, шешуші факторлардың бірі, адам ойлауының ұзақ, абстракциялаушы жұмысының нәтижесі, ойлаудың зор табыстарының көрсеткіші.

Грамматиканың осындай күрделі де қиын, әрі жауапты саласы синтаксисті оқушыларға оқыту негізінен мынадай мақсаттарды көздейді.

1. Оқушылардың ойлау қабілеті мен тілін, дүние танымын дамыту.
2. Қазақ тіл ғылымы табысының негізінде оқушыларға синтаксистен тиянақты да терең, саналы білім беру.
3. Қазақ тілі нормасына сай ойын, өз түсінігін дұрыс айта және дұрыс жаза алатында оқушыларға дағдылар беру.
4. Оқушыларды ана тілін сүйеге, оның алтын қорын пайдалана білуге жаза алатындай оқушыларға дағдылар беру.
5. Дене еңбегін де, ақыл- ой еңбегін де атқаруға, ғылым мен мәдениет саласында белсенді қызмет етуге қабілетті, коммунистік сана- сезімді және білімді адамдарды тәрбиелеп, даярлап шығаруға үлес қосу.

Қазақ тілі синтаксисі методикасының негізі мен мазмұны.

Қазақ тілі синтаксисінің методикасы – жас буындарға тіл ғылымының озық табыстарының негізінде сөз тіркесі мен жай және құрмалас сөйлемдерден, қазақ тілі пунктуациясынан терең де жүйелі, берік те саналы білім беру жолында қолданылатын ең тиімді әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Оның зерттеу объектісі мен зерттеу әдістері, негізгі мен мазмұны және методологиясы бар.

Қазақ тілі синтаксисі методикасының мазмұны мыналарды қамтиды:

1. Синтаксистен орта мектеп оқушыларына берілетін білім көлемін белгілеу.
2. Синтаксистен берілетін білімнің танымдық және тәрбиелік мәнін ашу.
3. Синтаксисті оқушыларға меңгертуге баланысты мұғалімдердің өзіндік ерекшеліктерін зерттеу.
4. Синтаксисті оқыту әдістері мен тәсілдерін анықтау.
5. Синтаксисті оқытуға байланысты жүргізілетін негізгі жұмыстардың түрлерін белгілеу.
6. Қазақ тілі синтаксисі методикасының ұғымдары мен терминдерін жасау.
7. Қазақ тілі синтаксисі методикасының құрылысы мен зерттеу әдістерін айқындап, оның басқа пәндермен байланысын ашу.

Синтаксисті оқытудағы көрнекілік.

Қазақ тілі синтаксисінен оқушыларға тереңде нақты білім беруде көрнекті құралдың мәні зор.

Көрнекті құралды тиімді пайдалану үшін оған қойылатын методикалық талаптарды жете білу керек. Синтаксистің көрнекі құралына, негізінен, мынадай талаптар қойылады:

1. Әрбір көрнекі құрал оқушылар назарын бір объектіге аударуға тиіс.
2. Әрбір көрнекі құралдың бейнелеп көрсететін объектісінің анық айқын болуы шарт.
3. Әрбір көрнекі құрал оқушыларды айналдырып, өтілетін материалды меңгертуге жетелеуі керек.
4. Көрнекі құрал синтаксистің белгілі бір категориясы жөнінде оқушылардың өздігінен ой қорытындысын шығаруына мүмкіндік жасайтындай болуы шарт.
5. Көрнекі құрал өте жеңіл немесе тым қиын болмауы тиіс.
6. Кейбір көрнекі құралда бұрын өтілген материалдар мен жаңадан түсіндірілетін материалдардың арасындағы байланысты көрсету қажет.

Қазақ тілі синтаксисін оқыту әдістері

Қазақ тілі синтаксисінің программасы 1935 жылдан жасала басталды. Қырқыншы жылдарда қазақ тілі синтаксисінің программасының негізі берік қаланды. Елуінші жылдардың басында ол нағыз ғылыми тұрғыда жасалынған программа дәрежесіне көтерілді. Сонан бері қарай өмір талабына сай өңделіп, жетіліп келеді. Қазақ тілі синтаксисінің программасын жасауда да Қ. Жұбанов, А. Ысқақов, С. Аманжолов, С. Жиенбаев, М. Балақаев, Н. Сауранбаев, Х. Басымов және Т. Қордабаев сияқты ғалымдарымыз аса зор еңбек сіңірді.

Солай бола тұрса да, қазақ тілі синтаксисінің программасы бүгінгі өскелең өміріміздің тілегіне сай дамып, жетіліп отыруды тілейді. Осы тұрғыда қазақ тілі синтаксисінің әр саласынан қандай көлемде білім беру керектігіне арнайы тоқталуды дұрыс санаймыз.

Жай сөйлем синтаксисінен оқушыларға берілетін білім көлемін анықтағанда, қандай методикалық нұсқаулар мен талаптарды басшылыққа алу керек?

Біздің пікірімізше, жай сөйлем синтаксисінен оқушыларға берілетін білім көлемін анықтағанда, мынадай методикалық талаптардың басшылыққа алынғаны жөн:

1. Қазақ тілінде жай сөйлем синтаксисі тұлғаларының (единицаларының) барын және олардың қалай жасалатынын айқындайтын тілдік фактілер.
2. Өзінің мазмұнымен және формасымен саралана көрінген, қазақ тілі білімінде өз шешімін тапқан жай сөйлем синтаксисінің тұлғалары.
3. Қазақ тілінде жиі қолданылатын жай сөйлем синтаксисі тұлғалары.
4. Оқушылар түсіне, меңгере алатын және сөйлеу, жазба тілінде қолдана алатын жай сөйлем синтаксисі тұлғалары.

Осыларды басшылыққа алғанымызда, қазіргі программамыз бен оқулығымызда бұл талаптарға онша сай келе қоймайтын кейбір синтаксистік тұлғалар (единицалар) барға ұқсайды. Солардың бірі — одағай сөздер.

Одағай сөздер мектепте сөз табы ретінде бір рет оқытылса, сөйлемдегі сөздермен грамматикалық байланысы жоқ сөздер қатарында екінші рет оқытылып жүр.

Одағайды осылайша екі рет оқыту лингвистикалық тұрғыдан дұрыс болғанымен, методикалық жағынан пайдалы емес, өйткені оқушылар біліп алған материалды екінші рет жаңа материал сияқты оқытқанда, олардың оқуға, білуге деген құмарлығы, қызығуы төмендейді, бұл — бір, екіншіден, қазақ тілін оқытуға бөлінген сағат аздау жағдайда белгілі бір грамматикалық категорияны қайта-қайта жаңа материал есебінде оқытқанымызда, екінші бір грамматикалық категорияны ат үсті өтуге жағдайлар туғызады.

Мектеп оқушыларына өте қиындық келтіріп жүрген синтаксистік тұлғалардың бірі—жасырын ілік септіктегі сөздер мен тәуелді жалғаулы сөздер тіркесінің сөйлемдегі қызметі. Мектеп оқулығы мен жоғары оқу орындарына арналған қазақ тілі оқулықтарының үйретуінше, *Арал теңізі балыққа бай* деген сөйлемдегі *Арал теңізі* сөздері бастауыш та, тұлғасы мен қызметі осындай *Өндіріс мектебі* (*Өндіріс мектебі — өрендері өнерішең мектеп*), *мектеп директоры* (*Мектеп директоры баяндама жасады*) тәрізді сөздердің бірі — анықтауыш, екіншісі — бастауыш.

Тілімізде бағытты, мекенді білдіретін, әрі толықтауыштың, әрі пысықтауыштың сұрауларына жауап болатын бір сыпыра сөздер кездеседі: *сүт шелекте тұр* десек, осы сөйлемдегі *шелекте* сөзі қ а й д а ? н е д е ? деген сұрауларға бірдей жауап болады. Осындай сөздерді оқушылар пысықтауыш пен толықтауыштың қайсысына жатқызуын білмей қиналады. Осындай қиыншылықтан баланы құтқару үшін, программа мен оқулықта қайда? неде? қайдан? неден? сұрауларына бірдей жауап болып, мекен, бағытты білдіретін сөздердің сөйлемде пысықтауыш қызметін атқаратынын анық, айқын етіп айтқан жөн.

Тілімізде істің, әрекеттің қалай болғанын білдіретін бір алуан сөздер бар. Бұл сөздер көмектес септік формасын иеленеді де, бірде қалай? деген сұраққа жауап болып, пысықтауыш қызметін атқарды, бірде н е м е н ? деген сұрауға жауап болып, сөйлемде толықтауыш қызметін атқарады. Ал көп жағдайда көмектес септіктегі сөздер (адамға байланысты емес сөздер) н е м е н ? қалай? сұрауларына бірдей жауап болып келеді.

Мысалы: *Саят Москваға самолётпен барды* деген сөйлемдегі *самолётпен* деген сөз қалай? және немен? сұрауларының екеуіне де жауап болады.

Осы тәрізді сөздердің сөйлемдегі қызметін балалар ажырата алмайды: біреуі пысықтауыш десе, екінші біреуі толықтауыш деп таниды.

Осындай қиыншылықты жоюдың тура жолы — немен? және қалай? сұрауларына жауап болатын сөздердің бәрін қимыл-сын пысықтауыш деп таныу.

Көмектес септіктегі немен? сұрауына жауап болатын сөздердің толықтау мағынасынан пысықтау мағынасы басым. Сондықтан да бұл формадағы сөздер көбіне қалай? сұрауына жауап болып келеді.

Егер немен?, қалай? сұрауларына жауап болатын сөздерді пысықтауыш қатарында қарасақ, оқушылар оны қиналмай меңгеретін де болады.

Сөз тіркесін оқыту әдістемесі

Қазақ тілі синтаксисінің ең басты саласының бірі- сөз тіркесі. Сондықтан да синтаксис тек қана сөйлем жайындағы ғылым емес, сонымен бірге сөз тіркесі жайындағы ғылым деп танылып жүр. Сөздер бір-бірімен мағыналық жағынан және синтаксистік байланысқа түспей тіркес жасай алмайды. Ал сөз тіркесінсіз сөйлем жоқ. Жеке сөздер сөз тіркесінің материалы болса, сөз тіркестері- сөйлемнің материалы.

Қазақ тілінде сөз тіркесі деген термин бір-ақ ұғымды білдіріп қоймайды. Сөзтіркесі дегенде, тілімізде лексикалық сөз тіркесі және синтаксистік сөз тіркесі бары еске түсіріледі.

Лексикалық сөз тіркесі жаңа мағына білдіретін сөздердің басын біріктіреді.

Синтаксистік сөз тіркесі толық мағыналы екі я онан да көп сөзден жасалады.

Синтаксис курсына оқушыларға біздің білдіретініміз- осы соңғы тіркес, яғни синтаксистік сөз тіркесі. Синтаксистік сөз тіркесінің лексикалық сөз тіркесінен айырмашылығы сол: бұл сөйлемнің қарауына түскенде, екі сөйлем мүшесінің қызметін атқарады, ал лексикалық сөз тіркесі бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Оқушыларға сөз тіркесін түсіндіргенде, олардың осындай өздеріне тән белгілері барын нақты тілдік фактілермен дәлелдеу керек. Сонда ғана олар, оқушылар, синтаксистік сөз тіркесін лексикалық сөз тіркесімен, екіншісөзбен айтқанда, сөз тіркесін күрделі сөздермен тұрақты тіркестермен шатастырмайтын болады.

Оқушыларға сөз тіркесінен тереңірек білім беру үшін ол жайында төмендегідей деректерді білдірген дұрыс.

1. Сөзтіркесі жайында түсінік.
2. Сөз тіркестерінің жасалу жолдары.
3. Сөз тіркесінің құрамы.
4. Сөз тіркесінің түрлері.
5. Сөздердің байланысы.

Сөз тіркесін оқушыларға алғаш танытқанда, оны сөйлемнен оқшаулап алып, жеке-жеке тіркестің өзін ғана мысалға келтіру арқылы білдіруге болмайды. Өйткені сөз тіркесі өзі сөйлем жасау үшін, сөйлем жасарлық материал болу үшін құрылады. Сондықтан да сөз тіркесі жайында алғаш дерек беремін деп отырған сабақта мұғалім алдымен бір сөйлемді мысалға келтіріп, соны талдау арқылы сөз тіркесі онда неше сөз тіркесіннің барын танытқаны дұрыс. Мәселен мұғалім мысалға мынандай сөйлемалған енке дейік: Сіздерді өз Отанымда көргеніме қуаныштымын.

Оқушылардың төменгі сыныптарда алған синтаксистен алған біліміне сүйене, орып, мұғалім сөйлемді талдатады. Талдатқанда мұғалім алдымен мұның

қандай сөйлемекенін, толық мағыналы қанша сөз, сөйлем мүшесі барын, олардың қандай сұраққа жауап болып тұрғанын оқушыларға айтқызады. Оқушылар бұл сөйлемнің хабарлы сөйлем, жай сөйлемекенін, мұнда толық мағыналы сөз, сөйлем мүшесі барын, олардың қандай сұрауларға жауап болып тұрғанын айтып береді.

Егер сыныпта осы сөйлемді талдай алатын бірде-бір оқушы болмаса, онда мұғалімнің өзін талдайды. Сонан кейін сол сөйлемдегі қай сөздерді бір-біріне қосарлап айтуға болатынын оқушылардан сұрастырылады. Немесе неге қуанышты? қайда көргенге? Қай Отанда? Кімді көргенге? Деген сұраулар қойып, жауап қайтарады да, осылай бір-біріне қосақаталып өзара топ жасап айтылған толық мағыналы сөздердің немесе сөйлем мүшелерінің сөз тіркесі, оның ішінде синтаксистік сөз тіркесі деп аталатынын мұғалім қорыта айтады.

Мұнан кейін сөздер бір-бірімен қалай болса солай тіркесесалмай, белгілі бір заңдылықтарға сүйенетінін, өзара байланып сөйлем жасау үшін тіркесетінін, сондықтан да олардың синтаксистік сөз тіркесі деп аталатынын мұғалім түсіндіреді.

2. Сөз тіркесінің екі түрін (есім, етістікті сөз тіркесі) таныту үшін мұғалім таблицанда берілген сөздерді оқытады да, схема арқылы берілген сөздердің әрқайсысы өз парымен айтқанда, қандай-қандай және қанша сөз тіркестері болатынын сұрастырады. Сонан кейін бірінші графадағы сөз тіркестерінің басыңқы компоненті қай сөз табынан жасалғанын, яғни бағыныңқы сөздердің тұлғасы мен қай сөз табынан жасалғанын айтқызады.

3. Қазақ тілі синтаксисі қарастырытын ең қиын да күрделі мәселелердің бірі-сөйлемдегі сөздердің байланысы.

Сөйлемдегі сөздердің байланысын берік естесактау үшін, оқушылардың үш нәрсені білулері қажет:

Сөйлемдегі сөздер үнемі бір-бірімен байланысып келетіні.

Сөйлемдегі сөздердің байланысу тәсілдері.

Сөйлемдегі сөздердің байланысу түрлері.

Сөйлем туралы түсінік бергенде, оқушылар сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен грамматикалық та, мағыналық та байланыста болатыны жайында жеңіл-желпі де келе алады. Ал сөйлемдегі сөздердің байланысы арнайы оқытылып отырған сабақта оқушылар мұны кеңінен саралай өтеді, бұл жайында тереңірек білім алады.

Сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен байланысын оқушыларға тереңірек таныту үшін, тақтаға сөйлемдер жазып немесе арнайы жасалған көрнекі құралды пайдаланып көлемді және көп салалы талдаудың бірі. Синтаксистік талдау оқушыларды дұрыс сөйлеуге дағдыландырып, логикалық ойын дамытады. Олардың лексика саласы мен морфология саласынан өткен материалдарын қайталап, сөйлемдегі қызметін әр жақты зерттеп білуге үйретеді.


Жай сөйлемді оқыту әдістемесі

Оқушылар сөйлем жайында бастауыш сыныптың өзінде-ақ әжептәуір білім алады. Мысалы: төменгі сынып оқушылары берілген мәтінде неше сөйлемнің барын, сөйлемнің сөзден жасалатынын, сөйлемнің құрамындағы сөз санын, сөйлемнің басты түрлерін практикалық түрде біліп келеді. Ал жоғарғы сыныптарға сөйлем жайында білім бергенде төменгі сыныптарда білдірілгендерді жинақтап айта салуға болмайды. Оқушыларға бұрыннан мәлім деректерді қайталап айтып беру, олардың оқуға деген ынтасын әлсіретіп оқушыларды құрғақ жаттауға итермелейді. Сондықтан оларға сөйлемнен білім, практикалық

дағдылар беру үшін мұғалім келесі сабақтарға кіріспе әңгіме өткізіп оқушылардың сөйлемге деген ынтасын оятып, ынтасын арттырып алған жөн.

Кіріспе әңгімеде мына мәселелерді қамту керек:

1. Тіл адам баласының қатынас құралы екені, ойдың тіл арқылы берілетіні, тілдің қоғамдық мәні, тілдің ұсақ бөлшегі сөйлем екені, осы сабақта сөйлем жайында оқитынын тағы басқа. Бұл сабақта мынадай көрнекі құралдарды пайдаланады: Мысал: Жамбыл. Жамбыл ауданы. Өз елімізге қолымыздан келгенінше қызмет ету әрқайсымыздың міндетіміз.



Бір сөзді:
Жамбыл

Екі сөзді:
Жамбыл ауданы.

Бірнеше сөзді:
Өз елімізге қолымыздан келгенінше
қызмет ету әрқайсымыздың міндетіміз.

Мұғалімнің талап етуі бойынша балалар бұл таблицаны қарап шығып онда неше сөйлемнің барын, әр сөйлемнің не жайында айтылғанын яғни қандай ойды білдіретінін әр сөйлемнің неше сөзден және қандай сөз таптарынан жасалғанын, әр сөздің қай тұлғада келгенін және қай сөздің қай сөзбен байланысып тұрғанын айтады. Осындай жұмыстарды орындату арқылы мұғалім оқушылардың сөйлем түрінде нені білгендерін аңғарады және сөйлем жайында бұрыннан білетін деректерді жүйелейді. Үшіншіден морфологиядан берілген білімді синтаксиспен байланысын қарастырады. Сондай-ақ дидактикалық принципті басшылыққа алып жаңа материалды оқушыға саналы түрде түсіндірудің алғы шартын жасайды, яғни сөйлем туралы теориялық білім беруге мүмкіндік тудырады. Бұдан, соң мұғалім таблицадан келтірілген тілдек фактілерді талдай отырып мұғалім оқушыларға сөйлемнің мынадай бес түрін айтады:

1. Сөйлем аяқталған ойды білдіреді.
2. Сөйлем бір немесе бірнеше сөз тіркесін білдіреді.
3. Сөйлемдігі сөздер өзара байланыста болады.
4. Сөйлемде сөздер мен сөз таптарының барлық түрі кездеседі.
5. Әр сөйлемнің айтылатын интонациясы (сөйлеу сазы) болады.

Сөйлегенде әр сөйлемді өз сазы мен айтамыз, жазғанда әр сөйлемнің өз тыныс белгісін қоямыз. Сөйлемнің басты белгілерінің негізінде оларға мынадай беріледі. Аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөз тіркесін сөйлем дейміз. Сөйлем мағынасына, сазына, айтылу мақсатына қарай хабарлы, лепті т.б. болады, ал құрама ойды білдіруіне орай жай және құрмалас болып екіге бөлінетіні ескертіледі. Сөйлем жайында алған теориялық білімдерін оқушылар жазба, сөйлеу тілінде қолдана білу үшін олардың бойында дағдыларды қалыптастары білу қажет.

1. Кез-келген текстегі және ауызша сөзден сөйлемнің қандай ойды білдіріп тұрғанын түсіну және айтып беру.
2. Сөйлемнің құрамы мен құрылысын білу.
3. Сөйлемдегі сөздердің қайсысы қайсысымен байланысып тұрғанын түсіну.

4. Сөйлемнің сазын ажырата білу.
5. Әр сөйлемді өз сазымен айту және оқу.
6. Сөйлем мен сөйлемнің жігін ажырата білу.
7. Сөйлемнің тыныс белгілері қойылмай кіші әріппен жазылған сөйлемдерді мағынасына қарай саралап, олардың тиісті тыныс белгілерін қою.
8. Бір сөзді де бірнеше сөзді де сөйлемдерге мысал келтіру және ондай сөйлемдерді мазмұндама, шығарма жазуда орынды пайдалану білу.
9. Берілген сөздерден сөйлем құрау.
10. Бір сөзді сөйлемді көп сөзді сөйлемге айналдыру, керісінше көп сөзді сөйлемді бір сөзді сөйлемге айналдыру, мысал келтіру.
11. Сөйлемнің өзіндік белгілерін айтып беру, мысал келтірте отырып, ауызша және жазбаша тексерту.

Мұғалім сөйлем жайында білім бергенде теориялық білімді практикамен байланыстырып жаттығу жұмыстарын оқушыға неғұрлым көп орындатса соғұрлым оқушылардың білім мен дағдысы ширай түседі.

Синтаксистік талдау: сөйлем түрлеріне қарай талдау және сөйлем мүшесіне қарай талдау болып екіге бөлінеді.

Сөйлем түрлеріне қарай талдаудың өзіндік жүйесі бар, ол әр кластың оқу программасы мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі.

Ж а й с ө й л е м т ү р л е р і н е қ а р а й т а л д а у

Жай сөйлем түрлеріне қарай талдау бастауыш кластарда жүргізіледі де, жоғарғы кластарда бірте-бірте күрделендіріліп отырады.

Жай сөйлемнің түрлеріне қарай талдау олардың мағынасы мен құрылысына қарай бірнеше түрге бөлінеді.

а) **Жай сөйлемдерді мағынасына қарай талдау.** Сөйлемдерді мағынасына қарай салыстырып, өз ара айырмашылықтарын айтқызады, лепті сөйлемдердің мағыналық өзгешеліктері мен сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдарына қарай талдатып, дәлелдетіреді.

Жай сөйлемдерді жалаң, жайылма болып бөлінуіне қарай талдау. Мұнда тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін таптырып, жалаң, жайылма сөйлемдердің өзіне тән белгісін айтқызады.

Біз табысты болдық. Бұл—жалаң сөйлем. Бастауыш пен баяндауыштан құралып тұр. Бастауыш — *біз*, есімдіктен; баяндауышы — *табысты болдық*, зат есім мен етістіктің тіркесінен болған.

Біз егістен де, малдан да табысты болдық.

Бұл — жайылма сөйлем. Өйткені бастауыш пен баяндауыштан басқа тұрлаусыз мүшелер де қатысып тұр. Мұндағы *егістен де, малдан да* деген — зат есімнен болған бірыңғай толықтауыштар.

б) **Жай сөйлемдерді тұрлаулы мүшелерінің толық болу-болмауына қарай талдау.** Жай сөйлемдердің толымды, толымсыз екенін ажыраттырып, толымды, толымсыз болудың шарттарын айтқызады.

1. *Абай балаға бар денесімен шұғыл бұрыла қарады*
Құрылысы жағынан алғанда жай сөйлем. Жай сөйлем ішінде толымды сөйлем. Толымды сөйлем болатын себебі: сөйлемнің бастауышы да, баяндауышы да бар. Бастауышы — *Абай*, зат есімнен, баяндауышы — *қарады*, етістіктен.

2. — *Не істен жүрсің?* Толымсыз, *сен* деген бастауышы айтылмай тұр.

Трактор айдап жүрмін. Толымсыз, мен деген бастауышы айтылмай тұр.

Мен де тракторшымын. Толымды, бастауышы да, баяндауышы да бар. Бастауышы — мен деген жіктеу есімдігінен болған да, баяндауышы *тракторшымын* деген зат есімнен жасалған.

в) Жай сөйлемдерді сөйлем мүшелерінің байланысына қарай талдау. Текстен жақты, жақсыз сөйлемдерін таптырып, оның жақты, жақсыз болу себептерін нақтылы мысалдар арқылы дәлелдеттіреді.

Еңбек етсең, ерінбе. Бұл жақты сөйлем, белгілі бір жақта айтылып, бастауышы мен баяндауышы қиысып тұр. Бастауышы сөйлем ішінде айтылмағанмен, оны баяндауышына сұрақ қою арқылы табуға болады. (Кім ерінбеу керек? *Сен.*)

Менің барғым келеді, оның айтқысы келмейді. Бұл — жақсыз сөйлем. Өйткені бастауышы мүлде жоқ және оны баяндауышына қарап білуге де болмайды.

Г) Атаулы сөйлемдерді түрлеріне қарай талдату және олардың белгілерін салыстырып отыру жай сөйлемдерді талдаудың бір түрі.

1. Москва. 2. Кремль. 3. Үлкен театр. Бұлар – атаулы сөйлемдер. Сөйлем ретінде қолданылып тұрған зат атаулары. Не? Деген сұраққа жауап болып, атау мағынасында тұр.

Сөйлем мүшелерін оқыту.

Сөйлем мүшесі жайында жалпы түсінік бергенде оның сөйлемдегі қызметі мен мағынасына қарай тұрлаулы және тұрлаусыз болып өзара жіктелетінін тек атап қана өтеміз. Ал енді тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер жайында жан-жақты білім беретін арнайы өтілетін сабақта мұғалім оқушыларға олардың өзіндік белгілері мен анықтамасын санаулы меңгертуі керек. Жоғарғы сынып оқушылары қандай мүшелердің тұрлаулы және тұрлаусыз болып есептелетінін бастауыш сыныптардан-ақ біліп келеді. Ал сол мүшелердің неге тұрлаулы неге тұрлаусыз мүшелер деп аталатынын және қандай өзіндік белгілері барын білмейді. Жоғары сынып мұғалімінің басты міндеті осы мәселелерге арнайы да терең тоқталу. Бұлар жайындағы тіліміздегі заңдылықты таныту, ол үшін мынадай жұмыстарды іске асыру керек:

1. Оқушылардың дәптеріне мына тәрізді сөйлемдер жаздырып, оларға синтаксистік талдау жасату: Қыс. Бет қаратпайтын боран. Аяғымда шаңғы жүріп келем, жүріп келем... . Бір қарасам жылтыраған от көрінді. Жақындасам ауыл. Аман жеткеніме өте қатты қуандым.
2. Осы сөйлемдердің бастауыш, баяндауыштарын алып тастап оқыту. Мұндай жағдайда олардың сөйлем болатынын я болмайтынын түсіндіру.
3. Берілген сөйлемдерде не бастауышты не баяндауышты қалдырып оқыту (Ондай жағдайда сөйлемдер сөйлемдік дәрежесін сақтай алама, сақтай алмай ма екендігін байқату).
4. Сөйлемде толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыштар бастауыш пен баяндауыш сияқты негізгі қызмет атқара алмайтынын тек солар үшін қолданылатын жоғарғыдағы мысалды арқылы талдай отырып дәлеледеу.
5. Атқаратын қызметі мен мағынасына қарай бастауыш пен баяндауыштың сөйлемнің тұрлаулы мүшелері екендігін және солай деп аталатынын, анықтауыш пен толықтауыш, пысықтауыштардың сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері деп аталатынын түсіндіру.

Мұғалім түсінігінің төмендегідей мазмұнда болуы жеткілікті, яғни сөйлемдегі ой әруақытта бастауыш пен баяндауыш арқылы беріледі, бастауыш пен баяндауыш сөйлемдегі ойдың ұйытқысы, таянышы және тірегі. Бастауыш пен баяндауышы жоқ сөйлемдер кейде сөйлем болудан қалады. Сондықтан сөйлем болу үшін кем дегенде екеуінің біреуі болуы немесе екеуінің де болуы шарт екенін түсіндіру керек. Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің басқа мүшелерінсіз-ақ сөйлем жасай алады. Ал анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштар бастауыш пен баяндауышсыз сөйлем жасай алмайды. Олар сөйлемде тек бастауыш пен баяндауыш үшін ғана қолданылады. Сөйлемдердің осындай ерекшелігін ескере отырып тіл ғылымы бастауыш пен баяндауыштарды тұрлаулы мүшелер деп, ал толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыштарды тұрлаусыз мүшелер деп аңғартады. Сондықтан сөйлем мүшелерінің маңызы мен қызметіне қарай тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер деп екіге бөлінетінін айтамыз. Өздігінен сөйлем жасай алатын, сөйлем жасауға тірек болатын мүшелерді тұрлаулы мүшелер дейміз. Өздігінен сөйлем жасай алмайтын алмайтын, тек сөйлем жасауға көмегі бар мүшелерді тұрлаусыз мүшелер дейміз деп олардың өзіндік белгілерін көрсетеміз. Тұрлаулы мүшелердің өзіндік белгілері:

1. Тұрлаулы мүшелер өздігінен сөйлем жасайды немесе сөйлем жасауға тірек, негіз болады.
2. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері бастауыш пен баяндауыш.

Тұрлаусыз мүшелердің өзіндік белгілері:

Тұрлаусыз мүшелер көбінесе өздігінен сөйлем жасай алмайды, тек сөйлем жасауға көмектеседі.

Тұрлаусыз мүшелерге анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш жатады.

Оқушыларға тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерден берік дағды беру үшін мынадай жұмыстарды орындаған жөн:

1. Оқушыларға тек тұрлаулы мүшелері бар сөйлемдерді айтқызу. Содан соң тұрлаусыз мүшелері бар мысалдарды келтіру.
2. Сөйлемдердегі тұрлаусыз мүшелерді алып тастап оқытқанда ол сөйлемнің сөйлемдік дәрежесі сақталғанын немесе сақталмағанын айтқызу.
3. Кеспе қағаздар таратып, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің бар-жоғын айтуды талап ету.
4. Оқулықта берілген жаттығуларды орындату.
5. Бір ғана тұрлаулы мүшелерден құралған сөйлемге мысал келтіру.
6. Тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің өзгешелік белгілерімен анықтамаларын сұрау.
7. Тыныс белгілерін қойылмай, кіші әріптен басталып, бір-біріне тіркеле жазылған сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қойғызып дұрыстап жазғызу. Әр сөйлемде неше тұрлаулы, неше тұрлаусыз мүшелердің барын айтқызу. Сонымен осы жұмыстарды жүйеклі орындатқанда оқушылар сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін саналы түрде меңгере алады.

Сөйлем мүшелеріне қарай талдау

Синтаксистік талдаулардың ішінде ерекше практикалық маңызды талдаудың бірі — сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне қарай талдау болып есептеледі.

Мұғалім оқушыларға сөйлем мүшелеріне қарай жүргізілетін талдауларды қаншалықты көп жасатып, оны түрлендіріп отырса, оқушылар сөйлем мүшелерін ажырату жағынан да соншалықты шебер болады.

Сөйлем мүшесіне қарай талдаудың түрлері жеңіл түрінен басталады, алдымен сөйлемнің тұрлаулы мүшелеріне қарай талданып, онымен ұштастырыла сөйлемнің *тұрлаусыз мүшелері талданады*.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелеріне қарай талдатқанда да, алдымен, сөйлем ішіндегі баяндауышын таптырады. Өйткені баяндауышы қашан да айқын және оқушылардың табуына жеңіл болады. Ол — сөйлемдегі ойды тиянақтап, аяқтап тұрады; сөйлемнің бастауыш мүшесі сияқты түсіп қалып отырмай, тұрақты келеді және сөйлемде бастауышты табуға жетекші болады.

Сөйлем мүшелерінің әрқайсысының өзіне тән мағыналық, грамматикалық ерекшелігі, атқаратын қызметі бар. Мұғалім оқушыларға сөйлем мүшесіне қарай талдау жұмыстарын жақсы білгізу үшін, ең алдымен олардың сол ерекшеліктерін жақсы меңгертуі керек.

Атап айтқанда, сөйлем мүшесі болатын сөздерді:

- а) сөйлемдегі қызметіне қарай;
- ә) тұлғалық белгісіне қарай;
- б) басқа сөздермен байланысына қарай;
- в) қойылатын сұрағына қарай;
- г) қандай сөз табынан жасалып тұрғандығына қарай;
- ғ) сөйлемнің әрбір мүшесінің құрамына (дара, күрделі) қарай;
- д) күрделі мүшелерді сөйлемнің бірыңғай мүшелерінен айырмасына қарай талдатады. Сол ерекшеліктерді өздеріне айтқызып, дәлелдеттіріп отырады.

Құрмалас сөйлемді оқыту.

Мұғалім оқушыларға құрмалас сөйлемді түсіндіргенде әңгіме, байқау әдістері, ойлаудың анализ, синтез, салыстыру, жинақтау тәсілдерін қолданады.

Құрмалас сөйлемнен теориялық білім бергенде, олардың барлық түріне ортақ мынадай методикалық нұсқаулардың басшылыққа алынуы шарт.

1. өтілейін деп отырған құрмалас сөйлемді оқушыларға жеңіл де саналы меңгеруге көмегі тиетін бұрын өтілген материалдарды үнемі қайталап отыру.
2. Әрбір жаңа материалдардың мәнін, өзіндік белгілерін өзіне дейін өтілген материалдардан ажырата түсіндіру.
3. Оқушыларға өздігінен жұмыс естете, олардың қызығуын арттыра отырып, ойша қорытудың индукция, дедукция түрлерімен құрмалас сөйлемді меңгерту.
4. Әр сабақта көрнекі құралдарды кеңінен пайдалану.
5. Мұғалімнің жетекші сұрағының негізінде әр құрмаласқа анықтаманы және өзіндік белгілерін оқушыларға айтқызу. Сол арқылы олардың ойлау қабілетін арттырып, өздігінен жұмыс істеуге үйрету. Тек оқушылардың шамасы келмеген жағдайда ғана құрмалас сөйлемнің анықтамасы мен өзіндік белгісін мұғалімнің өзі айту.

Бұл тақырыпты оқу арқылы оқушылар құрмалас сөйлемді оқытудағы мақсатын, өзін белгілерін, анықтамасын, өзара салалас, сабақтас, ар алас құрмалас сөйлемдер болып бөлінетіні жайлы білім алады.

Құрмалас сөйлем туралы түсінікті оқушылар санына екі түрлі жолмен жеткізуге болады: біріншісі – әңгіме, байқау әдістері арқылы; екіншісі – мұғалімнің түсіндіруі, байқау әдістері арқылы.

Мұғалім оқушыларға құрмалас сөйлемді түсіндіргенде тақтаға бірнеше жай сөйлемдерді жазып оқушыларға ауызша талдатады.

Оқушылар жоғарыдағы сөйлемдердің бәрі де аяқталған тиянақты бір жай ойды білдіретін, сондықтан барлығы да жай сөйлем екенін, сонан кейін олардың қайсысы жалаң, жайылма, толымды, жақты сөйлемдер екенін айтып, олардағы тұрлаулы мүшелерді атайды. Мысалы: Жаңбыр жауды. Жер көгерді. Күн шықты. Мал өріске кетті. Бет қаратпайтын боран болды. Қапан қалаға бармады деген сөйлемдер жазылады.

Мұғалім оқушыларға осындай жай сөйлемдерден құрмалас сөйлем құрату үшін мынадай сұрақтар қояды.

1. Кім, да шылауын қосып, бірінші мен екінші жай сөйлемдерден күрделі бір ойды білдіретін сөйлем құрайды.
2. Мал қашан өріске кетті?
3. Неліктен Қапан қалаға бармады?

Соңғы екі сұраққа жауап бергенде, үшінші мен төртінші, бесінші мен алтыншы жай сөйлемдерді пайдалану керектігі ескеріледі.

Оқушылар мынадай жауап қайтарады:

1. Жаңбыр жауды да, жер көгерді.
2. Жаңбыр да жауды, жер де көгерді.
3. Күн шықты, мал өріске кетті.
4. Күн шыққан соң, мал өріске кетті.
5. Бет қаратпайтын боран болғандықтан, Қапан қалаға бармады.

Мұғалім оқушылардан мына құрмалас сөйлемдер неше жай сөйлемнен құралғанын, қандай тәсілмен құрмаласқанын айту талап етіледі. Оның жауабын тыңдап болған соң, оқушыларға ой қорытындысын шығара алатындай жетекші сұрақтар қойылады:

- жай сөйлем бір я бірнеше сөйлем мүшелерінен құралып, бір тиянақты ойды білдіреді, ал құрмалас сөйлем неден құралады, қандай ойды білдіреді?

Бұл сұраққа жоғарыда талдаған мысалдарға сүйене отара бір оқушы:

- Құрмалас сөйлем екі я бірнеше жай сөйлемнен құралып, бір күрделі ойды білдіреді деп жауап береді.

Мұғалім оқушы жауабының дұрыстығын ескертеді де:

- Құрмалас сөйлемнің күрделі ойды білдіруі – оның бірінші өзіндік белгісі.

Құрмалас сөйлемнің екінші өзіндік белгісі. Тіл ғылымында құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемнің компоненттері деп атайды. Мұнан былай біз де құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдері деудің орнына құрмалас сөйлемнің компоненттері деп. атаймыз, - деп, оқушылардың құрмалас сөйлем жайында білетіндерін бір түйіп қояды. Мұнан кейін класна мынадай сұраулар қойылып, жауаптар алынады.

Мұғалім тақтаға жазылған жай сөйлемдердің кез-келгендерін былайша біріктіріп, жаңбыр жауды да, бет қаратпайтын боран болды. Жер көгерген соң қар кетті деп айтуға және соларды құрмалас сөйлем деп тануға бола ма?

Оқушылар. Жоқ, олай айтуға да, солай айтқанмен, оларды құрмалас сөйлем деп танула болмайды.

Мұғалім. Неліктен болмайды?

Оқушылар. Жаңбыр жауа сала, бір ден бет қаратпайтын боран болмайды.

Мұғалім. Дұрыс. Сонымен, кез - келген жай сөйлемдер құрмалас сөйлемдер құрмалас сөйлем жасай алама екен?

Оқушы кез-келген жай сөйлемдер құрмалас сөйлем жасай алмайды. Тек мағыналары бір-біріне байланысты әрі жақын жай сөйлемдер ғана құрмалас сөйлем жасайды.

Мұғалім. Дұрыс.

Дәл осындай жетекші сұраулар қоя отырып, сөйлемдерді тал дату арқылы мұғалім оқушыларға құрмалас сөйлемнің тағы да мынадай төрт белгісін танытады:

1. Құрмалас сөлем компоненттері бір-бірімен грамматикалық байланыста болады. Ол байланыс қосымша, шылау, компоненттердің орын тәртібі, өзіндік интонациясы арқылы байқалады.
2. Құрмалас сөйлемнің әр компоненттерінің бастауышы мен баяндауышы болады, т.б.

Мұғалім құрмалас сөйлем туралы түсінік беріп, оның өзіндік белгілері мен анықтамасын оқушыларға меңгерткеннен кейін, құрмалас сөйлем мағынасы мен тұлғасына қарай салалас, сабақтас және ар алас құрмалас болып үшке бөлінетінін, олардың әрқайсысына алдағы сабақтарда арнайы тоқталынатынын ескертеді.

“Құрмалас сөйлем туралы түсініктен” оқушыларға білім бергенде, аздап грамматикалық талдау да қолданылып отырылады.

Міне мұғалім оқушыларға құрмалас сөйлемді осы жолмен оқытуына болады. Құрмалас сөйлемдердің түрлеріне қарай талдау.

Құрмалас сөйлем түрлеріне қарай талдау программада өтілетін материалдарын жүйесін сақтай отырып, баспалдықты түрде күрделеніп принципімен жүргізіледі. Осы принцип бойынша, алдымен, салалас құрмалас сөйлемнің түрлеріне, одан соң сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлеріне, ең соңында, аралас құрмалас сөйлемнің түрлеріне қарай талдау жасалады.

Құрмалас сөйлемнің түрлеріне қарай жүргізілетін талдау өнімді және жүйелі болу үшін, мұғалім әрбір талдаудың түріне қарай жоспарын жасап, мақсатын белгілейді.

Салалас құрмалас және сабақтас құрмалас сөйлемді оқыту оқыту.

Оқушыларға құрмалас сөйлемнің өзіндік белгілері мен анықтамасы олардың жалпы жай сөйлемдер жайындағы біліміне негізделсе, жай сөйлемге салыстырыла, талдай, жинақтай меңгертілсе, салалас құрмалас(салаластың өзіндік белгілері мен анықтамсы)біріңғай бастауышты, біріңғай баяндауышты жай сөйлемдерге салыстырыла, ойша қорытудың индуктивті-дедуктивті түрі арқылы меңгертіледі. Бұл арқылы, біріншіден, салалас құрмалас сөйлемнің өзіндік белгілері мен анықтамасын оқушылар сапалы ұғынса, екіншіден, жалпы құрмалас сөйлемнің, оның ішінде салаластың, жай сөйлемнен айырмашылығын тереңірек түсінеді.

Салалас құрмалас сөйлем жайындағы түсінікті жай сөйлеммен салыстырмай-ақ меңгертуге де болады. Мұндай жағдайда оны біріңғай мүшелі жай сөйлеммен салыстыруға кететін уақытты үнемдеп, жаттығу-дағдыландыру жұмыстарын көбірек

жүргізуге мүмкіндік туады; дегенмен оқушылар кейінгі сабақтарда практикалық жұмыстарды орындағанда, салалас құрмалас сөйлеммен біріңғай бастауышты, біріңғай баяндауышты жай сөйлемдерді бір-бірімен шатастырады. Оны арнайы жүргізілген эксперимент жұмысы мен жоғары оқу орындарына қазақ тілінен емтихан тапсырған абитуриенттердің жауаптары көрсетеді.

Біріңғай бастауышты, біріңғай баяндауышты жай сөйлемдердің негізгі өзіндік белгілеріне мыналарды атайды:

1. Біріңғай бастауышты жай сөйлемнің баяндауышы сол сөйлемдегі барлық бастауышқа ортақ болады.
2. Біріңғай баяндауышты жай сөйлемнің бастауышы сол сөйлемдегі барлық баяндауышқа ортақ болады.
3. Біріңғай бастауыш пен біріңғай баяндауыш біріңғай формада, біріңғай сөз табынан болады.
4. Біріңғай мүшелер бір-бірімен интонация және ыңғайлас, талғаулы, кезектес жалғаулықтармен байланысып келеді.

Қорыта келе, мұғалім оқушыларға салаластың өзіне тән мынадай

белгілерін ғана айтады:

1. Салалас құрмаластың компоненттері жеке-жеке айтқанда, олардың әрқайсысы кіші-гірім біршама аяқталған ойды білдіреді.
2. Салалас құрмалас сөйлемнің компоненттеріндегі баяндауыштар тиінақты формада (үш жақтың біреуіндегі) етістікпен есім сөздердің бірі болып келеді.
3. Салалас құрмаластың компоненттері өз ара жалғаулық шылаулар, интонация, орын тәртібі арқылы байланысады.
4. Көптеген салалас құрмалас компоненттерінің орнын ауыстыруға болмайды.

Компоненттерінің орнын ауыстырғанда, салалас алғашқы мәнін жояды, кейде құрмалас сөйлем болудан да қалады.

Ең соңында, салалас құрмалас сөйлемге мынадай анықтама беріледі: **Компоненттері мағына, орын тәртібі, интонация, жалғаулық шылаулар арқылы байланысып, баяндауыштары тиінақты формада келген құрмалас сөйлемді салалас құрмалас сөйлем дейміз.**

Бұл анықтаманы мұғалім байыппен екі рет айтады да, содан кейін оқушыға айтқызады.

Ыңғайлас салалас

Алдымен мұғалім оқушыларға ыңғайлас салаластың мағынасы және компоненттерінің байланысу тәсілдеріне қарай жалғаулықты ыңғайлас салалас, жалғаулықсыз ыңғайлас салалас болып бөлінетінін, сонан кейін ыңғайластың осы екі түрінің әрқайсысының мәні мен жасалу жолдарын, тыныс белгісін, көптеген тілдік фактілерді талдай отырып былай түсіндіреді.

Салалас құрмалас сөйлемдер мағынасына қарай алтыға бөлінеді. Солардың бірі- ыңғайлас. Бұл- прозада да, поэзияда да кездеседі. Қазақ мақалдарының дені- ыңғайлас салалас. Мұның өзі тіліміздің байлығын меңгергісі келген адамның ыңғайлас салаласты білуі міндет екенін аңғартады.

Сонымен, ыңғайлас салаластың өзіне тән мынадай белгілері бар:

1. Ыңғайлас салалас істің және оқиғаның ретін, бір мезгілде немесе бірінен соң бірінің болғанын, болып жатқанын, болатынын хабарлайды, баяндайды, ыңғайын білдіреді.

2. Компоненттері орын тәртібі, ыңғайлас жалғаулық, интонация арқылы байланысады.

3. Ыңғайлас салалас, компоненттерінің байланысу тәсілдеріне қарай, жалғаулықты ыңғайлас, жалғаулықсыз ыңғайлас болып екіге бөлінеді. Жалғаулықты ыңғайлас компоненттері *да, де, та, те, әрі* және жалғаулықтар арқылы байланысады. Жалғаулықсыз ыңғайластың компоненттері орын тәртібі, интонация арқылы байланысады.

5. Айтқанда, ыңғайлас салаластың арасына пауза жасалып, жазғанда, үтір қойылады.

Сонымен, ыңғайлас салаласқа мынадай анықтама беріледі:

Компоненттерінің мағынасы істің, оқиғаның ретін, мезгілін, ыңғайын білдіретін салаласты ыңғайлас салалас дейміз.

Қарсылықты салалас

Қарсылықты салалас грамматикалық талдау, байқау, әңгіме әдістері, ойша қорытудың индуктивті- дедуктивті түрі арқылы меңгертіледі.

Бұл сабақта мұғалім мынадай мақсат қояды: мүмкіндігінше, қарсылықты салаласты оқушылардың өздеріне меңгерту, тек олардың шамасы келмейтін жерлерін ғана түсіндіру. Мұғалім осындай мақсат көздегендіктен, әдеттегідей сабақтың тақырыбын да, оның алдына қоятын мақсатын да түсіндірмейді. Сабақ бірден грамматикалық талдаудан басталады.

Сабақтың соңында қарсылықты салаластың мынадай өзіндік белгілері сараланып көрсетіледі:

Қарсылықты салаластың бірінші компонентіндегі ой, іс, оқиға екінші компоненттегі ой, іс, оқиғаға қарама- қарсы болып келеді.

Компоненттері қарсылықты жалғаулықпен және интонация, орын тәртібімен байланысты.

Қарсылықты салалас екіге бөлінеді: жалғаулықты қарсылықты салалас және жалғаулықсыз қарсылықты салалас. Жалғаулықты қарсылықты салаластың компоненттері қарсылықты жалғаулықпен байланысады, ал жалғаулықсыз қарсылықтың компоненттері интонация, орын тәртібі арқылы байланысады.

Қарсылықты салаластың баяндауыштары болымды, болымсыз етістіктерден және антоним сөздерденде жасалады.

Қарсылықты салаластарды айтқанда, компоненттерінің арасына пауза жасалып, жазғанда, жалғаулықты қарсылықтының арасына үтір, жалғаулықсыз қарсылықтының арасына үтір мен сызықша қойылады.

Қарсылықты салаласқа мағынасына қарай мынадай анықтама беріледі:

Компоненттерінің мағынасы қарама- қарсы салаласты қарсылықты салалас дейміз.

Мектеп оқулығы қарсылықты салаластан мынадай дағды беруді талап етіп келеді:

1. Текстен қарсылықты салаласты таба білу.
2. Қарсылықты салаластың жай сөйлемдерден қандай тәсілдермен жасалатынын айту.
3. Берілген жай сөйлемдерден жалғаулықты қарсылықтарды табу.

4. Тыныс белгісін қою.
5. Берілген компонентке екінші сыңарын ойдан тауып, қарсылықты салалас жасау.
6. Қарсылықты салаласқа ойдан мысалдар келтіру.

Оқушыларға қарсылықты салаластан жоғарыда аталған дағдыларды меңгерту үшін, мұғалім оқулықта берілген жаттығуларды орындатумен шектелмей, творчестволық жұмыстар істету керек. Сабақта уақыт үнемдеу үшін, күні бұрын карточкалар даярлап, сол бойынша жұмыс жасатылса ғана, жоғарыдағы дағдыларды оқушыларға меңгертуге болады.

Сабақтас құрмалас сөйлемдер — қазақ тілінде ең жиі қолданылатын және ең күрделі синтаксистік категория. Бұлардан нақты да, саналы да білім беру үшін, алдымен оқушыларға сабақтас құрмалас дегеніміз не, оның қандай өзіндік белгілері бар екенін, оны не үшін оқу керектігін танытып алу міндет.

Сабақтас құрмаластың өзіндік белгілері мен анықтамасын оқушыларға жаттығу орындату әдісімен де, мұғалімнің түсіндіру әдісімен де меңгертуге болады. Бұл тақырыпты мұғалімнің түсіндіру әдісі арқылы оқушыларға қалай меңгерту керектігіне тоқталайық.

Мұғалім кіріспе әңгімесінде осыған дейін оқушылардың салаластармен танысқанын, мұнан былай олар сабақтас құрмаластар жөнінде білім алатынын, сабақтас құрмалас та, салалас құрмалас сияқты, адамның күрделі ойын білдіретінін, салаласқа қарағанда, мұның тілімізде өте жиі қолданылатынын, сабақтасты оқудағы мақсатты, сабақтастардан саналы да терең білім алу үшін, алдымен оның өзіндік белгілерін, анықтамасын жете түсінудің қажеттігін, бұлар жайында осы сабақта білім беретінін айтады.

Мұнан кейін жай сөйлемде істің болу себебі көрсетілгенімен, оның толық еместігі, яғни қалай мыжылғаны, кімнің, ненің мыжылғаны ашып айтылмағаны, ал құрмалас сөйлемдерде істің болу себебі анық, айқын, толық етіп берілген, сондықтан да ойды, толық күрделі қып айту үшін, құрмалас сөйлемдердің қолданылатыны түсіндіріледі.

Салыстыру арқылы жай сөйлемнен сабақтас құрмаластың айырмашылығы былайша ашып көрсетіледі

Жай сөйлемдегі пысықтауыш пен сол мәндес бағыныңқылы сабақ-тастардың ұқсастығы мыналар:

1. Жай сөйлемдегі мезгіл, себеп, сын-қимыл, мақсат пысықтауыштар мен осындай мағыналарды білдіретін сабақтас құрмаластың компоненттері бірдей сұрауға жауап береді. Мәселен, жоғарыда келтірілген жай сөйлемнің *мыжылғандықтан* себеп пысықтауышы мен сабақтастың *үстіне кісі отырғандықтан* компонент н е л і к т е н? сұрауына жауап болып тұр.
2. Жай сөйлемдердің кейбір пысықтауыштары мен сабақтастардың бағыныңқысының баяндауыштары бір тұлғада (формада) келеді. Мысалы, *мыжылғандықтан* деген жай сөйлемнің себеп пысықтауышы да, *отырғандықтан* деген сабақтастың бағыныңқысының баяндауышы да, бір форма (*гандықтан*) иеленген.
3. Жай сөйлемнің пысықтауышы да, сабақтастың сол мәнді білдіретін бағыныңқысы да істің себебін, мезгілін, сынын, қимылын, мақсатын білдіреді.

Сонан соң сабақтас салаласқа салыстырыла отырылып, олардың ұқсастығы (салаластың да, сабақтастың да күрделі ойды білдіретіні, екі я онан да көп жай сөйлемдерден жасалатыны, компоненттерінің бір-бірімен мағыналық және грамматикалық байланыста болып келетіні, бір сөзбен айтқанда, жалпы құрмаласқа тән белгілер екеуіне де ортақ екені) дәлелдені-леді де, сабақтастың өзіне ғана тән мына белгілері танытылады:

1. Сабақтас құрмалас сөйлемнің компоненттерінің біреуі өздігінен біршама аяқталған ойды білдіреді, оны қазақ тіл білімі сабақтастың басыңқы компоненті деп атайды.
2. Сабақтастың басыңқы компонентінен басқа компоненті біршама аяқталған ойды білдіре алмайды, мұндай компонент сабақтастың бағыныңқы компоненті деп аталынады.
3. Сабақтастың басыңқы компонентінің баяндауышы әрдайым тиянақты формада, ал бағыныңқы компонентінің, баяндауышы үнемі тиянақсыз формада келеді.
4. Бағыныңқының баяндауыштары болатын сөз таптары — жіктелмеген көсемше, шартты райлы етістік, қосымшалы және септеулік шылаулар тіркескен есімше мен тұйық етістік.
5. Сабақтастың компоненттері өзара мағына, қосымша, шылау, интонация арқылы байланысады.
6. Сабақтастың бағыныңқы компоненті басыңқы компонентіндегі уақиғаның қалай, қайтп, қашан, не үшін, неліктен болғанын, болып жатқанын немесе болатынын білдіру үшін қолданылады.
7. Сабақтастың бағыныңқы компоненті негізінен басыңқының алдынан, кейде ортасында, өлеңде соңынан да келеді.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас — қазақ тіліндегі ең жиі қолданылатын және баяндауышы формаға бай сабақтас. Мұны мезгіл пысықтауыштан терең де берік білімі бар оқушылар ғана қиналмай меңгере алады. Ал пысықтауыштан білімі таяз оқушылар мезгіл бағыныңқыны көбіне мезгіл пысықтауышы бар жай сөйлеммен шатастыра береді. Мұндай кемшілікті болдырмас үшін, мезгіл бағыныңқылы сабақтасты өтерде, мезгіл пысықтауыш болатын сөз таптарын қайталап келу тапсырылады, мезгіл пысықтауышы бар екі-үш жай сөйлемді талдап, пысықтауышы қай сөз табынан, қандай формада келгенін ажырату міндеттеледі.

Сондай-ақ мезгіл пысықтауыштың мынадай екі өзіндік ерекшелігін мықтап есте сақтауды талап етеді:

1. Мезгіл пысықтауыш өзі құрамында тұрған сөйлемнің баяндауышын пысықтайды (істің, қимылдың, уақиғаның мезгілін білдіреді).

2. Мезгіл пысықтауыш мезгіл үстеулерінен, мезгіл мәнді есімдерден (есім мен шылау сөз тіркестерінен) жасалады.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтастың мағынасы, баян-дауыш формалары мынадай өзіндік белгілері саралап көрсетіледі:

1. Мезгіл бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқысы басыңқыдағы істің мезгілін білдіреді.

2. Бағыныңқының сұрауы — қ а ш а н?

3. Бағыныңқының баяндауыш формалары бес түрлі: жатыс септіктегі өткен шақтық және болжалды келер шақтық есімше; септеулік шылаулары

тіркескен өткен шақтық есімше; *-ша, ше* жұрнақты өткен шақтық есімше; *-галы, гелі* формалы көсемше; *-ысымен, -гасын* формалы етістіктер.

4. Жазғанда, мезгіл бағыныңқының арасына үтір қойылады. Мезгіл бағыныңқының мағынасына негізделген мынадай анықтама беріледі:

Бағыныңқысы басыңқыдағы істің мезгілін білдіретін сабақтасты мезгіл бағыныңқылы сабақтас дейміз.

Мезгіл бағыныңқының өзіндік белгілері оның мезгіл пысықтауышты жай сөйлемнен, ыңғайлас салаластан, басқа бағыныңқылардан ажыратарлық критерийі болып есептелінеді, сондықтан да оларды барлық оқушының білуі міндет.

Мектеп оқулықтары мезгіл бағыныңқыдан алған білімін бекіту үшін, екі түрлі жаттығуды орындатуды талап етеді:

1. Жаттығудағы мезгіл бағыныңқылардың баяндауыштарының қандай тұлғада тұрғанын түсіндіру;
2. Берілген текстен мезгіл бағыныңқыны теріп жазу.

Әрине, оқушылардың мезгіл бағыныңқыдан дағдысын қалыптастыру үшін, жаттығудың бұл түрлері жеткіліксіз, сондықтан да бұларға қоса мынадай жаттығулар орындату қажет;

1. Мезгілдік мағынаны білдіретін салаласты мезгіл бағыныңқыға айналдыру;
2. Мезгіл бағыныңқыны ыңғайлас салаласқа айналдыру;
3. Мезгіл пысықтауышы бар жай сөйлем мен мезгіл бағыныңқыны бір-бірімен салыстыру, әрқайсысының өзіндік белгілерін айту;
4. Бір мезгіл бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқы компонентінің баяндауышын басқа формаларға қойып, мағынасының өзгеретін, өзгермейтінін байқау;
5. Мезгіл бағыныңқының баяндауышы қайдай формаларды иеленетінін айтып, мысалдармен дәлелдеу;
6. Мезгіл бағыныңқының баяндауыш формаларын схема арқылы өрнектеу;
7. Берілген жай сөйлемдерден мезгіл бағыныңқы жасау;
8. Мезгіл бағыныңқының тыныс белгісін қою;
9. Мезгіл бағыныңқының тыныс белгісін схема арқылы көрсету;
10. Берілген мезгіл бағыныңқыларды түсіндіріп жазу.
11. Творчестволық жұмыстарда мезгіл бағыныңқыларды көбірек қолдануды талап ету.

Сабақтас құрмалас сөйлемдерді талдаудың мақсаты

- а) Талданатын сөйлемдердің сабақтас құрмалас екендігін дәлелдеу;
- ә) құрамындағы жай сөйлемдерінің жігін ажыраттыру;
- б) ол сөйлемдердің бастауышы мен баяндауышын табу;
- в) жай сөйлемдердің қайсысы бағыныңқы, қайсысы басыңқы екендігін анықтау;
- г) мағынасына қарай бағыныңқының қай түріне жататындығын, қандай сұрақтарға жауап беретіндігін, соған сәйкес терминдерін айту;
- ғ) бағыныңқы сөйлемдер басыңқы сөйлемге қандай жолдармен (баяндауыштары қандай формада, тұрып) байланысатынын дәлелдеу;
- д) бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемнің орын тәртібін көрсету;

е) сабақтастың құрамындағы жай сөйлемдердің арасына тиісті тыныс белгілерін қойғызып талдату;

ж) сабақтас сөйлемге немесе сабақтастың жеке түрлеріне берілетін ережелерді айтқызып, оған өздеріне мысалдар келтірту т. б.

Аралас құрмалас сөйлем

Қазақ тіліндегі ең күрделі құрмалас сөйлем — аралас құрмалас, сондықтан да оны саналы меңгеру салалас пен сабақтастан білімі жақсы оқушының өзіне де оңайға соқпайды.

Аралас құрмаласты оқушыларға жете меңгерту үшін, алдымен бір сабақта ол жайында жалпы түсінік беріледі. Аралас құрмалас туралы жалпы түсінік берілетін сабақта мұғалім оқушыларға араластың мағынасын, қанша компоненттен жасалатынын, компоненттерінің байланысу тәсілдерін салалас пен сабақтасты салыстыра отырып меңгертеді.

Осы сабақта аралас құрмалас сөйлем компоненттері бір-бірімен интонация және шылау арқылы байланысатыны, осыған орай ол шылаулы және шылаусыз аралас құрмалас болып екіге бөлінетіні ескертіледі.

Сонымен, аралас құрмалас сөйлем жайында түсінік берілетін сабақта оның мынадай өзіндік белгілері оқушыларға танытылады:

1. Аралас құрмалас сөйлем білдіретін ой салалас пен сабақтастағы ойдан күрделірек болады.

2. Аралас құрмалас сөйлем салаласа және сабақтаса құрмаласқан үш я онан да көп компоненттерден жасалады. Сондықтан да оның құрамында үнемі бағыныпқы, басыңқы компоненттері және басыңқымен салаласа құрмаласқан компонент болады.

3. Аралас құрмалас үш компоненттен жасалса, кейде біріншісі мен үшіншісі салаласып, екіншісі мен үшіншісі сабақтасып құрмаласады; кейде екіншісі мен үшіншісі салаласып, біріншісі мен екіншісі сабақтасып құрмаласады.

4. Аралас құрмалас екі сабақтастың тіркесуі арқылы жасалса, екінші мен төртінші компоненттері салаласа, біріншісі екіншімен, үшіншісі төртіншімен сабақтаса құрмаласады.

Араласқа мынадай анықтама беріледі.

Компоненттері салаласа, сабақтаса байланысқан құрмаласты аралас құрмалас сөйлем дейміз.

Басыңқыларының баяндауыштары бір формадағы сабақтастардан жасалған шылаусыз араластың салаласа құрмаласқан компоненттерінің арасына нүктелі үтір қойылады.

Методикалық тұрғыдан мағынасына қарай жалғаулықсыз салаластардың арасына қандай тыныс белгісі қойылса, шылаусыз араластың сондай мағынаны білдіретін салаласа құрмаласқан компоненттерінің арасына жалғаулықсыз салаластардың тыныс белгілері қойылуы керек.

Оқушыларға аралас құрмалас сөйлемнен дағдылар төмендеп мазмұндағы жаттығуларды орындату арқылы беріледі.

1. Жаттығудан аралас құрмалас сөйлемдерді табу және олардың неліктен аралас құрмалас деп аталатынын түсіндіру;

2. Берілген жай сөйлемдерден аралас құрмалас жасау;

3. Шылаулы араласты шылаусыз араласқа, керісінше, шылаусыз араласты шылаулы араласқа айналдыру;

4. Аралас құрмаласты салалас және сабақтас сөйлемдерге айналдыру;
5. Аралас құрмаласты көп компонентті салалас және көп бағыныңқылы сабақтастармен салыстыру, олардың әрқайсысының өзіндік белгілерін айту;
6. Көп компонентті салаласты араласқа, керісінше, араласты көп компонентті салаласқа айналдыру;
7. Көп бағыныңқылы сабақтасты араласқа, керісінше, араласты көп бағыныңқылы сабақтасқа айналдыру;
8. Аралас құрмаластың компоненттерінің байланысын және тыныс белгісін схемамен көрсету;
9. Жаттығудағы араластардың тыныс белгісін қою;
10. Аралас құрмаласты түсіндіріп жазу;
11. Аралас компоненттерінің кемінде үшеуі я онан да көп болатынын өз мысалдарымен және басқа пәндердің оқулықтарынан я оқыған көркем әдебиеттен теріп жазған сөйлемдермен дәлелдеу;
12. Аралас құрмаласқа толық грамматикалық талдау жасау;
13. Аралас құрмаласты творчестволық жұмыстарында кеңінен қолдану.

Қорыта айтқанда, құрмалас сөйлемнің әр түрінен терең білім, берік дағдыны жоғарыда баяндағанымыздай етіп беру тиімді. Оны озық мұғалімдеріміздің іс тәжірибесі мен ғылыми эксперимент жұмысының нәтижесі көрсетті.

Аралас құрмалас сөйлемдерді талдау

Құрмалас сөйлемнің түрлеріне қарай жүргізілетін талдаулардың ішінде оқушыларға қиын тиетіні — аралас құрмалас сөйлемдерді талдау.

Аралас құрмалас сөйлемдерге дұрыс талдау жасау үшін, салалас пен сабақтас құрмаластың түрлерін және олардың тыныс белгілерін жақсы білу керек. Өйткені аралас құрмалас сөйлемге қойылатын мақсат та, талдау жасатудың жолдары да сол араласқа енген салалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлеріне қарай ажыратуға негізделіп, соларды қайталау, пысықтау жолдарымен жүргізіліп отырылады.

Мысалы: *Май туса, жаз туады, табиғат жаңа түрге енеді* деген сөйлемді аралас құрмалас сөйлемнің құрамына қарай талдайтын болсақ:

А) *май туса, табиғат жаңа түрге енеді* — шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.

ә) *жаз туады табиғат жаңа түрге енеді* деген сөйлем салаласа байланысып тұрған құрмалас сөйлем.

Егер мұғалім аралас құрмалас сөйлемдерге оқушылардың өздерін іздендіріп, *талдатып* отыратын болса, мынадай сөйлемдерді береді де, оның ішінен салаласа байланысқан түрлерін бір бөлек, сабақтаса байланысқан түрлерін бір бөлек жазғызып отырады.

Тақырып. ОРФГРАФИЯ МЕН ОРФОЭПИЯНЫ ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫ

Сабақтың жоспары.

1. Орфографиялық принциптердің мәні.
2. Орфоэпияның диалектілік ерекшеліктерімен байланысы.
3. Бұл тақырыптарды оқытудағы методикалық жүйе.
4. Орфографиялық және орфоэпиялық тақырыптарға байланысты қолданылатын жаттығулар.

Орфографияны оқытуда орфографиялық принциптер басшылыққа алынады. Орфографиялық және диалектілік сөздіктерден бірнеше сөздер таңдалады. Дайындалған кестелер тақтаның сол жағына ілінеді, ал оң жағына бірнеше сөздер жазылады. Карточкалардағы жазылған сөздерді оқышылар оқып шығады. Сөз басында, ортасында және аяғында келген әріптер мен дыбыстардың жазылуы мен айтылу ерекшеліктерін түсіндіреді. Сөздіктер бойынша істелетін жұмыстар ұйымдастырылады. Орфография мен орфоэпиялық тақырыптарға байланысты жаттығу түрлері орындалады. Осы методикалық жүйемен мына тақырыптар оқытылады.

1. Дауысы мен дауыссыздардың орфографиясы мен орфоэпиясын оқыту методикасы.
2. Тасымалды оқыту методикасы.
3. Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды түрлері.
4. Техникалық құралдарды пайдалану методикасы.

Білімді жүйелі қабылдау әрқашан белгілі-бір икемділікпен дағдыға байланысты. Білім алуға негізінен әрекет қандай да бір икемділіктің, кейбір жағдайдағы дағдының болуын қалайды.

Оқытудағы дағды мен білімнің байланысы әртүрлі болуы мүмкін. Ол әр пәннің өзіне тән ерекшелігімен сараланады. Орфографиялық дағды күрделі процес. Ол- жазу, сөздің дыбыстық құрамын талдай білу, грамматикалық білімге сүйене отырып орфографияны тану, оған лайық ережені пайдалана білу дағдыларын қамтиды. Орфографияның сипатына қарай бұлардан басқа көптеген жеке операциялар жүргізуі мүмкін. Ондай жекелеген операциялар түгелдей есепке алынып отырады. Бірақ үнемі олай бола бермейді. Егер оқыту процесінде күрделі әрекеттер дағдыға айналуы қажет болса, онда жеке жаттығулармен шектеліп қалуға болмайды. Керісінше оқушыға шығарма жаздыру керек болса, онда оларға өздерінің ойларын жазбаша беруіне және орфографиялық норманы сақтауына көмектесіп жеке-жеке жаттығулар жүргізілуі тиімді. Орфографияға байланысты жекелеген жұмыстар орындату үшін оқушылардың барлық назары сол әрекеттерге аударылады, яғни жүргізілетін әрекет саналы орындалуы тиіс. Ал оқушының назары оның шығармашылық әрекеттерін қажет ететін басқа бір жаңа мақсатқа аударылса (мысалы өз ойын жазбаша баяндап беруге), онда бірінші әрекет (орфографиялық жаттығулар) басты мақсат болудан қалады да, оқушының бар ынтасы жаңадан қойылған екінші мақсатқа (шығармаға) шоғырланады. Шығарма жазу кезінде бірінші әрекет автоматтандырылған, оқушы жазған шығармада орфографиялық білім мен дағды берік болғанын байқауға болады. Егер оқушы шығармада

орфографиялық қате жіберген болса, онда бірінші әрекетке қайта оралып, орфографиялық жаттығулар орындатуға тура келеді.

Орфографиялық сауаттылық диктант немесе шығарма жаздыру арқылы есепке алынып жүргізіледі. Бұл жерде ескерілетін жағдайлар мыналар: диктант- оқушылар алдына - жаңа мақсат қоймайтын таза орфографиялық жұмыс. Ал шығарма-оқушылар алдына өз ойын жатық баяндап беру сияқты шығармашылық талап қояды. Сондықтан да білімнің және дағдылардың қаншалықты берік қадлыптасқанына нақты көз жеткізу үшін шығарма немесе мазмұндама жаздыру тиімді. Ойын күрделі үйрету үшін алдымен әрбір жеке әрекетті оқушының ұқыпты пайымдап алуы талап етіледі. Содан соң барып жалпы түрде ойын қорытады. Орфографияның грамматикалық анықтаудағы бұл сияқты ақыл-ой жұмысын орфографиялық дағдының грамматикалық бөлігі деп атауға болады. Оқушының бойында дағдының берік қалыптасуы қайталау және жаттығу жұмысымен берік байланысты.

Орфографияны оқытуда қайталау жұмысы теориялық білімді жазу практикада пайдалану болып табылады. Қайталау арқылы оқушының ойлау әрекеті жетіледі, және орфографиялық қандай амалдармен тәсілдермен шешу керектігі анықталады. Орфографияны оқытудың амал-тәсілдеріне : орфографиялық әрекетке анализ жасау тәсілі, абстракциялау тәсілі, сөз контексінен тілдің морфографиялық элементтерін бөліп алу тәсілі, ол элементтерді белгілі бір грамматикалық категорияға жатқызу тәсілі, орфографиялық ережені айқындау тәсілі, т.б. жұмыстар жатқызылады. Жаттығу жұмысында ержелерді пайдалана отырып сөздің қалай жазылуын пысықтаумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге ақыл-ой жұмысын дамытуға көмектеседі. Ережені білу, пайдалана білу, практикада қолданыла білу үшін жүргізілетін жаттығулар дағды қалыптастырудың негізгі шартты жағдайы болып табылады. Әрекеттерді орындаудың амалдары мен тәсілдерін білу қимылдық дағды сияқты саналылық дағдының пайда болуында маңызды рөл атқарады. Саналылық дағды анализ, синтез, абстракциялау, нақтылдау , т.б. жұмыс жүйелерін қамтиды. Күрделі ақыл-ой қызметі арқылы қалыптасып, орфографиялық дағдыны игерудің қиындығы тек ереже немесе грамматикалық ережені білмеушілікте ғана емес, қайта ережені жазу практикада қолданыла алмаушылықта.

Орфографиялық ережені жақсы білмейтін оқушының жазуда сол ережеге байланысты қате жіберетіні белгілі. Бұл оқушының өз білімін іс жүзінде қолдана алдамаушылығын көрсетеді. Ережені практикада қолдана білу үшін орфограмманы танып, оларды грамматикалық жақтан топтастыру қандай ережеге байланысты аңғартылуы керек. Бұл үшін ойдың аналитикалық және синтетикалық күрделі жұмыс істеуіне тура келеді. Жазуға үйренбеген бала таяқша, ілмек, имек сызық, жартылай дөңгелек сияқты әріп элементтерін сызып қол қимылымен жаттықтырады, ал жаттығу үстінде белгілі-бір әріпті жазу үшін қай элементтерді пайдалану керектігін түсінеді де тұтас әріпті жазуға дағдыланады. Бірнеше әріпті жаза алатын болғаннан кейін екі немесе үш әріптен құралатын өзді жазуға дағдыланады. Осылай әріп саны көп сөздерді жазуға әрекеттенеді.

Орфографиялық дағдыны жетілдіру және оны дамыту әрекеттері психологиялық процесстер негізінде жүргізіледі. Оқушы қандай да бір орфограмманы тақтадағы немесе таблицадағы және кітаптағы жазылуы бойынша танысады. Яғни орфограмманы тану, көру сезімінен басталады. Оқушы назарын белгілі-бір

орфограммаға аудару үшін оны дара түрде танып қою жеткіліксіз болады. Сонымен бірге оған анализ жасату, салыстыру тәсілдері қолданылуы керек. Өйткені, орфограмманы қабылдау, баланың саналы, белсенді әрекетіне негізделуі тиіс.

Тексеру сұрақтары.

1. Орфография мен орфоэпияны оқытуда қандай принциптер басшылыққа алынады?
2. Орфоэпияны оқытуда салыстыру тәсілдері алай іске асырылады?
3. Орфография мен орфоэпияны оқытуда қандай жазба жұмыстары жүргізіледі.
4. Орфоэпияны үйретуде қандай техникалық құралдардан пайдалануға болады.

Тірек ұғымдар.

1. Орфография – сөздерің дұрыс жазылуын үйретеді.
2. Орфоэпия – сөздерің дұрыс айтылуын қарастырады.

Тақырып. ПУНКТУАЦИЯНЫ ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫ

Сабақтың жоспары.

1. Оқушының жазу жұмысын мұқият тексерудің маңызы.
2. Орфографиялық тексерудегі әдіс.
3. Емлелік қателерді түзетудегі мұғалімнің міндеті.
4. Оқушының емлелік қателерін түзету тәсілі.
5. Пунктуацияны оқыту жүйесі.
6. Пунктуацияға байланысты жаттығу жұмыстары.
7. Пунктуацияны оқытудағы әдістер.

Қазақ пунктуациясы қазақ тілі синтаксисі қарастыратын негізгі мәселенің бірі. Сол себепті күні бүгінге дейін қазақ мектептерінде де сол сияты мемлекеттік басқа тілдерде де жұмыстар жүргізіледі. Мектептерде негізінен пунктуациядан берілетін біліммен дағды белгілі-бір синтаксистік білімдерді оқыту процесінде беріліп келеді. Мысалы, оқушылар хабарлы сөйлемді оқығанда немесе оны жазғанда соңынан нүкте қою туралы білім мен дағды алады. Ал сұраулы мен лепті сөйлемдерді оқытқанда оларға сұрақ, белгілерін қою жөнінде білім мен дағды беріледі. Осылайша тыныс белгілері және оның басқа түрлері де белгілі-бір синтаксистік бірліктерге байланысты оқытылып жүр. Озат мұғалімнің көп жылдық жұмыс тәжірибесі және арнайы жүргізілген ғылыми эксперименті жұмыстың нәтижесі. Мектепте тыныс белгілерін, яғни пунктуацияны осылайша оқытудық дұрыстығы дәлелденді, тиімділікті арттырды. Осы жәйт ескерілгендіктен жаңа бағдарлама жобасында пунктуацияны белгілі-бір синтаксистік бірліктермен қабыстыра оқыту талабы қойылды. Қазақ пунктуациясының мәні грамматикалық ұғымдармен және интонациямен тығыз байланысты. Сондықтан белгілі-бір сыныпта белгілі-бір синтаксистік бірлікке байланысты қазақ пунктуациясынан білім бергенде осыған ерекше назар аудару керек. Сонда ғана оқушылар тыныс белгісінің мәнін және қызметін берік есте сақтай алады. Оқушыларға тыныс белгілерін саналы меңгерту үшін әдістемелік принциптерді басшылыққа алудың мәні зор. Қазақ пунктуациясын оқушыларға саналы да берік меңгерту принциптері қазақ пунктуациясын қызметі

мен негізіне қарай және оқушылар мен мұғалімдердің жұмысына орайластыра анықталады. Жоғарыда айтқанымыздай қазақ пунктуациясы тілдің ішкі заңдылықтарына сүйеніп сөздерді сөйлемге, сөйлемді белгілі-бір бөлшектерге бөліп, ажыратып жазу және оларды дұрыс мәнерлеп, нақышына келтіріп оқуға, оған қоса жазылған ойды немесе ойдың бөлшегін дұрыс түсінуге мүмкіндік жасайды. Қазақ пунктуациясы мағынаға, грамматикаға, интонация - интонацияға негізделіп қойылады.

1. Оқушылар пунктуацияны жете білу үшін алдымен қандай грамматикалық заңдылықтарға байланысты, қандай тыныс белгілері қойылатыны, қандай ережелердің барын білуі тиіс.
2. Қандай тыныс белгілердің мағынаға ғана негізделіп қойылатынын.
3. Қандай тыныс белгілердің интонацияға ғана негізделіп қойылатынын білу шарт.

Мұнан кейін оқушылар тыныс белгілері қойылып жазылған мәтінді дұрыс оқуға жаттығады. Мұғалім айтқан немесе берілген мәтіннің тыныс белгілерін дұрыс қойып жазуға жаттығу керек. Бұл үшін оқушылар оқулықта берілген тыныс белгілері жайындағы ережелерді және мұғалім түсіндірген білімді саналы меңгеріп, ұсынылған жаттығу, дағдыландыру жұмыстарын үнемі орындап отыруы қажет. Міне осы айтқандарға сүйене отырып қазақ пунктуациясын оқушыларға меңгертуде басшылыққа алатын әдістемелік принциптерді былайша саралауға болады: Грамматикалық принцип дегеніміз тыныс белгілерін грамматикалық ереже негізінде қолдану. Грамматикалық принципті басшылыққа алған оқушылар алдымен сөйлемнің құрылысы мен құрамын және оның түрін ауызша талдай білуі шарт. Содан кейін сөйлемнің құрылысы мен құрамына және оның түрлеріне қарап сол сөйлемді жазарда қандай грамматикалық ережелерге сүйеніп қандай тыныс белгілерін қоюдың қажеттілігін алдын-ала ойластырып алу керек. Содан кейін мұғалім сол сөйлемді жазуды талап еткенде белгілі-бір тыныс белгілерін қою жөніндегі өз ой-қорытындысына көзі жеткеннен кейін ғана жазу процесінде сөйлемнің керек жеріне тиісті тыныс белгілерін қойып жазуына болады. Сөйлемді жазып болғаннан соң оны мұғалім соңғы рет оқығанда өзі іштей тағы бір рет оқып қайған тыныс белгілерінің дұрыс-бұрыстығын тексеріп жөндейді. Ал кейбір оқушылар сөйлемді немесе бүкіл мәтінді әбден жазып болған соң тыныс белгілерін қояды. Зерттеушілердің айтуынша бұл зиянды машық. Себебі кейбір синтаксистік тұлғаны тек ережеге ғана сүйенбей, интонацияға қарап ажыратуға тура келеді, әсіресе қаратпа сөздермен сілтеу есімдіктерінен болван баяндауыштар сөйлемнің интонациясына арап ажыратылуды қажет етеді. Оқушы мұндай сөйлемдердің тыныс белгілерін сөйлемді жазып отырып қоймаса, сөйлемді немесе мәтінді жазып болған соң, оны қоя алмай қалуы мүмкін. Оқушы сөйлемді өздігінен оқығанда кейбір синтаксистік тұлғаларды ажырата алмай және оның тыныс белгілерін қоя алмайды. Мұндай кемшіліктерді болдырмау үшін тыныс белгілерін сөйлемді жазу процесінде қоюды оқушылардан талап ету керек. Қазақ тілінің тыныс белгілерінің көбі грамматикалық ережелерге сүйеніліп қойылады. Әсіресе сөйлемнің бірыңғай мүшелері, құрмалас сөйлемнің түрлері, төл сөзбен баяндауыш т. б. синтаксистік тұлғалардың тыныс белгілері грамматикалық ережелерге негізделіп қойылады. Бұл сияқты синтаксистік тұлғалардың тыныс белгілерін дұрыс қойып жазу үшін олардың өзіндік грамматикалық белгілерін оқушылар білуі керек. Мұнсыз олар

сөйлемді түр-түріне бөліп ажырата алмайды. Сол сияқты сөйлемнің бірыңғай мүшелерін немесе төл сөзді, олардың тыныс белгілерін қоя алмайды. Сондықтан қазақ тілінің тыныс белгілерін жете білу де грамматикалық принципті басшыға алудың мәні зор.

Тыныс белгілерін меңгеруде мына сияқты принциптер басшылыққа алынады:

1. Грамматикалық принцип.
2. Мағыналық принцип.
3. Интонациялық принцип.
4. Тыныс белгілерін атқаратын қызметіне сай оқу принципі.

Қазақ тіліндегі тыныс белгілерін толық меңгеруде, түрлі көрнекі құралдар пайдаланылады. Сөйлем соңында және ішінде келетін тыныс белгілерінің өзіндік белгілеріне сай мәтіндерді сұрыптайды. Көрнекі практикалық және теориялық әдістерді қолдана отырып әр бір тыныс белгіулерінің өзіндік ережелерін түсіндіреді. Пунктуацияға сай жаттығу жұмыстары іске асырылады.

Осы методикалық жүйе мына сияқты тақырыптар методикасы баяндалады:

1. Сөйлем саптаула келетін тыныс белгілерін оқыту методикасы.
2. Сөйлем соңында келетін тыныс белгілерін оқыту методикасы.
3. Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілерін оқыту методикасы.

Тексеру сұрақтары.

1. Пунктуацияны оқытуда қандай принциптер іске асырылады?
2. Пунктуацияны оқытудың жүйесіне мысал келтіріңдер?
3. Пунктуацияны оқытуда қандай жаттығу жұмыстары іске асырылады?

Тірек ұғымдар.

Пунктуация – тыныс белгілер туралы ілім.

Тыныс белгілерінің орны сөйлем соңында және сөйлем ішінде келеді.

Тақырып. ТІЛ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МЕТОДИКАСЫ

Жоспар:

1. Тіл дамытудың мақсаты мен міндеттері.
2. Тіл дамыту жұмыстарының мазмұндық-құрылымдық жүйесі.
3. Тіл дамытудың ауызша-жазбаша жұмыс түрлері жүйесі.
4. Мазмұндама жұмысының мақсаты мен жүйесі.

Қазақ тілі- мемлекеттік тіл. Олай болса, қазақ ұлт мектебінің негізі де, арқауы да –ана тілі. Ана тілі- мектепте тек пән ретінде оқытылып қоймайды, өзге пәндердің бәрінен де білім беруге және ондағы бүкіл тәлім-тәрбие, қоғам жұмыстарын жүргізуге негізгі қатысым құралы есебінде қызмет етеді.

Ана тілін оқытудың бір мақсаты- балаларды жүйелі сөйлеуге, ана тілінің тілдік құралдарын сапалы түрде жұмсай білуге үйретеді.

Қазіргі мектеп бағдарламасында тіл дамытуға ерекше назар аударып отыр. Бұл - өмір талабынан, тұрмыс қалауынан туындаған мәселе. Қоғамның, оның мүшелерінің жалпы мәдениеті көтерілген сайын өмірдің сан – саласында қолданылатын тілдің мәдениеті де көтеріліп, сөйлетіп я жазатын ойды әрі айқын, әрі жатық, әрі мәнерлі етіп жеткізе білуді қалайды. Бұл үшін оқушының тілін ауызша да, жазуаша да дамыту қажет.

Ана тілін дамытудың ғылыми дәрежесін көтеру мәселелерінің бір жағы қазақ тіл біліміне, екінші жағы дидактикаға байланысты. Қазіргі тіл ғылымы анатілін мектепте оқытуға қажетте мәселенің ғылыми жағынан айқындап, тұжырымдап берді.

Бұл құралдың мақсаты оқушының мазмұндама арқылы оқушылардың сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту әдістемесін жасау болды. Онда:

- сөйлеу (ауызша, жазбаша) тілі туралы мәселенің ғылыми теориялық мәселелерін анықтау;
- сөйлеу тілінің қазақ тілі пәнін оқытудағы мазмұнын, икемділіктері мен дағдылар белгілеу;
- ауызекі және жазбаша түрін дамытудың тиімді әдіс – тәсілдерін нақтылау;
- мазмұндама жүргізудің әдістемелік жүйесін жасау.

Ауызша сөйлеу тілі мен жазбаша тіл өте тығыз байланысты, өткені ауызекі сөйлеу тілі мен жазбаша тілде қолданылатын тілдік тұлғалар бір. Тілдік тұлғалар сөйлеу тілі мен жазбаша тілде бір мәнде қолданылады, олардың тілде атқаратын жалпы қызметінде де өзгеріс болмайды. Сондықтан сөйлеуге үйретуде тілдік тұлғалармен ауызша да, жазбаша да жаттығу жүргізіледі.

Мазмұндама жұмысының мақсаты мен жүйесі.

Практикалық әдістің бірі – мазмұндама. Жүргізілетін түрлі мазмұндама жұмыстары оқушының тілін байытуға, сауаттылық, әдеби тіл нормасында сөйлеуге, жаза да білуге көмектеседі.

Мазмұндама жаздырудағы негізгі мақсат – оқушылардың жазатын жұмыстарын терең түсіне отырып, долардың тілдік құралдарына, сөздік қорына, сөз таңдау, сөйлеудегі сөздердің орнына, көркемділігіне, бейнелелігіне тназар аударып, өз ойын жүйелі айтып, не жазып беруге машықтану болып табылады.

Оқу бағдарламасында: “мазмұндамалар мен шығармаларда сөздерді таңдап, дұрыс қолдану, сөз тіркестері мен сөйлемдерді дұрыс құра білу, әрбір сыныпта жетілдіріп отырады”, - ол көрсетеді.

Жалпы алғанда, қазақ тілі сабағында мазмұндама жазу жұмысында мынандай талаптар қойылады:

1. Әңгімеленген тақырыптың мазмұнын, көлемін, жүйесін анықтау;
2. Мазмұндаманы ауызша да, жазбаша да жүргізу;
3. Жұмысында басы артық ойлар емес, мәселенің негізгі түйінін ажырата білу;
4. Мазмұндама жұмысының тақырыбына лайықты өз көзқарасын, ойын білдіріп, жаңа пікір қосуға баулу;
5. Мазмұндауда тақырыбына сәйкес материал жинап құрастырып, әңгімелеу білу;

6. Жазған мәтіндерін өндеп толықтырып, қайта жетілдіріп жазуға үйрету;

7. Сауатты сөйлеп, қатесіз жазуға баулу т.б.

Мазмұндамаға байланысты әдебиетерді талдап, озат мұғалімдердің тәжірибесіне қарағанымызда қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы мазмұндау ждұмысының мақсаты мен орындалу түріне қарай екі топқа бөліп қарастырылады.

1. Ауызша мазмұндау.

2. Жазбаша мазмұндау.

Мазмұндаманың мектептегі жиі қолданылатын түрі – мәтін мазмұнын ауызша баяндау. Жалпы оқушылардың оқуы бар да, оқиганың мазмұнын түсіну және оны өз сөзімен айтып беру бар. Мектеп тәжірибесінде оқушы оқиға, мазмұнын өз сөзімен айтып беруге қиналады онемесе айтып бере алмайды.

Тіпті кейде нашар мәнерлеп оқи тұрса да, жақсы мазмұндау білмейді. Мұндай нәтижелер мәтінмен жұмыстың бір жақты жүргізілетіндігінен болуы мүмкін. Атап айтқанда оқу мен оқыған мәтін мазмұнын баяндау екеуі тең дәрежеде жүргізіліп отырылса, сыңаржақтық кездеспейді.

Мазмұндаманы бастауыш сыныптарда жүйелі түрде бастаған жөн. Алғашқы кезде шағын жұмыстардан бастап, жүйелі жүргізіліп, кейіннен көлемі де күрделене түсе оқушыларға қиындық байқалмайды. Мәтін мазмұнын түсініп, оны айтып беруге даярлауда жеке сөйлемнен бастаған орынды. Тақтаға шақырылған оқушы мұғалім оқыған сөйлемді тақтаға жазбастан бұрын, сол сөйлемді жатқа айтқызып, жатттықтырылуы қажет. Оқушы сөйлемді қайыра айтып бере алмаса, жеке сөздерді түсінугі мен түсінбеуіне назар аударылып, түсініксіз сөздердің мәні түсіндіріледі. Немесе мұндай жеке сөйлемдерді өз сөзімен, негізгі ой сақтап айтып беру талап етіледі. Әсіресе жеке сдөйлемді жаттап алу дағдысының қалыптасуы диктант пен мазмұндама жазғанда үлкен көмегі болмақ.

Жеке сөйлемі ұғыну дағдысы қалыптастырылғаннан кейін, оқушыны шағын, қысқа мәтінмен жұмыс істеуге дағдыландырады. Яғни шағын мәтіндер оқытылып, мазмұны айтқызылады.

Кейде мұғалімдер мұндай жұмыстарды жүргізуде мына сияқты тмәсілдерді пайдаланылады. Тақтаға екі оқушы шақырылып, мәтін оқылады да, екіншісіне мазмұнын айтып беру талап береді. Осылайша басқа кісі оқыған мәтіннің мазмұнын айтып беруге дағдыланады. Сондай-ақ мұндай формада жаттығу жұмысын жүргізуге бірнеше амал бір мезгілде атқарылады:

Бір мәнерлеп оқу, екіншісі – жаттау, үшіншісі – ауызша мазмұндау.

Оқығанның мазмұнын баяндатуда жүргізілетін жұмыстың тағы бір түрі оқушы мәтінді іштей оқып алып, оны өзінің түсінген сөзімен айтып беру. Оқушы кітаптан көрсетілген мәтінде өздігінен іштей оқып шығады, соның мазмұнын айтады. Бұл жұмыстар ауызша да, жазбаша да орындаттырылады.

